

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**2/2011**      **АҚПАН**

## МАЗМҰНЫ

### Таным табиғатында

**Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ.** Рим мен көне түркі әдебиетінің сарындастығы, үндестігі .....3

### Білім және ғылым министрлігінің назарына

**Жандос СМАҒҰЛОВ.** Мәртебелі мамандыққа мән беру керек.....13

### Көкейкесті көзқарас

**Мәкеш МҰҚАМБЕТҚАЛИЕВА.** Құзыреттілікті қалыптастыру – жеке тұлғаны дамытудың басты кепілі....26

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Айнаш ІЛИЯСОВА.** Үстеудің емлесі.....34

**Мадина ДҮТБАЕВА.** Морфология тарауы бойынша тест.43

**Мейрамгүл РЫСБАЕВА.** Белгісіздік есімдігі .....46

**Айтқұл ЗАРУБЕКОВА.** Сан есім тақырыбына тіл ұстарту ....50

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Құрмангүл БАЯХМЕТОВА.** «Бағаналы терек...» өлеңі .....53

**Айгүл ЖЕКСЕНОВА.** «Қырық өтірік» ертегісі .....57

**Бибігүл БАТЫРОВА.** Ілияс Жансүгіровтің «Әнші» өлеңі.....61

<b>Меңдігүл НҰРПЕЙІСОВА.</b>	Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады» .....	66
<b>Бибігүл ӘБДІРАСЫЛОВА.</b>	Әбділда Тәжібаев. «Сырдария» .....	70
<b>Тойжан АҚБОЛАТОВА.</b>	Ахмет Байтұрсынұлы. «Қара бұлт» .....	74
<b>Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы</b>		
<b>Марина БАЙТЕРЕКОВА.</b>	Мұқағали – ғажайып тұтас бір әлем .....	78
<b>Ғазиза ҚАСЫМОВА.</b>	Аққудың қанатына жазылған жыр .....	82
<b>Элвира АЙДЫНАЛИЕВА.</b>	Өлең өлкесінің дарабоз дарыны .....	84
<b>Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА.</b>	Ақиық ақын Мұқағали .....	89
<b>Салтанат ҚАРЖАСОВА.</b>	Мұқағали рухымен сырласу .....	92
<b>Оқулыққа қосымша</b>		
<b>Әділет ҚАБЫЛОВ.</b>	Ирония табиғаты .....	93
<b>Мейірімгүл ТӨЛЕУП.</b>	Себеп-салдарлық қатынастардың шығыс септік жалғауы арқылы берілуін функционалдық синтаксис тұрғысынан қарастыру .....	102
<b>Ғазиза ИМАНАЛИЕВА.</b>	Қазақ тіл біліміндегі эмоционалдық пен экспрессивтілік.....	112
<b>Қызықты грамматика</b>		
<b>Дариха БЕЙСЕНОВА.</b>	Сөйлем мүшелерінен өткенді қайталау..	118
<b>Жас ғалым зердесі</b>		
<b>Сая ЕРАЛИЕВА.</b>	Баспасөз тілі және жергілікті ерекшеліктер.....	122
<b>Алуа МҰХТАРИХАНОВА.</b>	«Сырдария» романындағы жергілікті ерекшеліктердің сипаты .....	126
<b>Жас маманға жәрдем</b>		
<b>Айгерім ТАЛДЫБАЕВА.</b>	Жеткіншек жасындағы оқушылардың психикалық дамуы, ерекшелігі .....	130
<b>Жаңылқан КӨКЕНОВА.</b>	Есімшенің тәуелденуі .....	133
<b>Гүлнар ОТЫЗБАЕВА.</b>	Тест (5-сынып).....	135
<b>Шырын ҰЗАҚОВА.</b>	Омоним, синоним, антоним.....	138
<b>Айкөркем ЖҰМАҒАЛИ.</b>	Абайдың табиғат лирикасы.....	140
<b>Балауса жыр бағында</b>		
<b>Есқара БЕЙБІТОВ.</b>	Жүрегімнің лүпілі.....	142

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақпырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,  
Глияс Жансүгіров атындағы  
Жетісу мемлекеттік университетінің  
профессоры, ф.ғ.д.

## РИМ МЕН КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНІҢ САРЫНДАСТЫҒЫ, ҮНДЕСТІГІ

Қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының “Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған. Еуропадағы басқа жұрттар алған” дегені – тарихи факт [1.144].

Антикалық әдебиеттің бүкіл әлемдік мәдениетке әсері болғаны анық болса, дегенмен, өз уақтысында көне дәуірдегі Қазақстан жерінде мекен еткен ата-бабаларымыздың да Грекия мен Римге өз әсері болғанын жоққа шығаруға болмайды. Соңғы зерттеулерде Шығыс мәдениеті, шумерлердің, аккад-хуррит мәдениеті, оның ішіндегі қазақ халқының арғы ата-бабалары скиф-сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, Тұран елдері мен т.б. ру-тайпаларының да айтулы әсері мен байланысы болғандығы туралы зерттеушілердің ой-пікірлерін жасыра алмаймыз.

Тағы бір атап өтетін маңызды дерек – “Ежелгі дүние тарихы” оқулығында Геродот, Страбон, Тацит еңбектеріне сүйене отырып айтқан, Рим территориясында мекен еткен, Рим мәдениетіне үлкен әсерін тигізген **этрускілердің** Кіші Азия жерінен ауып келгендігі жөніндегі пікір. Ал солардың ішіндегі қазақ халқының арғы ата-бабалары скиф-сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, найман, т.б. ру-тайпаларының да болуы да ғажап емес. Ол пікірді (Этрускілердің Шығыстан келгендігін) прогресшіл орыс тарихшысы В.И.Модестов (1839-1907)

мейлінше нанымды да беделді түрде дәлелдеп шықты. Совет тарихи қоғамында этрускілердің шығу проблемасы 1930 жылдары жіті талқыланған болатын, ол кезде академик Н.Я.Мартр бастаған совет ғалымдар тобы этрускілердің автохтондық шығу тегі туралы гипотеза ұсынған-ды. Алайда ежелгі рим тарихынан совет мамандарының көпшілігі (В.И.Сергеев, Н.А.Машкин, С.И.Ковалев те) өмірінің ақырына қарай этрускілердің шығу тегінің шығыстығын, яғни, кіші Азиялығын мойындауға ауысты. Ең ықтималы (С.И.Ковалев жазғандай), Кіші Азияның батыс бөлігінен қоныс аударған тиррен мен жергілікті умбр және лигур халқының қосылып бірігуінен этруск халық тобы пайда болғандығы. Қоғамның үстемдік етуші жігі Кіші Азиядан шыққан ұрпақтардан тұрды. Бұл, бір жағынан, этрускілер үшін Апеннин түбегі халқының алдыңғы бөлігіне мәдени жағдай жасады да, олардың саяси күш-қуатының тез өсуіне жол ашты. Алайда шұғыл әлеуметтік теңсіздік сыртқы жаулармен күресте этрускі қоғамы бастан өткізген алғашқы елеулі сілкіністерде білінбей қалмады. Италия халық топтарының арасындағы этрускілердің саяси және мәдени көсемдігі жоғалды да, әуел баста гректерге, ал біраз кейінірек Рим бастаған италия құл иеленуші қалаларының қуатты бірлестігіне көшті [2.264].

Антика әдебиетінің 1200 жылдығының ішінде Рим әдебиетінің қалдырған әдеби мұрасы айтарлықтай болса, оның грек әдебиетінен 500-600 жылдық кішілігі бар. Дегенмен, кеш келсе де Еуропа елдеріне, оның ішінде *ренессанс* дәуірінің (үдеу дәуірі, **ояну** дәуірі деп те атайды) келуіне үлкен септігін тигізгендігін жоққа шығаруға болмайды. Көне, кейінгі кезең-дегі Грекия тәрізді көне Рим де Еуропа тарихында ғана емес әлемдік мәдениет пен әдебиет, өнер туындыларына ерекше әсерін тигізді. Ал Грекияның бірінші аталуы да заңды, өйткені Грекия Шығысқа жақын болды және көп мәдени құндылықтарды да ең бірінші болып сезінді, әсер алды. Кейін осы үрдіс Римге

ауысты. “Рим тарихнамасының басы Рим мемлекеті қуатты Жерорта теңізі державасына айналған б.э.дейінгі II ғасырға жатады. Римнің Греция мен эллиндік мемлекеттерді жеңіп алуы грек ықпалының күшеюіне жол ашты. Қалаларда құлдар мен тұтқындар арасынан жақсы білімді гректер шықты. Рим нобилдері үшін грек тілін, ғылымы мен өнерін білу міндетті болды. Алайда Рим қоғамы эллиндік дүние мәдениетін жайдан-жай өз бойына сіңіре алмады, одан Рим мемлекеттік өмірінің нормаларына, дәстүрлеріне, мораліне жататындарын ғана алды” [3.216].

Мұрат Аджидың “Европа, тюрки, Великая степь” еңбегіне көңіл қойсақ, онда былай делінген: “Почему первой стала Древняя Греция? Она была ближе к Востоку. Позже Рим, перехватив торговые пути на Средиземноморье, оттеснил греков от живительных восточных дорог... Собственно, вокруг Средиземного моря и складывалась европейская цивилизация. Морской транспорт был ее кровеносной системой. В Греции, в Риме строили суда. Они, и только они, связывали с другими странами, усиливая мощь государства. Вот почему границы Древней Греции не уходили далеко от моря – крупные города были, как правило, у побережья. Римляне добились того, чтобы “все дороги вели в Рим”, но было этих “всех дорог” от силы две-три, по ним изредка проползали колымаги, шли рабы с поклажей на плечах.

Европу символизировал парус, с колесом она не дружила. Так продолжалось до IV века, пока не появилось кибитки и брички **кипчаков**. Стоит подчеркнуть – прибыли тюрки не по морю, как “ходили” во всей Римской империи, а посуху! Очень важная деталь. Принципиальная, многое объясняющая. Например, почему именно в степях Центральной Европы селились первые тюрки. Почему они не стремились к побережью...

А брички их были отменны. Запряженные парой или тройкой лошадей, они заполнили нехоженое пространство глубинной Европы. Дороги им не требовались. Бричка – технически совершеннейшее изобретение той эпохи. Ее конструкция легка и надежна.

Действительно, столько написано о “дикости” кипчаков и почти ничего об их технической сноровке. Упущены любопытнейшие “мелочи”, которые как раз и показывают, почему турки совершили то, что было не под силу другим народам... Случайностей в жизни бывает. Особенно если речь идет о Великом переселении народов” [4.128] делінсе, Европаны, соның ішінде жеңілмейтін, “мәңгі қала – Римге” қауіп төндірген Атилланың жорығы да Римге өз әсерін тигізгенін айта кеткен жөн. Оның еуропалық әдебиеттегі орны ол жөніндегі зерттеушілер мен әдебиетші-ғалымдардың пікірлерінен үлкен орын алады.

“Ғылым мен мәдениеті қарыштап дамыған Рим империясын варварлар, яғни, герман мен хун тайпалары құлатты деген теория әлдеқашан ескірді” дейді Самат Өтенияз. Шын мәнінде 12 ғасыр өмір сүрген қасиетті Римді құлатқан христиандар еді. Жалпы Рим тарихы үш кезеңнен тұрады. Олар: **1. Патшалық Рим** – б.д.д. V ғасырға дейін. **2. Республикалық Рим** - б.д.д. V ғасырдан б.д.д. 27 жылға шейін. **3. Императорлық Рим** - б.д.д. 27 жылдан 476 жылға дейін. Римді құлатқан осы императорлық кезең, яғни, жалғыз адам билеген дәуір. Жалғыз адам билесе, бәрі бірдей сәтті бола бермейді. Сол жалғыз адамның бірі христиан шылауына түскенде іріткі басталды. Рим солдаттары ішкілікке салынып, әскер таратылды...

Рим қаласы тарихында алғаш христиан дініне кірген **Грацияның** мемлекет басына келуі, әр түрлі азғындықтар, әскерден айырылу, жалдамалы әскерлерге сүйену, бірін-бірі өлтіру, әсіресе, Рим империясының патриоттары Стилихон, Аэций сынды қолбасшыларды өлтіру, олардың балаларының

көзін жою... Осының бәрі христиан басшыларының негізгі мақсаты – Рим империясын құлату болғанын көрсетеді” [5.195]. Мұндағы айтпағымыз – Рим тарихындағы “мызғымас қаланың” құлауына, талан-таражға түсіп қирауына “жабайы”, “варварлық” деп аталып жүрген Аттиланың еш қатысы жоқ екендігі, қайта, керісінше, қала ішіне кірмей жорығын жалғастырған кемел ойлы қолбасшының тарихтағы орнын көрсету. Мұны сол тұстағы ақын-жазушылардың, тарихшылардың өздері де мойындап, Аттиланың әрекетін жақтап өлең-жырға қосқан.

Римнің әдеби-мәдени жағының күрт көтерілуі – шамамен б.д.д. II ғасырда пайда болған үрдіс. Алдындағы мәдени күштер Эртрурия, Грекия, Мысыр, Шам, Британия, Испания т.б. елдерінің әсерінен Рим халқы жаңа жоғары рухани сатыға көтерілді. Өзінің тек рухани жағынан ғана емес, күшті әскери құрамы арқылы бүкіл Еуропаны қол астында ұстады. Осы кезде шамамен бір ғасыр төңірегінде Рим империясы Хун ордасымен байланыс орнатады. “Хундар - ертеде Қытай жерінде, яғни, Шығыс Түркістанда пайда болған халық. Шығыстағы Хун қоғамының пайда болуы – біздің эрамызға дейінгі III ғасырдың басы. Дегенмен, көптеген зерттеуші ғалымдар Хун қоғамының пайда болуы біздің эрамызға дейінгі XXIII ғасырларда” деп жорамалдайды. Қытай тарихын зерттеген Ф.Хирт хунның пайда болуын б.э.д. XXIII-XIX ғасырларға жатқызады.

Оның бұл пікірін басқа көптеген ғалымдар қолдады. Хун ордасының ең күшейген тұсы – б.э.д. III ғасырдың ақырында Тума мен оның баласы Модэнің басшылық құрған уақыты. Б.э.д. 209 жылы Тума өлгенде оның баласы Модэ өз әкесінің орнына таққа отырған. Қытай империясы Модэ тұсында Хун ордасына бағынуға мәжбүр болды, көп уақыттар бойы салық төлеп тұрды. Дегенмен, б.д.д. I ғасырдың ақырында Қытай империясы Хун ордасын талқандаған. Сол себепті хундар екі бөлініп, бірі Қытай империясы құрамында қалып, ал екінші

бөлігі қазіргі Қазақстан жеріне, батысқа қарай жылжыған” [5.13].

Осы тұста тарихи аренаға Солтүстік хундардың арасынан Чжичже шығады. Ол Қытайдың басқыншы саясатына қарсы шығу үшін үйсін, қаңлы, хун тайпаларын біріктіріп, батысқа қарай ұлы жорықтар жасап, күшті елге айналады. Өзінің ордасы етіп Талас қаласының іргесін қалайды. Ордасы күшейіп, өзге мемлекеттермен байланыс орнатып, оның ішінде **Рим империясының аузы дуалы Юлий Цезарь, Октавиан Августо** секілді басшыларымен жақсы қарым-қатынас орнатқан. Оның белгісі есебінде, тарихшылардың айтуынша, хундар астанасы Таласта Рим әскерінің бірнеше легионы орналасқан. Осыны байқаған Қытай елі Чжичжеге тосқауыл қою мақсатында орасан көп әскер шығарып, б.д.д. 36 жылы Талас қаласын талқандаған.

Әлкей Марғұланның айтуы бойынша, ғұндардың тарихы мен салт-дәстүрлері туралы рим ақын-жазушылары, тарихшылары өз еңбектерінде көп тоқталған. “Ғұндар, өзінің тарихи дәстүрі бойынша, байтақ сахарадан Европа жеріне ауып барғанда осы архитектураны өзімен бірге апарып, Дунай өзенінің бойында тастан дөңгелете жасаған үйлерді көп тұрғызады. Мұны жақсылап жазып қалдырған рим жазушылары Менандер, Приск, Прокопий, Феофилакт Симокатталар. Сонымен қатар олар ғұндардың әлеуметтік тәртібін, Орта Азиядан алып барған мәдениет мұрасын, халықтың ерлік сипатын әңгімелеген. Архитектура туралы Прокопий: “На море гунны выстроили выступы (қоршау қамал), которые они называют Мола. Местность между морем и стеной они загородили постройками” деп жазған.

Осындай ескі дәуірде жасалған қамалдың қалдығы Х-ХІ ғасырдың басына дейін Көкшетау облысында Жақсы, Жаңғызтау көлінің бір жарты аралында сақталып келген. Тұтасынан қоршалған қамал төрт бұрышты порфир таспен



қаланған, қалыңдығы екі-үш метрдей әрі биік болған, бірақ жел үріп, су шайып жермен-жексен еткен.

Феофилакт Симокатта ғұндардың бір тайпасы ауарлар туралы жазған. Ауарлар қырдан ауып, 560 жылы Дунай өзенінің бойында отырған туыстары - ғұндарға қосылады. Мұнда келген соң олар өздерін “ауар” деп атады, мәнісі ауып келуден шыққан (орысша “авар”- ауар (переселенцы)). Ауарлар Еуропаға келісімен Дунай өзені бойында тастан қалап шығарған дөңгелек үйлерді, берік қамалдар сала бастады. (“Кругообразные земляные укрепления, кольца”). Жазушының айтуынша, Карл Великий әскер жіберіп, ауарлардың дөңгелек қамалдарын тегісімен қиратады.

А.Гильфирдиннің көрсетуінше, ғұн-ауарлардың дөңгелек үйлерін немістер “хиринга” деп атады. Оның сырты арық суымен қоршалатын болған. “В этом круге хранились несметные богатства, полученные ими (гуннами) в день от византийских императоров. Следы этих укреплений находятся доселе в разных местах Венгрии” [5.306,308] дейді зерттеуші.

Әдемі сарайлар, храмдар, берік қамалдар, тастан салған дөңгелек үйлер Орхон жазуында да айтылады деген дерек көздері бар.

Қазақ үйлердің салыну ерекшелігі туралы айта келе, оның грек-рим амфитеатрларына ұқсас келетінін көрсетеді. Атақты географ Асқар Пешельдің айтуынша, сахарада киіз басып, күмбез үй тұрғызу, биенің сүтінен қымыз жасау, қой өсіріп, түйені көлік орнына пайдалану – Орта Азиядағы халықтардың байырғы ісі болған (А.Пешель. “Сибирский сборник”, под редакцией Н.Ядринцева, 1887, 79-б.). Шынында, Асқар Пешель айтқандай, бір сызықпен салатын тас (ағаш, кірпіш) үйден геометриялық нақышпен дәл келтіріп шар тәрізді киіз үй жасау қиынырақ еді. Бес қанат күмбез үйдің сағанағын, торларын дәл келтіріп, оны

шанырақ пен уыққа тап келтіріп шығару үлкен шеберлікті көрсетеді. Киіз үй жасаудағы ерекшеліктің бірі – оны көлбеу бағытымен келтіре білушілік. Бұл - әрине, өте тапқырлық. Мұндай күмбез, шар тәрізді пішінді пайдалану ерте кездегі грек-римдердің үй жасау тәжірибесінде “амфитеатр” деп аталған [6.308].

Рим тарихшысы Диодордың айтуынша, скиф тәңіриесі Зевс жерден туып, оның жары белінен төмен қарай жылан кейіптес таңғажайып әйелі болғандығын, олардың жұбайлық қатынасынан Скиф атты баланың дүниеге келгендігін айта кеткен. Ал осы Скифтен Пал мен Нап деген бала туған деген деректер рим тарихшыларының еңбектерінде орын алған.

Ғұндарға ұлы тотем болғандар – Көк бұқа, Бөрі, Марал. Рим жазушыларының ғұндардан жазып алған бір аңызы бойынша, “Оларға елес беріп, жол көрсетіп отыратын сұлу ақ Марал” болған. Мэотіс батпағында аң аулап жүрген бір топ ғұндар батпақтан шыға алмай көп қиындықтар көреді. Сол кезде кенеттен бір сұлу Марал кездесіп, батпақтан кесіп өтіп, көлдің ар жағына шығып тұрады. Оған таң қалған аңшылар Маралдың ізімен бірге өтеді. Олар шыққан кезде ақ Марал көзден ғайып болады. Бұл аңыз Рим жазушыларына үлкен әсер етіп, кейбір сюжеттерді еске түсіріп отырады.

Ғұндардың мал шаруасына, рухани тіршілігіне зор әсер етіп аңызға айналған тотем – бұқа. Бұл аңыз найман елінде сақталған. Ғасырлар бойы оларға таңсық болған “Көк бұқаның күйі” әлі күнге Ертіс бойында, Алтайда ұмытылмаған.

Ең ғажайып нәрсе күміс табақтың бетіне түсірген Көк бұқаның суреті Ноин-Ұлы обасын қазғанда содан шыққан. Біздің заманымыздан екі ғасыр бұрын оны ғұн шеберлері күміске ойып түсірген. Бұқа – мал өсірудің бір алыбы. Ол өзі ақылды, өзі алпауыт, суы мол, шөбі шүйгін жерді күні бұрын болжап біледі. Латын жазушысы Ермий Созоменнің

айтуынша, “күндерде бір күнсәйгелден мазасыкеткен бір бұқа көлді жүзіп өтіп, судың арғы бетіне шығады. Байқаса, ол жер созылып жатқан бір жойқын өріс, оны еліне келіп айтады”. (Бір ескерер жайт – грек аңызындағы **Зевстің сұлу Еуропаға** ғашық болып, аппақ өгіз кейпіне еніп, адам секілді ойлап, оны алып қашатын, теңізден өтіп, Крит аралына барып тұрақтауы екі аңыздың сарындастығына еріксіз мойын бұрғызады- **И.М.**).

Қытайдың хань дәуіріндегі ескі жазулары бойынша, ғұндар баласының атын “Окр” деп қоятын болған. Бұл – өгіз сөзінің бір түрі. Окр, Өкіреш – наймандардың ескі дәуірдегі бір тайпасының аты.

Бір таңсық нәрсе, ғұндардың балаларын ардақтайтын аяулы сөздері: “Ай мүйізді ақ қошқарым бастаған отарлы қойым сенікі болсын, қамыстай сүйір құлағының шетінде қара меңі бар мөлдір көзді боз айғырым бастаған ұлан-байтақ боз жылқым сенікі болсын, шудалары төгілген, түсінен кісі шошитын, қара бурам бастаған отарлы түйем сенікі болсын, мүйізі қарағайдай, бөрі келсе оны жармай тыныш алмайтын көк бұқам бастаған малым сенікі болсын” дегені [306, 361], көне халықтардың ішінде грек, латын, рим елдерінің ортақ таным-түсініктері болғанынан хабардар етеді.

Деректерден Рим империясының алыста жатқан қазақ даласындағы, халқының жеріндегі сонау көне ғұндармен араласуларының алғашқы қадамын аңғарсақ, одан кейінгі кезеңде де олардың бір-біріне әсері мәдени, әдеби байланыстардың туындауына әкеліп соққанын көре аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. А., «Атамұра», 2003.
2. С.Өтенияз. Аттила. А., «Арыс», 2000.
3. Н.Келімбетов. Көркемдік дәстүр жалғастығы. А.,

«Елорда», 2000.

4. М.Аджи. Европа, тюрки, Великая степь. М., “АСТ”, 1994.

5. Зарубежная литература средних веков. М., “Просвещение”, 1975.

6. Ә.Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. А., «Жазушы», 1985.

---

*Күлгіңіз келсе - күліңіз!*

---

### «ӘЗІЛДІ ДЕ БІЛМЕЙСІЗ БЕ?»

Қожанасыр бірде таудың тіп-тік құз жолдарымен қиналып түсіп келе жатып:

- Иә, құдай, өзің жар бол, осы қиын-қыстау жолдарыңнан аман өткізсең, сенің жолыңа бір қошқар құдайы,- депті.

Таудың тік жолдарынан аман-есен түскен соң Қожекең:

- Есен-аман түстім ғой, енді қошқар қайда, құдайды да бір алдадым ғой,- дей бергенде, есегі сүрініп кетіп құлап түсіпті.

Сонда Қожанасыр құлап жатып:

- Иә, құдай, әзілдеп айтып едім, әзілді де білмейсіз бе? - депті.

*(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987, 95-бет.)*

---



**Жандос СМАҒҰЛОВ,  
Қарағанды мемлекеттік  
университетінің  
профессоры, ф.ғ.д.**

## **МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚҚА МӘН БЕРУ КЕРЕК**

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілген көкейкесті мәселелердің бірі - мектептердегі мұғалімдердің мұқабасын азайтып кетуі болды. «Гендерлік теңсіздік, мамандықтың феминизациясы (83,1% мұғалім әйелдер) байқалып отыр. Төмен жалақы (еліміздегі орташа жалақының 60%-ға жуығы), педагог мамандығының беделінің болмауы жоғары білікті мамандардың бұл саладан кетуіне ықпал етеді. Инженер педагогикалық қызметкерлердің мәртебесінің төмен болуы техникалық және кәсіптік білім беруге жоғары білікті кадрларды тартуға мүмкіндік бермейді» деп атап та көрсетілген. Біздің ойымызша, қазақстандық білім беру саласының әлі де болса бәсекеге қабілетсіз болып отыруының бір сыры осында жатыр.

Астана қаласында мұғалімдердің дәстүрлі тамыз конференциясында ерекше сөз болған және республикалық ұстаздар қауымын елендеткен өзекті мәселе де осы мұғалімдердің мектептерде өте азайып кеткендігі туралы

болды. Білім және ғылым министрлігінің экс-министрі Жансейіт Түймебаевтың сонда айтылған сөзіне сенсек, республика бойынша ер мұғалімдердің саны пайыздық өлшемге шаққанда 15%-дан аспайды екен. Шынтуайтына келгенде, бұл – қоғамдық, әлеуметтік қана мәселе емес, әрі-беріден соң ұлттық та мәселе. Ол БАҚ-та, жиі болмаса да, ауық-ауық сөз болып қалатын. «Егемен Қазақстан» газеті осы бір өзекті проблемаға айрықша көңіл аударып, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қанипа Бітібаеваның мақалалары мен сұхбаттарын жариялағанда болатын. Атақты ұстаз оқу-тәрбие және әдістемелік тұрғыдағы басқа да мәселелермен қоса, мектепті ер мұғалімдермен толықтыру кезек күттірмейтін көкейкесті проблема екенін батыл көтерген еді. Осы мақала авторының «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 2006 жылғы №2, №3 сандарында жарияланған «Оқулық туралы ойлану қажет» атты мақаласының да бұл туралы айтары аз емес. Қанипа Бітібаеваның «Мұғалімі азған елдің болашағы жоқ» деген жанайқайына Білім және ғылым министрлігі жедел құлақ аспағанымен, «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» негізгі мәселелері ескерілгеніне қарапайым ұстаздар қауымының айтар алғысы шексіз.

Соңғы жылдарда ауылдық жерлерде жоғары білімді білікті мамандардың жетіспеуі ерекше сезіле бастауынан «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы шұғыл қолға алынды. Ашығын айтсақ, бұл науқаншылдық деңгейде ғана атқарылып отыр. Әр әкім өз ауданына қанша жас маман келгені, қандай жағдай жасалғаны туралы есеп берумен шектелуде. Анығында қосымша проблемалар туғызатын осы бағдарламаға сай жұмыстарға белсене кірісуге олардың құлқы да жоқ. Бастама мен ниет жақсы болғанымен, бұл

іс-шара ауылдық жерлерде білімді жас мамандардың жетіспеуінен туындап отырған көкейкесті мәселелерді шешіп береді деп айта алмаймыз. Оған билік орындары да нық сене алмасы анық.

Нақты алғанда, басқа мамандықтармен қатар, мектеп мұғалімдерінің де жетіспеуі қатты сезілуде. Ал ауыл мұғалімдері болса қартайып бара жатыр. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» бұл мәселе «Сонымен қатар әрбір бесінші мұғалім 50 және одан үлкен жаста. Педагогтардың жалпы санынан 3 жылға дейін еңбек өтілі барлары – 13%. Жыл сайынғы жас кадрлар есебінен толығу тек 2,6 % -ды құрап отыр» деп нақты көрсетілген. Бұл дегеніміз – қауіпті құбылыс! Әсіресе, ауылдық жерлерде қазіргі таңда қажет саналатын негізгі пәндерден сабақ жүргізу деңгейі сын көтермейді. Заман талабына сай келетін білікті мамандар жетіспеуі салдарынан кейбір мектептер зейнеткер жасындағы адамдарды еріксіз ұстап отыр десе де болады. Қалай дегенмен де, қанша тәжірибелі ұстаз дегенімізбен, олар қазіргі жаңа технологиямен инновациялық өзгерістерден қалмай ілесіп отыр деп нық сеніммен айта алмасaq керек.

Жасыратыны жоқ, соның салдарынан ауылдық жерлердегі мектептердің оқушылары 9-сыныпты бітіре салысымен жаппай колледждерге аттануда. Көптеген ауылдық мектептерде 11-сыныпты тек қана төрт-бес бала ғана бітіріп отырғаны жасырын емес. Себеп-салдарына тереңдей үңілетін болсақ, оның негізгі мәнісі мектеп бітіргеннен кейінгі тесттік бақылау арқылы емтихан тапсырудан сескенгендіктен, өйткені олар өзінің алған біліміне сенімсіз. Ашық айтқанда, мектептегі білім берудің заман талабына сай келе алмай жатқандығы мен білім берудің соңғы жетістіктерін меңгерген сауатты жас мамандардың жетіспеуі

салдарынан. Әйтпесе, дана халқымыз айтқандай, «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар?». Бұның соңы алдағы бес-он жылдың ішінде ауылдық орта мектептердің дені 9 жылдық орталау мектеп болып қалады деген сөз. Олар қазір шағын жинақты мектеп аталып жүр. Қазақстанның 7576 жалпы орта білім беретін мектебінің 4288-і сондай мектеп болып саналады. Бұл 60%-ға жуық. Оның ішінде ауыл мектептері 4139 екен. Әрі қарай көз салсақ, алдағы уақытта 9 жылдыққа айналатын осы мектептердің тағдыры да көмескі қалатыны анық. Барын баласына арнайтын қазақ үшін тағы да еріксіз қалаға үдере көшу басталады. Ол қазақ халқының ұлттық мәйегі болып табылғандықтан ғана қазір әуіріммен отырған ауылдық жерлердің одан әрі құлдырауына апаратынына дау жоқ. Бұл мәселенің деңгейін халық тығыз орналасқан оңтүстік облыстардың жағдайымен салыстыруға еш келмейді. Шалғайдағы алыс аудандары мен елді мекендері көп облыстарда ол әлеуметтік ғана емес, демографиялық, ішкі миграциялық мәселелермен тығыз ұштасқандықтан да ұлттық проблемаға айналып бара жатыр. Қазақи менталитетімізді де жоққа шығаруға болмас. Жалғыз ұлын оқытудан бұрын қыз баланы сыйлап, «қонақ» деп қадірлейтін дәстүрімізге сай екі қызын оқытуға барын аямайтын ұлттық қасиетіміз де бұған өз үлесін молынан қосып отырғаны да рас.

Экс-министр Жансейіт Түймебаев мектепте ер мұғалімдерді көбейтудің бірден-бір жолы тек қана олардың жалақысын көтерумен шешілетінінен басқа ештеңе айта алмады. Бұл – жан-жақты ойланып берілген жауап деп ойлау қате. Ол – сан қырлы мәселенің әлеуметтік жағына қатысты тұсы ғана. Мұғалімдердің жалақысын көтере бергеннен «Дипломмен - ауылға» бағдарламасын да, ер адамдардың мектепке мұғалімдік қызметке баруы проблемасын да шешу мүмкін емес, өйткені сол қосылған азын-аулақ



ақшаны бағаның тұрақсыздануы бірден жеп қоятыны жалған емес. Содан келіп «Крыловтың арбасы» еріксіз тұрған жерінен қозғалыссыз қалуда. Қанипа Бітібаеваның «Мұғалім көп, ұстаз аз дейміз. Бұл мұғалімнің де кінәсі, сондай-ақ нағыз мұғалімдерді дайындайтын жоғары оқу орындары жоқтығынан. Бүгінгі таңда жұмыс істеп жатқан институт, университеттердің басым бөлігі ақша жинау үшін ғана жанталасады. Оларды бітіргендердің мұғалім болып жатқандары шамалы. Көпшілігінің айтар сылтауы - жалақы аз. Мен бұған былай деп жауап қайтарар едім. Жалақының аздығы түк те етпейді, ең бастысы - балаға деген жүрек жылуы жетерлік болуы тиіс» деген пікірінде талассыз ақиқат жатыр («Егемен Қазақстан», 17. 01. 2007).

Рас, мектепке дейінгі, орта білім беретін және ЖОО-ы қызметкерлерінің жалақыларын көтеру керек. Ол, біріншіден, қазіргі қоғамдағы мектеп мұғалімдерінің төмендеп кеткен беделін көтереді. Парламент депутаты Г.Есімбаева «Егемен Қазақстан» газетіне (07. 03. 2009) берген сұхбатында 2010-2011 жылдары бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жалақысының пайыздық өсуі мәселесіне тоқтала келіп: «Бірақ, біздің айтып отырғанымыз, қазір жалақыны қалыптастыру жүйесін түгел қайта қарап өзгерту керек. Оны өзгертпейінше, еселеп өсіргеніміздің әсері болмайды» деп атап көрсетті. Біз сөз етіп отырған тақырыпқа сай депутатаханымың «Мәселе пайызда емес, мәселе жүйеде. Мысалы, мұғалімдерді алайық. Оның ставкасына, жүктемесіне қарай өсіп отыр. Ал біздің айтып отырғанымыз, түгел жүйені өзгерту керек, оны нарықтық экономикаға қарай сәйкестендіру керек. Соның қорытынды нәтижесі есептелуі тиіс... Ал тура қазіргі жағдайда, тура қазіргі жүйеге қарап оны еселеп өсіргенімізбен біз қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз» деген пікірінде талассыз шындық жатыр.

Екіншіден, осы жалақыны жаңаша қалыптастыру

жүйесі ЖОО-ындағы пара алушылық пен коррупцияға тоқтау салуға түбегейлі әсер етері сөзсіз. Бұл «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» «Қазақстандағы барлық жоғары білім жүйесін қамтитын негізгі жабық фактор - сыбайлас жемқорлық болып табылады. Бұл факторды түбегейлі жою бойынша нақты шаралар қолданбай жоғары білім саясаты тиімді іске аспайды» деп бостан-босқа атап айтылған жоқ.

Шетелдердегі оқу жүйесіндегі кейбір ізденістерді әлемдік табыстар деп, жаңалық деп отандық іс-тәжірибеге тықпалағанда шебер-ақпыз. Ал солардағы білім беру саласындағы қызметкерлерге берілетін жалақы мен жасалып отырған әлеуметтік жағдайлар туралы ауыз ашпайтынымыз неліктен? ЖОО-ына ешбір дайындықсыз (тіпті күштеп десе де болады) енгізілген тестік емтиханмен қабылдау мен кредиттік оқыту жүйесі білім берудегі ұзақ жылдар бойы қалыптасқан отандық азды-көпті іс-тәжірибенің тасталқанын шығарды. Қазақстан Парламенті депутаттары тарапынан Білім және ғылым министрлігі үнемі сынға ұшыраумен келеді. Ол негізсіз де емес. Шынында да, он бір министр он бір реформа жасауының салдарынан орта мектепте білім беру жұмыстары мүлде жүйесіздікке ұшырады демесек те, соған жақындап қалды. Білім және ғылым министрі ауысқан сайынғы жан-жақты талқыланбай, зерттелмей, сыннан өткізілмей қолданысқа енгізіліп келген реформалардан әбден зәрезап болған ұстаздар қауымы бүгінде үрей үстінде, өйткені тағы да министр ауысты.

Енді осыдан шығатын қандай жол бар десек, төмендегі бірнеше мәселелерді мемлекеттік бағдарлама дәрежесінде жүргізу керек.

**Бірінші. Педагогикалық мамандықтарға ер балалар үшін арнайы мемлекеттік грант бөлінуі қажет.** Ол үшін және әр аудан және әр облыста жетіспейтін педагог кадрлар

анықталуы керек. Соның нәтижесінде қандай аймақта қай пән бойынша мамандар қажет екені белгілі болады. Сонымен қатар алдағы 5 жыл ішінде қандай пәндердің мұғалімдері зейнеткерлікке шығатынын қоса қарастырған дұрыс. Алдымен ала айтып қоялық. Бұл гранттарды аудандық бюджеттің мойнына артып тастауға болмайды. Өйткені, ол - онсыз да шұрық-тесік. Педагогтық мамандыққа азар болса жылына бір-екі баладан артық қаражат бөле алмасы анық. Онымен бұл проблеманы дұрыс мәнінде шеше аламыз деу ақылға сыйымсыз.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша педагогтық мамандықта тек қана ер балаларға арнайы бөлінген осы гранттарға оқу үшін мынадай жұмыстарды жүзеге асырған дұрыс:

1. Мұғалімдік мамандықты таңдаған ер балаларға әр аудандық, қалалық әкімдіктен ЖОО-ына түсу үшін берілген мемлекеттік грантқа жолдама берілуі керек. Жолдаманы алу сол ер бала үшін мектеп педагогикалық кеңесінің ұсынысы (рекомендация), аудандық білім беру басқармасының (қалалар үшін облыстық) кепілдемесі (ходатайствосы) ғана негіз болуы шарт. Бір қарағанда күрделі болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл жолдама иегерінің кездейсоқ бала болып кетуінен сақтайды. Ол «Алтын белгі» иегерлерінің ЖОО-ға емтихансыз қабылданған кезіндегі орын алған көптеген келеңсіздіктердің болмауы үшін де керек. Қалалық мектепті бітіріп мұғалімдік мамандықты таңдаған ер бала ЖОО-ны бітірген соң міндетті түрде министрлік жолдамасымен (направление) ғана жұмыс атқаруы керек. Кеңес дәуірінде ЖОО-ын педогогикалық мамандықты бітірген жас мамандар арнайы берілген жолдамамен міндетті түрде үш жыл бойы жұмыспен өтеуі бұлжымас заң болатын. Оны орыс тілінде «отработка» деп атайтын. Одан аспирантураға түскендер мен тұрмысқа шыққан қыз балалар ғана

күтылатын. Егер бармайтын болса, заң бойынша жауап та беретін. Министрлік сол арқылы ауылдық жерлердің жас мамандармен қамтамасыз етілуін қадағалап отыратын. Осы дәстүрді заман талабына сай қайтадан жандандыру керек. Негізінен жаңалық дегеніміздің өзі ұмытылған ескі немесе қолданыстан шығып қалған бұрынғы екенін есте ұстай отырып айтып отырмыз.

2. Жолдама арқылы оқуға түсіп және оны бітірген әр бала жас маман ретінде міндетті түрде сол жолдама берген ауданда немесе қалада мектепте кемі 5 жыл жұмыс атқаруы қажет. Ол үшін жолдама берер алдында әр аудандық әкімшілік пен білім беру бөлімі талапкермен жекелей шарт жасасуы қажет. Өліп қалса амал жоқ, әйтпесе мемлекет қаражат бөліп оқытып отырғандықтан да бұлтаруға амалы болмауы керек. Бір жағынан сол жас маман ЖОО бітірген соң жұмыссыз қалмайтынына сенімді де болады.

3. «Дипломмен - ауылға» бағдарламасына сай кеңес дәуіріндегідей ауылға барған сол жас маманға жалақыға қосымша бір реттік үстеме ақша берілуі мен әлеуметтік тұрғыдан қолдау жасау қазір қайта жанданды. Бұл - өте дұрыс және қажеттілігі мен өміршендігін тоталитарлық заманның өзі дәлелдеген мемлекеттік маңызы бар іс-шара. Себебі тарихтан тағылым алмаған ұрпақтың сол тарихты қайталауға мәжбүр болатыны туралы қағиданы естен шығармаған дұрыс. Бірақ алдағы уақытта жас мамандарға берілетін 90 мың теңгелік көтермеақы аздық ететіні айтпаса да түсінікті. Бар мүмкіндігінше сол жас мамандарды жергілікті бюджет есебінен тұрақтанып қалуына ынталандырудың жолдарын қарастыру қажет. Ол үшін 2009 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» заңды тағы да толықтыру қажеттігі анық. Әрине, тура қазір қолға алуды талап ету артық. Бірақ ер балаларға арналған мемлекеттік грантқа оқып бітіргендер жұмысқа кіріскенше жасап үлгерсе тіпті жақсы.

4. Жоғарыдағы айтылған шағын жинақты мектептерде сынып комплектілерінің біреуден аспайтындығы салдарынан кейбір пәндердің сағат саны бір нормативтік педагогикалық жүктемеге жетпейтіні белгілі. Осындай мектептерде мұғалімді жүктеме сағат санын толтыру үшін басқа пәндерден сабақ жүргізуге мәжбүрлеп жүр. Сондықтан білім беру мекемелерінде тек қана өз мамандығы бойынша жұмыс атқаруды қадағалауды заң арқылы жүзеге асыру жағын да қарастырған абзал.

Мұғалімдік мамандықты таңдаған ер балалар деген ойды бекер айтып отырған жоқпыз. Себебі педагог болу үшін табиғи қабілет, тумысынан бейімділік қажет. Біз, көбінесе, маман ғана дайындап жатырмыз. Жоқ, бізге ғалым Зейнолла Қабдоловтың сөзімен айтқанда, «Өз бақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын», балаға жан жылуын сыйлайтын Адам керек. Әлемнің «екінші ұстазы» Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы. Ол баланың болашағы үшін өте қауіпті» дегенді босқа айтқан жоқ. Тәрбие мәселесінде ер мұғалімдердің айрықша орын атқаратынын ешкім де жоққа шығара алмас.

Бұл жерде бар өмірін ұстаздық жолға арнаған әйел мұғалімдердің намысына тиейік деген, болмаса кемсітейік деген ешбір ойымыз жоқ. Мәселе «Мұғалімдік қызмет әйелдерге ғана тән жұмыс» деген таптаурынға айналған тұжырымды түпкілікті өзгертуде болып тұр. Осы теріс көзқарастың салдарынан «Мектепте әйел адамдар ғана жұмыс істейді» деген ұғым қалыптасты да, ұстаздық аталатын ұлы мамандыққа деген менсінбеушілік пиғыл пайда болды да, абырой-беделін мүлде төмендетіп жіберді. К.Әлпейісова

«Гендерлік теңдік» атты мақаласында («Егемен Қазақстан», 07.03.2009) «әйелдердің мінез-құлқында эмоцияға берілу, өзіне-өзі сенбеушілік, жаңаға күдікпен қарау басым болатыны» туралы дұрыс ой қорытады. Автор бұл туралы ресейлік ғалымдардың пікіріне сүйене келіп: «Әйелдер үшін алғашқы үш орында: компромистік шешімдерге бара алу; даулы және белгілі бір тәуекелді жағдайда іс-әрекет жасай білу; өзіне және өз ісіне сенімділік болса, ерлер үшін: жаңашылдық; өзгерістерге ұмтылу; өз ұстанымының дұрыс екендігіне басқалардың көзін жеткізе алу; басқа адамдардың білімі мен қабілеттерін дұрыс пайдалана алу болып табылады» деп көрсеткеніндегі ерлерге тән табиғи қасиеттердің ер мұғалімдердің қызметінде атқарар орны аз болмаса керек. Ер адамдарға тән биологиялық және психологиялық ерекшеліктерді ұтымды пайдалану мұғалімдік мамандық туралы жоғарыдағы теріс көзқарасты түзетуге әсері тиері сөзсіз.

Жалпы алғанда, мұғалімдік мамандықтардан маман дайындауда елімізде дефицит жоқ. Керек десеңіз, қалалық жерлерде артылып жатыр. Мемлекеттік грантпен де, ақылы оқу түрімен де диплом алған жас мамандар қандай да болсын жұмысқа орналасып, қалаға орнығып қалуға ұмтылады. Әсіресе, олардың қатарын жеке меншік оқу орындарын бітіргендер қатты толықтырып отыр. «Газдар» айтқандай, «Бас жағына барыспай-ақ қоялық», әйтпесе олардағы педагогикалық мамандыққа оқыту мен мамандар дайындау сапасының сын көтермейтіні жалған емес. Қаптап кеткен жеке меншік оқу орындарын сырттай оқып диплом алғандар ауылдық жерлердегі білім беру сапасын төмендетіп отырғаны жасырын емес. «Ауруын жасырғанның өлетіні» әлімсақтан белгілі. Сондықтан жеке меншік оқу орындарындағы педагогтық мамандар дайындауға шектеу қою керек, тіпті мүлде тоқтату қажет.

**Екінші. Педагогикалық мамандықтарға ауылдық жерлерден келіп түсетін ауылдық квота ер балаларға деп арнайы бөлінуі керек және оның пайыздық өлшемін көбейту керек.** Бұған әйелдер қауымынан шыққан мұғалімдер (тіпті депутаттар да) өре түрегелетінін сезіп отырмыз. Әсіресе, түрі қазақ, тілі орысша, ана тілінен маһрұм қалған қандастарымыздан қатты қауіптенетінімізді де жасыра алмаймыз. Еліміздегі гендерлік саясатқа байланысты көзқараспен жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарсы келіп отырғанымызды да білеміз. Бірақ амалымыз жоқ. «Не өгіз өледі, не арба сынады» емес, екеуінен де айырылып қалатын деңгейге дейін төмендеп отырмыз. Сондықтан өз ұлтының болашақ тағдырына бей-жай қарай алмайтын нәзік жандылар дұрыс түсінеді ғой деп үміттенеміз. Сондықтан да жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен - ауылға» және мектепті ер мұғалімдермен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бағдарламалардың мән-маңызы келешекте мынадай мәселелерге де тығыз байланысты екенін ерекшелеп айтқымыз келеді:

- 1. Республикадағы ішкі миграцияны тоқтатуға әсер етеді;**
- 2. Қалалық жерлерде кенттенудің (урбанизация) тым көбейіп кетуіне шектеу салады;**
- 3. Демографиялық мәселеде белгілі бір дәрежеде шешуші рөл атқарады;**
- 4. Ауыл халқын тұрақтандыру арқылы ауылдық елді мекендерді сақтап қалуға әсер етеді;**
- 5. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыс жасауын азайтады;**
- 6. Педагогикалық ұжымдардағы моральдық, психологиялық хал-ахуалдың жақсаруына өзгерістер жасайды;**
- 7. Ұстаздық жолды өз еркімен таңдаған ер адам**

асырады;

8. Педагогикалық мамандықтардың абырой-беделін өсіреді;

9. Ер адамдардың отбасындағы, өмірдегі және қоғамдағы жетекшілік тұлғасын қалыптастырады;

10. Ерік-жігері күшті, ұлтжандылығы мен патриоттық сезімі жоғары жас ұрпақ тәрбиелеуде маңызды мән атқарады;

11. Он екі жылдық оқыту жүйесіне көшуге байланысты елімізде жұмыссыздықтың санын азайтуға да ықпалы тиеді;

12. Мектепке жас мамандарды жұмысқа қабылдауды директорлардың қолынан алуға негіз болады. Ол білім орындарындағы тамыр-таныстық пен жемқорлықтың тыйылуын қамтамасыз етеді.

Бұл айтылғандардың әрқайсысына жекелеп тоқталып, деректермен дәйектеуге мақала көлемінің көтермейтіні өкінішті. Алайда тереңдете көз жіберсеңіз, бәрі де айқын.

Мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында қылмыс жасаушылардың саны жылдан жылға өсіп отырғандығы және оның аса бір қатігездікпен жасалатыны барлық жұртшылықты қатты алаңдатып отыр. Мысалы, осы таяуда ғана Қарағанды облысының Ақтау қаласында 15-16 жастағы екі жасөспірімнің 9 жасар баланы бензин құйып өртегені туралы хабар телеарналарда жан шошырлық оқиға ретінде айтылды. Бұндай жантүршігерлік оқиғаларға құлағымыз үйреніп кеткендігі сондай – тіпті елең етуді қойдық. Теміртаудағы жетім балалар үйіндегі кәмелеттік жасқа толмаған қыз балалар жезөкшелікпен айналысқан, Қарағандыда дарынды балалар мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшесі болып, пәтер тонап сотталған. Айта берсе мысал



көп. Мәселе жалпы жұртшылықтың да, білім саласындағы құзырлы орындардың да осындай сұмдық оқиғаларға немқұрайлықпен қарауында жатыр. Расында да, немқұрайлық – қауіпті дерт.

Ішкі істер министрлігі құзырындағы кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдермен жұмысты Білім және Ғылым министрлігінің қарамағына беру туралы шешімнің қабылдануына да осындай қылмыстардың көбейіп кетуі себеп болды. Ашығын айтсақ, бұл – құптарлық қадам. Бірақ оның аяғынан қаз тұрып кеткенінше күмән көп. Біріншіден, бұл бағытта қалыптасқан іс-тәжірибе жоқ. Екіншіден, кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдермен жұмыс атқаратындардың көбісінің педагогикалық білімі бар деген күннің өзінде мұғалімдік қызметтен қол үзіп кеткен олар мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне кірігіп кете ала ма? Үшіншіден, ішкі істер саласындағы қысқартуларға ұшыраған қызметкерлермен толығып кетпесіне кәміл сенеміз ба? Жазалаушыдан тәрбиелеушіге оп-оңай ауысу еш мүмкін еместігі - басы ашық жайт.

Ендеше таяудағы жылдарда мектепті ер мұғалімдермен ең құрығанда 50% -дық дәрежеде қамтамасыз ете алсақ, бұл бағыттағы қолға алынып жатқан жаңа бастамалар өз жемісін берері анық. Себебі ер мұғалімдер кәмелетке жасы толмағандармен жұмыс жүргізуде сенімді әріптес бола алатыны анық. Ыбырай Алтынсарин «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы, тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылаулары да оқытушыға тең келе алмайды» деп жазса, біз білікті мамандар дайындауда ұлы ағартушы қажет емес деп тапқан жайттарға көбірек ден қойып кеткен жоқпыз ба осы?!



**Мәкеш МҰҚАМБЕТҚАЛИЕВА,  
Тұрар Рысқұлов атындағы  
ҚазЭУ-дің доценті, п.ғ.к.**

## **ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУДЫҢ БАСТЫ КЕШЛІ**

Қазіргі кезде жоғары білім жүйесін реформалаудың басты мақсаты – білімді игеру кезінде күтілетін нәтижелерге қол жеткізу. Мұнда басты назар оқытушыдан жеке тұлғаға ауысады. Бұл кезде тұлға өзінің өмірлік проблемаларын тиімді және рухани тұрғыдан шеше білетіндей өмір сүре алуы үйренуге міндеттеледі. Жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы, жинақтаушы, өзіне сіңіруші рөлдерін атқарса, ал жаңа талап бойынша өздігімен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаны осы рөлдерді атқаруға лайықтау үшін оның жаңа бейнесін заман талабына сай дайындауымыз қажет.

Қазіргі біздің қоғамға жоғары білікті, кәсіби дайындалған, шығармашылықпен ойлайтын мамандар қажет. Сондықтан жоғары білім беруді модернизациялау қажеттілігі туындап отыр. Заманауи білім берудің стратегиясы әрбір адамда табиғаттан берілген шығармашылық тума талантты жан-жақты дамыту болып табылады. Жаңа ғасырдың алдында жаңаша ойлайтын тұлғаларды дайындау міндеті тұр, ол құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы шешілуде. Қазіргі заманғы білім берудің модернизациялау стратегиясын «құзыретті білім беру» деп атап жүр. Құзыретті білім беруді іске асыру жалпы бірқатар әдістемелік және теориялық

мәселелерді шешудің жолдарын қарастырады. Бұл мәселе негізінен білім беру әдіснамасына қатысты. Қазіргі заманғы ғылым тарихында түрлі әдіс-тәсілдер, әдістемелер пайда болып, жаңаша білім беру жолдары іздестірілуде. Құзыретті білім беру тәсілдері «құзырет, құзыреттілік» ұғымдарымен тікелей байланысты.

Бүгінгі күні өркениетті елдерде қоғамды ақпараттандыру кең өріс алуда. Осыған байланысты жаңа ақпараттық технологиялар кәсіби қызмет пен білім беру үрдісінде де үлкен сипатқа ие. Қоршаған ортадан ақпараттар алу және оны өңдеу адам мінез-құлқын түсіндірудің маңызды қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды алу үрдісі барлығына бірдей: алу кезеңінде – сыртқы ортадан ақпараттар алу, оны өңдеу және белгілі бір тәртіпке келтіру, ал шығу кезеңінде – адамның қоршаған орта туралы көрінісі берілген, жүйелендірілген ақпарат және оның әрекетінің негізін қалайтын ақпарат. Бұлар адам мінез-құлқын қалыптастырудың бастапқы материалы болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру – сабақ сайын жүргізілетін күрделі үрдіс. Қазіргі заманғы білім беруде студенттердің өзбеттілік жұмыстарына көп мән беріледі. Бұл кезде олар түрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпараттарды іздеп тауып алып, әр түрлі мақсаттарда пайдаланады. Студенттер өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түрлі әдебиеттерден, түсіндірме сөздіктерден, глоссарийлерден, БАҚ-тан түрлі ақпараттар алып, сабақ барыстарында пайдаланады. Оқытушының басты мақсаты – студентке білімді өздігімен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру.

Танымның және білімнің шындығының негізгі көрінісі

мен басты шарты тәжірибелік іс-әрекетке негізделеді. Сондықтан оқу, тіл үйрену әрекеті – танымдық әрекетке ұштасады. Тәжірибелік және рухани әрекетте жеке тұлға өзін қоршаған әлемге әсерін тигізе отырып, өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Тұлға жан-жақты болу үшін оның дүниетанымы өте кең болуы керек. Сондықтан білім берудің басты мақсаты – студенттердің танымын ұлғайтып, қызықты ақпараттарды сабақ барыстарында беріп отыру. Танымдық құзыреттілікті қалыптастыру ақпараттарды іздеп тауып алу мен ақпараттар алмасуға тығыз байланысты. Білім беру үрдісінде негізінен қалыптастырылатын құзыреттіліктер – танымдық пен ақпараттық. Бұл құзыреттіліктерді қалыптастыруда жеке тұлғаның танымын кеңейтіп қана қоймай, құзырлы тұлға болуына, яғни, «сегіз қырлы, бір сырлы» болуына лайықтау мақсаты алға қойылады.

Құзыретті маман дайындау мәселесін құзыретті білім беру арқылы шешуге болады. Қазіргі заман талабына сай «Құзыретті маман қандай болу керек?» деген сұрақ әркімнің көкейінде тұрады. Құзыретті маман – көп тілді білетін, өз бетінше білім алып, шешім қабылдай алатын, топта жұмыс істей алатын, күтілетін нәтижені болжалдайтын, өзіне үлкен жауапкершіліктер алатын, өз бетінше ақпараттар ала білетін, құбылмалы заманға ыңғайланып, ілесіп, кез келген жағдаяттардан шығудың жолын іздеп таба білетін, көш-басшы бола білетін, халықтар достығын сақтауға тырысатын, олардың тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлайтын, жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген жеке тұлға. Осындай мамандарды дайындау үшін оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін әлемдік стандарттарға жақындату, әдістемелік жақтан жаңаша жаңғыртып оқытуға лайықтау бүгінгі күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі болып отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңалық: қақ ортада өзін-өзі

танушы жеке тұлға тұрады. Ол түрлі заман талаптарының өзгеруіне лайықталып, әлеуметтік жауапкершілік үрдісіне сай коммуникацияға негізделеді.

Қазіргі өзгеріске толы құбылмалы заманда университет қабырғасында алған білімдерін практикамен ұштастыра білу, яғни, өмірден өз орнын таба білуге үйрету құзыреттіліктерге негізделеді. Құзыреттерді меңгерту үшін тұлғаның психикалық әрекеттерін дамыту қажет екендігін ғалымдар дәлелдеп отыр.

«Білім игеру үдерісінің басты тұлғасы – үйренуші» деген ұстаным – бүгінгі күні жаңашыл таным философиясымен оның идеяларын ұстанатын білімдік жобалар мен технологиялардың басты идеясы. Қазіргі заман талабына және білім беру парадигмасының өзгеруіне сай нәтижеге бағытталған білімді игеру үрдісінің басты тұлғасы студент болып отыр. Бұрын білім беруде басты орында оқытушы тұрса, қазір білімді алушы, қабылдаушы студент, яғни, жеке тұлға тұрады.

Болонья үдерісінің басты тұжырымдамалық ұғымдарының бірі – білімді игерудің нәтижеге бағытталуы, яғни, күтілетін нәтижені ала білуі. Сонымен қатар ол тұлғаның өмір бойы үздіксіз білім алуы арқылы оның әлеуметтік-моральдық кеңістікте жаңаша іс-әрекет етуін, проблемаларды тиімді және рухани тұрғыда шеше білетіндей өмір сүруге міндеттейді.

Тіл үйрету саласына да соңғы жылдары жеке тұлға (личность) ұғымы кеңінен еніп отыр. Тіл білімі саласындағы адам факторына мән беру әрекеті лингвистиканың дамуына әсер етіп, оның парадигмаларының өзгеріске түсуіне мүмкіндіктер туғызуда. Тұлға ұғымы бұрын философия, социология, психология ғылымдарының зерттеу нысаны ретінде кеңінен зерттелсе, қазір лингвистикалық тұрғыдан қарастырылып, басқа мәнге ие болып отыр. Жеке тұлға –

қоғамдық қарым-қатынасқа ену жағынан қарастырылатын және нақты бір әрекеттер мен қарым-қатынаста индивидте пайда болатын жүйелі сапа. Адам қоғам өміріне пәрменді ену деңгейіне қарай жеке тұлға болып қалыптасады. Ол адам өмірінің барлық кезеңдерінде өтеді.

Психолог З.Фрейд – жеке тұлғаның құрылымы мен маңызын алғаш ашқан ғалым. Жеке тұлға, жеке адам түсінігіне байланысты, ең алдымен, адамның қоғамдық мәні бар сапалары еленеді. Адамның әлеуметтік мәні оның қоғаммен байланысында қалыптасып көрініс береді. Жеке тұлға көп сатылы құрылымға ие.

Жеке адамның дамуы, яғни, оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы белгілі қоғамдық қолдау мен әлеуметтік қажетсінуді керек етеді. «Нағыз тұлға қандай болу керек?» деген сұраққа жауап беру үшін американ ғалымы А.Маслоудың идеяларына жүгінеміз. А.Маслоу адам қажеттіліктерін жүйелеу арқылы тұлғалардың қандай дәрежеде болатындығын жеті деңгейде көрсеткен. Ғалым адам қажеттіліктерінің иерархиясын анықтаудың төртінші деңгейінде сыйластыққа, қадірлеуге байланысты мәселелер қарастырады. Сонымен қатар ол бедел, қолдау, құзыреттілік, табысқа жету сияқты мәселелерге тоқталады. Бесінші деңгей танымдық қажеттіліктерге арналып, ол білу, істей білу, түсіну, зерттеуді қамтиды. Адамның маңызды және басты қажеттілігі – өзін-өзі өзектендіруге ұмтылуға арналып, ол жетінші деңгейде қарастырылады. Онда рухани даму, кемелдену, өсу, оның жолдарын іздеу, ізгілікке ұмтылу, өз мақсаттарын іске асыру, өзін-өзі жетілдірудің күнделікті қажеттілігі сияқты нәрселер қарастырылады. Жеке тұлғаның өзін-өзі өзектендіруі төмендегідей қабілеттерімен ерекшеленеді: шындық өмірдегі қарама-қайшылықтарды оның қиыншылықтарына тереңдей отырып түсінуі; басқа адамдардың пікірлеріне сүйенбей, өз тәжірибесіне, ақылына,

сезіміне сүйеніп, шешім қабылдау; өзіне жауапкершілік ала білуі; өзінің ішкі сезімін, жеке ойларын, уайымдарын басты орынға қоймай, қоршаған ортада болып жатқан оқиғаларға дұрыс көңіл аудару, оған мән беру; шығармашылық қабілеттердің болуы. Осындай қабілеттерді меңгерген тұлға өзін қоғамда биік орынға қойып, басқаларға үлгі болады. Ол өзінің бойындағы бар әлеуеттерді пайдаланып өмірде өз орнын табуға тырысады [1].

Жеке тұлға құрылымының мәселелерімен З.Фрейд, К.Г.Юнг, Г.Олпорт, К.К.Платонов, В.С.Мерлин, т.б. ғалымдар айналысқан.

Жеке тұлға дамуы – өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңітіп, қажеттіліктерін арттырумен байланысты. Осы даму деңгейі нақты адамға тән болған қарым-қатынастар аймағымен өлшенеді. Даму дәрежесі мардымсыз тұлға адамдармен қарым-қатынастарда да өте жай, күнделікті тіршілік күйбеңінен аспайды. Ал даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелілігімен, қоғамдық мәнді құндылықтармен ерекшеленеді [2.174].

Американ психологы К.Роджерс өзінің мінез-құлықтарды зерттеуінде екі түрлі пікірді ұсынады: 1) ағзаның өзін сақтауы және күшейтуі; 2) «Мен» концепциясы - индивидтің өзін-өзі бағалауы мен қабылдауы арқылы қалыптасатын және өзінің әлемге деген қатынасы [3].

XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ойшылдарының шығармаларында адамның жан дүниесі туралы, жеке адамның қалыптасуы туралы әр қырынан сөз болды. Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында жеке тұлға мінез-құлқының қалыптасуы туралы көп ой толғайды. Ақын адамның ерік, жігер қасиеттері туралы сындарлы пікір айтқан. Сол заманның өзінде-ақ ақын «Жігерлі бол, жасқанба, бейнеттің сан алуан түрлеріне төзе біл, таудай талабың болсын, жалғыз ғана оқумен теңелмейсің, кез келгенге құлай

берме» деп жастарды өршілдікке, еңбекқорлыққа шақырды. Ойшылдар - ұлы Абай, Сұлтанмахмұттың жастарды жан-жақты, заманталабына ілескіш болуға шақыруы сол заманның өзінен бастау алады. Олар «Өз орныңды мына дүниеден таба біл, үнемі ілгері қара, жігерлі, талапты бол, ерінбей еңбек ет, сонда ғана мұратыңа жетесің» деген болатын. Бұл айтылған дана сөздер осы кезде де өз қадірін жойған жоқ. Бұл жеке тұлғаның заман талабына сай қалыптасуының негізі әріде екенін көрсетеді. Сұлтанмахмұт адамның әр түрлі қабілеті мен таланты, мінезі іштен тумайтынын, олар іс-әрекет үстінде қалыптасатынын айтады.

Адамның тұлға болып қалыптасуы оның қоғамдық және еңбек ету қатынастарына жекелей түсуі, әрекетке араласуына тікелей тәуелді. Адам жаңа туған кезінде «адам» деп аталып, «тұлға» деп аталмайды. Адам өмірде өз орнын тауып, ер жету үшін өзінің «Менін» басқалардан ажырата білуі қажет. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев шығармаларында «мен – өзім» қағидасы басты орында тұрып, психологиялық тұрғыда жан-жақты талданады [5]. Тұлға дегеніміз – қандай да болмасын бір іспен айналысатын, білімі, дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі, талғамы, бағыт-бағдары бар адам. Тұлғаның түрлері де көп. Адамның жеке басының психологиясын ұғыну үшін, ең алдымен, оның әлеуметтік жағдайын, нақты кәсіби білімін, іс-тәжірибесін анықтап алуымыз қажет.

Қазіргі кездегі қазақ елінің тұрмыс-тіршілігін жақсартуға үлес қосып, салт-санасын, ұлттық құндылықтарды сақтау жолында қызмет атқарып жүрген жастарымыз аз емес. Жүсіпбек Аймауытұлының мына сөздерінің жастарға беретін тәлімі мол: «Оқыған азаматтың қызметке тұрлаусыздығы, білімі аз, шалалығы, құр даурық (демагогтік) боямалылығы, еліктегіш, мансапқорлығы, кеңсешілдігі, пайдакүнемдігі, негізгі мақсат-мұраты жоқтығы, берік жол тұтына алмайтындығы – осының бәрі шын әлеумет қызметкерінің



пәспеген, шынықпағанын көрсетеді» [6]. Ғалым осындай жат қылықтардан жастарды аулақ болуға шақырып, олардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуын ғылыми тұрғыда дәлелдеп берген.

Жеке тұлға кез келген ортада қарым-қатынасқа тез, ыңғайлы түсе алатын, бейімделгіш, құзырлы, заман талаптарына лайық болу керек. Сонымен қатар жеке тұлғаның өзіндік қасиеттері басты орында тұрады. Түрлі құзыреттерді меңгерген маман шындық өмірде кездесетін қандай да болмасын жағдаяттардан шығудың жолын өзі іздеп тауып, жоғарғы оқу орнынан алған білімін, білік, дағдыларын нағыз қайнаған өмірмен тез ұштастырып кете алатындығына мүмкіндігі мол.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Маслоу. Жеке тұлға психологиясы М., 1982.
2. С.Бабаев. Жалпы психология. А., Заң әдебиеті, 2009.
3. К.Роджерс. Психотерапияға көзқарас. Адамның қалыптасуы. М., 1998.
4. Қ.Жарықбаев. Психология негіздері. А., «Эверо», 2005.
5. М.Жұмабаев. Шығармалар жинағы. I, II том. А., 2005.
6. Ж.Аймауытұлы. Жан жүйесі мен өнер таңдау. М., 1926.

### **Резюме**

В статье рассматриваются особенности развития личности при формировании компетентностей.

### **Resume**

The peculiarities of individuals development during the competence formation are considered in the article.



Айнаш ІЛИЯСОВА,  
Ақтөбе облысының  
Байғанин ауданындағы  
Жаңатаң орта мектебінің  
мұғалімі.

## ҮСТЕУДІҢ ЕМЛЕСІ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – үстеудің құрамдық, мағыналық түрлері туралы білімдерін жетілдіре отырып, олардың жасалу жолдары, емлесі туралы білімдерін бекіту; **тәрбиелік** – сабақ барысында қазақ халқының салт-дәстүрін насихаттай отырып құрметтеуге үйрету, шығармашылықпен жұмысқа, өз ойын еркін жеткізе алуға төселдіру; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту, шығармашылық белсенділігін арттыру. **Түрі:** аралас сабақ. **Көрнекілігі:** слайдтар, киіз үй жабдықтары, плакаттар, ұлттық ою-өрнектер. **Әдісі:** дамыта оқыту технологиясы.

### Сабақ барысы.

#### I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Оқушылармен амандасу.

1-слайд.

«Әрбір тілде сөйле адамды таң қылып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық?!

Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!» деп ақындарымыз жырлаған, сиқырлы әріптермен өріліп, кестелі сөздерімен өрнектелген қазақ тілі сабағын бастаймыз.

ә) Оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру.

б) Көңілдерін сабаққа аудару.

## II. Үй тапсырмасын тексеру.

2-слайд.

290-жаттығу.

Сөйлемдерден үстеулерді тауып, сұрақ қою арқылы түр-түріне ажыратыңдар (жаттығу мазмұны көрсетіледі).

3-слайд.

*Мезгіл үстеуін көрсет.*

а) Бүгін аттанды.

ә) Қыруар жұмыс істеді.

б) Ілгері жүрді.

в) Өте үлкен екен.

4-слайд.

*“Тым, өте, кілхң” үстеулері мағынасы жағынан үстеудің қай түріне жатады?*

а) мекен үстеуі

ә) мақсат үстеуі

б) күшейткіш үстеуі

в) себеп-салдар үстеуі

5-слайд.

*“Қалай қарай” сұрағы қай үстеуге тән?*

а) мақсат үстеуі

ә) мөлшер үстеуі

б) сын-қимыл үстеуі

в) мекен үстеуі

6-слайд.

*Мөлшер үстеуінің сұрағын тап.*

а) қашаннан?

ә) қандай?

б) қайдан?

в) қаншама?

7-слайд.

*“Әдейі келдім”. Мағынасына қарай үстеудің қай түрі берілген?*

а) мақсат үстеуі

ә) мөлшер үстеуі

б) себеп-салдар үстеуі

в) мекен үстеуі

*Сын-қимыл үстеуін тап.*

а) таң сәріде тұрды.

ә) тез келді.

б) ілгері жүрді.

в) әдейі барды.

*Себеп-салдар үстеуін тап.*

а) жорта, әдейі.

ә) ілгері, кейін.

б) амалсыздан, лажсыздан.

в) бүтін, кеше.

#### **IV. Жаңа тақырып.**

1. Үстеулер құрамына қарай нешеге бөлінеді?
2. Негізгі үстеулер қалай жасалады?
3. Күрделі үстеулер қалай жасалады?

Тақтаға үстеудің құрамдық түрлеріне мысалдар жаздыру.

Мысалы: *Ертең* (айтылуы бойынша жазылады), *ала жаздай*

(бөлек жазылады), *көзбе-көз* (дефис арқылы жазылады), *бүгін* (бірге жазылады). Жазылған мысалдар бойынша оқушыларға ереже шығарту.


11-слайд.

### Үстеудің емлесі

Негізгі және туынды үстеулер көбінесе айтылуынша жазылады.	Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі үстеулердің әрбір сыңары бөлек жазылады.	Сөздердің қосарлануы және қайталануы арқылы жасалған үстеулер дефис арқылы жазылады.	Сөздердің бірігуі арқылы жасалған күрделі үстеулердің көпшілігі сыңарлары қалай дыбысталса, солай жазылады.
<i>ертең, төмен, әрең,</i> т.б.	<i>ала жаздай, кешке дейін,</i> т.б.	<i>көзбе-көз, тұс-тұстан, күні-түні,</i> т.б.	<i>Бүгін</i> (бұл-күн), <i>анағұрлым, қыстыгүні</i> (қыстың күні) т.б.




### V. Жаттығумен жұмыс.

12-слайд.



– Оқушылар, алдымызда кандай мереке келе жатыр?  
 – 22 наурыз – Ұлыстың Ұлы күні.  
 – Дұрыс айтасыздар. Біздің мектебіміз Наурыз мейрамына орай киіз үй тігіп дайындалып жатыр. Біз де бүгінгі сабағымызда Наурыз мейрамына орай киіз үй тігуіміз керек. Ол үшін бізге қажетті киіз үй бөлшектері берілген. Жаттығу орындау барысында киіз үй құрамыз. Жаттығудың әр сөйлемін орындаған сайын киіз үй құрылады.

13-слайд.




14-слайд.

293-жаттығу

Мәтіндегі үстеулерді өздерінің тіркескен сөздерімен теріп жазып, жасалу жолдарын түсіндір.


*Көксерек өзгелерді жіберіп, өзі бір күшік қасқырмен бөліне, оң жақ бүйірге қарай тартты.*



(Кереге керіліп, сықырлауық құрылады)

15-слайд.

*Әлі де түйе бақырады, Көксерек түйенің артына түсті.*



(Шаңырақ көтеріледі)

16-слайд.

*Бірақ әлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады.*



(уық қалады)




17-слайд.

*Кейде тоқтап, алды-артына қарайды, әрлі-берлі бұрылып қозғалақтайды.*

(Киіз үйдің ішінен қарағандағы шаңырақтың көрінісі)

18-слайд.

*Көксерек азындай шауып түйенің жанына жақындай, қиыс өте берді.*





(киіз үйдің сүйегі)

19-слайд.

*Сол кезде түйе үстінен бір нәрсе гүрс ете түсті.*

(Киіз үйдің киіздерін жабамыз)

20-слайд.



– Міне, біз де Ұлыстың ұлы күніне арнап киіз үйімізді тіктік. Әрі қарай Наурыз мерекесін қарсы алу үшін бізге тағы не керек?

– Наурыз көже.

– Дұрыс айтасындар. Енді Наурыз көженің жасалу жолдарын үйренуіміз керек.

21-слайд.

Наурыз көже қалай дайындалады?

Мектепте Наурыз тойы болайын деп жатыр. Барлық оқушылар киіз үй тігіп, наурыzkөже пісіруге дайындалуда. Апайы Асқарға наурыз көженің жасалу жолдарын анасынан үйреніп келуін тапсырды. Анасы наурыз көженің жасалу жолдарын көрсетіп, сыртына қате сөздер жазып береді. «Сендер сол қателерді түзесеңдер, наурыз көженің жасалу жолдарын оқи аласыңдар» дейді. Мектепке келе жатқан Асқар анасының хатын көшедегі суға түсіріп алады. Асқарға көмекке достары келеді. Барлығы жабылып хатты судан алып, қателерді (тақтаға) түзейді.

Хаттың сыртындағы қате сөздер

быйыл
қолмақол күнібойы
күн-ұзаққа

Қателерді түзеген достарына Асқар анасының жазған хатындағы наурыз көженің жасалу жолдарын оқып береді.

*Наурыз көже – наурыз айында кем дегенде жеті түрлі тағам қосылып дайындалатын құдайы көже. Ол сүрмет, сүт, ұн, бидай, су, езілген құрт, сондай-ақ май, пияз қосылып дайындалады. Әр тағамның қосылуының өзіндік мәні, ерекшелігі бар.*

## VI. Сабақты пысықтау.

22-слайд.

### Тиісті үстеулерді тап.

1. Наурыз мерекесіне арналған кешке ауыл адамдары ..... келе бастады.

«Қайдан?» сұрағына жауап беретін, қайталану арқылы жасалған үстеу (*тұс-тұстан*)

2. Жазғы демалыста ауылға келген Айдын..... атасына көмектесті. Тіркесу арқылы жасалған мезгіл үстеуі (*ала жаздай*)

3. Құстарын қолдарына жондырып аң аулауға шыққан аңшылар ..... алысқа көз тігеді.

Екі сыңары да мағынасыз, қосарлану арқылы жасалған мезгіл үстеуі (*анда-санда*)

4. Сабаққа кешігіп келген Айбекке апайы ..... кешікпеуді ескертті.

«Қашан?» деген сұраққа жауап беретін, бірігу арқылы жасалған үстеу (*ендігәрі*)

5. Жолаушылар мінген автобус ..... ғана орнынан қозғалды. «Қалай?» деген сұраққа жауап беретін сын-қимыл үстеуі (*ақырын*)

**6. VII. Үй тапсырмасын бекіту.**

**VIII. Бағалау.**



**Мадина ДҮТБАЕВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Үржар ауданындағы  
Қарақол орта мектебінің  
мұғалімі.**

## **МОРФОЛОГИЯ ТАРАУЫ БОЙЫНША ТЕСТ**

*(Мектеп бітіруші түлектерге арналған)*

**1. Морфема дегеніміз не?**

- А) сөздің ең қысқа мағыналы бөлшегі.
- Б) қысқарған сөздер.
- С) сөздің сыртқы дыбыстық жағы.
- Д) сөздің тура мағынасы.

**2. Қосымшаның неше түрі бар?**

- А) төрт.                      Б) екі.                      С) үш.                      Д) бір.

**3. Туынды түбір дегеніміз не?**

- А) ең түпкі түбірі.  
Б) қосымша қосылып жаңа түбір сөз жасалады.  
С) қосымша мен қосымша қосылып жасалады.  
Д) түбір мен түбір қосылып жасалады.

**4. Негізгі түбір сөзді белгіле.**

- А) дос, жол.                      Б) малшы, жалшы.  
С) достар, өнім.                      Д) егіншілік, білім.

**5. Сан есімнің мағынасына қарай неше түрі бар?**

- А) жеті.                      Б) сегіз.                      С) тоғыз.                      Д) алты.

**6. Жинақтық сан есім жұрнағы**

- А) -лаған, -леген.                      Б) -інші, -дап.  
С) -ау, -еу.                      Д) жарым, ширек.

**7. Дерексіз зат есімді белгіле.**

- А) аспан.                      Б) мектеп.                      С) қағаз.                      Д) ақыл.

**8. Туынды зат есімді тап.**

- А) айлық.                      Б) қой.                      С) адам.                      Д) Көкшетау.

**9. Күрделі зат есімді белгіле.**

- А) азық, тамақ.                      Б) айтыс.                      С) ыдыс-аяқ.                      Д) күйші.

**10. Жұрнақ арқылы жасалған сөзді тап.**

- А) гүлдер.                      Б) мектепке.                      С) қойшы.                      Д) дәрігермін.

**11. Септік жалғауындағы сөзді тап.**

- А) журналистер.                      Б) базарға.                      С) дәптеріңіз.                      Д) гүлсің.

**12. Туынды сөзді белгіле.**

- А) кітап.                      Б) даңқ.                      С) өміршең.                      Д) дана, өмір.

**13. Сөздер құрамына қарай нешеге бөлінеді?**

- А) туынды, түбір.                      Б) жалаң, жақты.  
С) тұрлаулы, тұрлаусыз.                      Д) дара, күрделі.

**14. Күрделі сөзді белгіле.**

- А) ата-ана.                      Б) балаларға.                      С) аялда.                      Д) оқиды.



## БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІГІ

(6-сынып, 12 жылдық)

**Мақсаты: білімділік** – оқушыларға белгісіздік есімдігі жөнінде мағлұмат беру, алған теориялық білімдерін практикада қолдану; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын дамыту, ой қорыту, талдау жұмыстарын жүргізе отырып білімдерін бекіту; **тәрбиелік** – сауатты жазуға, ұқыптылыққа баулу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндірмелі, сұрақ-жауап, жаттығу жұмысы, деңгейлік тапсырма. **Көрнекілігі:** сызбалар, интерактивтік тақта.

### Сабақтың өтілу барысы.

**Ұйымдастыру.** Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Оқушыларға сабақ мақсаты түсіндіріліп, өткен тақырыпқа шолу, үй тапсырмасы сұралады.

### Есімдік, өздік есімдігінен алған білімдерін бекіту.

1. Бір шалдың **төрт** ұлы болыпты. Бірде шал **сол** ұлдарын жинапты. (**Сол** сөзі **төрт** деген сан есімнің орнына қолданылған).

2. Кімді айтса, **сол** келер. (**Сол** сөзі **кім** дегеннің орнына жұмсалғанда, **кім** дегеннің өзі **адам** ұғымы атауының орнына қолданылған).

Сөйтіп, есімдіктер есім сөздердің (зат есім және сын есім, сан есімнің) атын да, белгісін де, санын да атамай, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады.

Сондықтан да кейде есімдіктерді «орынбасар» сөздер деп те атайды.

### Тапсырма

1. Өздік есімдігі дегеніміз не?
2. Өздік есімдігі қандай тұлғада тұрғанын анықта. *Өзінің.*
3. Өз есімдігін тәуелде, септе.

### III. Жаңа сабақ.

1. Бұлдайды **біреу** күшін, **біреу** түсін.
2. Адамның **кейбір** кездері. Көңілде алаң басылса.
3. **Біреу** келді. – **Бала** келді.

**Бірдеме** көрінді. – **Мысық** көрінді.

ВЕНН диаграммасы

*Біреу, бірдеме*  
Белгісіздік  
есімдігі

Кім?

Мысық

Бала

Не?

Зат есім

### Белгісіздік есімдігінің ерекшелігі.

1. *Әркім, әлдекім, әрне, әлдене, біреу, кейбіреу, бірдеме, бірдеңе, кімде-кім* есімдіктері зат есімдердің орнына қолданылады.

Мысалы: Алыстан **біреу** қарандайды.

2. *Бірнеше, әлденеше, біраз* есімдіктері сан есімдердің орнына қолданылады.

Мысалы: **Бірнеше** бала аулада ойнап жүр.

3. *Бір, кейбір, әр, әрбір, қайсыбір* есімдіктері сын есімнің орнына қолданылады.

Мысалы: **Әрбір** оқушы өз құралына ұқыпты қарау керек.

4. *Әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқалай, әрқашан* есімдіктері үстеу орнына қолданылады.

Мысалы: Ол мектептен **әлдеқашан** келген.

Белгісіздік есімдіктерінің ішінен *әр, кей, қай, бір,*

еш сөздері зат есімдермен тіркескенде бөлек жазылады.  
Мысалы: **Әр оқушы** өзіне білім, тәрбие беретін ұстазын құрметтеуі тиіс.

## Деңгейлік тапсырма

### I деңгей

**1. Тәуелденген тұлғадағы сілтеу есімдігін табыңыз.**

- а) Өздерің, өздеріңіз.                      ә) Кіміңіз, несі?  
б) Барлығынан, бәрінің.

**2. Жіктеу есімдігін тауып жікте.**

- а) Бұлар.                                      ә) Ешкім.                                      б) Олар.

**3. Көп нүктенің орнына белгісіздік есімдіктерін қойып, олар қандай тұлғада тұрғанын ажыратындар.**

1. Абайдың келісінен ..... сезгендей болды.
2. .... үйінің орнын өлшеп қойыпты.
3. .... құрбы бүгін тату, ертең бату.
4. Көкшетау, оның маңындағы қалың орман ..... артта қалған.

**Қажетті белгісіздік есімдіктері:** *біреу, кей, әлдеқашан, бірдеңе.*

### II деңгей

**1. Бірге жазылатын есімдікті тауып, себебін айтындар.**

- а) Әр адам.                      ә) Әр уақытта.                      б) Әр қалай.

**2. Мақал-мәтелдерден өздік есімдігін тауып, олардың қандай тұлғада тұрғанын анықтаңдар.**

- а) Кісі елінде күркірегенше, Өз елінде дүркіре.  
ә) Өз үйім – өлең төсегім.  
б) Отанға опасыздық еткенің – Өз түбіңе жеткенің.

**Берілген есімдіктерді қатыстырып сөйлем құраңдар.**

Біраз, әлдекім, әркім, әлдеқайдан, кейбір, әрқашан.

### III деңгей

**1. Берілген белгісіздік есімдіктерді бірінші бағанға есімдіктермен, екінші бағанға зат есімдермен тіркестіріп жазындар.**



<b>Есімдіктермен тіркесуі</b>	<b>Зат есімдермен тіркесуі</b>
әркім	әр бала

**Әр, кей, қай, бір, еш.**

**2. Берілген есімдіктерді қатыстыра сөйлем құрап жазындар.**

Әлдеқайдан, әрқашан, кейбір, бірнеше, өзім, өзіміздің, өз-өзіне.

**3. Белгісіздік есімдіктерді қатыстырып сөйлем құра.**  
(Белгісіздік есімдігі тұрлаусыз мүшенің қызметін атқаратын болсын).

**Ашық формалы тест.**

1. Үлкенді сен сыйласаң,  
Кіші ... сыйлайды.
2. Балапан ұяда ... көрсе,  
Ұшқанда соны іледі.
3. Не ексең ... орасың.
4. Біреу тойып секіреді,  
... тоңып секіреді.

**Көру диктанты.**

Басқа жұрт балалары оқу қуған,  
Біліммен өз жұртының бетін жуған.  
Ішіп-жеп жүрсе егер жайған малдай,  
Адамзат жер жүзіне не үшін туған?!

**Қорытынды.**

1. Белгісіздік есімдігі дегеніміз не?
2. Оларға қандай есімдіктер жатады?
3. Белгісіздік есімдіктерінің ерекшеліктерін айтып беріңдер.

**Үйге тапсырма:** 4-жаттығу (талдау). Белгісіздік есімдіктерді теріп жазып, мағыналарын түсіндіріңдер.



## САН ЕСІМ ТАҚЫРЫБЫНА ТІЛ ҰСТARTУ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың тіл сабағына қызығушылығын, логикалық ойлау қабілетін, тілін байыту; **дамытушылық** – ауызша сөйлеу мәдениетін өрістету; **тәрбиелік** – қазақ халқының тыныс-тіршілігі туралы танып білуге үйрету. **Түрі:** сайыс сабақ. **Көрнекілік:** түрлі қол көрнекіліктер, кәртiшкелер, түрлі түсті суреттер.

### Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды топқа бөліп, топ атын, басшыларын сайлау, әділқазылар алқасын тағайындау. («Айтыс» бөлімі болғандықтан топтарға «Біржан», «Сара» деген атау қойылады).

### Сабақтың бөлімдері:

- |                    |                    |
|--------------------|--------------------|
| I. «Өнер» сайысы.  | II. Поэзия минуты. |
| III. «Ойлан, тап». | IV. «Айтыс».       |

### Сабақтың барысы.

«Өнер сайысы». Бұл бөлімде әр топ үйге берілген тапсырма бойынша сан есімі бар мақал-мәтел, шешендік сөз, жұмбақтар айтады. Әр топтың жауабына баға бере отырып төмендегі сұрақ қойылады.

Қазақ халқында қай сандар киелі де қасиетті саналады, оларға байланысты не білесіңдер? /Оқушылардың жауабын тақтаға ілінген көрнекіліктер арқылы толықтырамын/.

«Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты кітабын пайдалана отырып осы сандарға байланысты ырымдарды, салт-дәстүрлерді айтып өтемін.

«Поэзия минуты» /Абай өлеңдеріне байланысты/. Абай

өзінің қай өлеңінде «5» саны арқылы көп мағына, тағылым, өнеге айтады? /Оқушылардың жауабынан кейін екі топқа кәртiшке үлестiремін/.

1-топ 5 асыл iстi жазады.

2-топ 5 дұшпанды жазады.

Үлестiрiлетiн кәртiшкелер

Ауызша. Абайдың «Қыс» өлеңiнiң бiр шумағында екi сан есiм бар. Тап.

Бұлттай қасы жауып екi көзiн,

Басын сiлiксе қар жауып мазанды алды.

Борандай бұрқ-сарқ етiп долданғанда,

Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Ондағы «Алты қанат ақ орда» деген тiркеске түсiнiк беремiн.

1. Керегенiң санының қанша болуына байланысты 4, 6, 8, 12, 18 қанатты киiз үйлер болады.

2. Салтанатына қарай «Ақ орда», «Алтын орда», «Қараша үй», «Қара лашық», т.б. деп бөлiнедi.

– Абайдың тағы қандай өлеңдерiнде, нақыл сөздерiнде сан есiм кездеседi? /Екi топқа айтқызып, екiншi бөлiмдi бағалау/.

*«Ойлан, тап» бөлiмi.* Қайсысы қай сөзге лайық?

Әр топқа кәртiшке үлестiремін, оқушылар қарындашпен сызып көрсетедi, ал тақтаға iлiнген көрнекiлiк арқылы жауаптары тексерiледi.

Бiр шымшым

өлең

Бiр жайым

айран

Бiр уыс

ет

Бiр шөкiм

тұз

Бiр асым

бұлт

Бiр жұтым

қамыр

Бiр ұрттам

бидай

Бiр ауыз

су

Осы жерде тұз, бидай, т.б. заттар арқылы *бір уыс, бір шымшым* деген сөздердің мағынасын сол заттарды көрсеті отырып ұғындыру керек. Ал *бір шөкім* дегенді суреттер арқылы түсіндіремін. /Ақша бұлт, қазбауыр бұлт, бір шөкім бұлт, т.б./

*Саусағымның атын тап.*

/Қолдың саусақтарына сақина кигізе отырып сақинаның қай саусақта екенін айтқызу/.

Оқушылар әр саусақтың атын білуі қажет. Төмендегі көрнекілікпен жұмыс жүргізе отырып түсіндіремін.

Бас бармағым бауға барды,

Сұқ саусағым суға барды.

Ортан қолым орақ орып,

Аты жоғым ағаш жарды.

Жұмсамапты алақаным

Тек шынашақ балапанын.

«Соғым шүйгін болсын».

/Соғымның (егер жылқы сойса) семіз, шүйгін екенін қабырғасындағы майының қалың, жұқалығынан білеміз/.

Қазақ қазының қалың, жұқалығын қандай өлшем бірлігімен өлшейді? См, мм деген өлшем бірлігімен айтуға бола ма? (*Елі, бармақ, екі елі, шынтақ, 3-4 елі* дегенді қолмен көрсету арқылы түсіндіремін).

*Сурет бойынша әңгіме құра.*

(Сан есімнің мағыналық түрлерін қолдан).

«*Айтыс*». Әр топ берілген «санға» ұйқас күлкілі шумақ не сөйлем тауып айтады. Мысалы: «Сегіз», қойларымыз семіз, қозыларымыз егіз.

«Айтысқа» берілетін сан есімдер: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 20, 30, 40, 80, 90, 100.

Қазылар алқасы әр топтың білімін бағалайды, сабақты қорытындылаймын.

Құрмангүл БАЯХМЕТОВА,  
*Безродных атындағы*  
*орта мектептің мұғалімі.*

Алматы облысы,  
Алакөл ауданы,  
Үшбұлақ ауылы.

## «БАҒАНАЛЫ ТЕРЕК...» ӨЛЕҢІ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Махамбет өлеңі отаршылыққа қарсы көтерілістің айнасы екендігін оқушы санасына жеткізу, өлеңнің мазмұны мен маңызын ашу, әдеби-теориялық ұғымдарды ажырата білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – қазақ тарихына жаңаша көзқарас қалыптастыру, өзіндік талдау жасап, ойын әдеби тілмен өрнектей білу; **тәрбиелік** – ақын шығармалары арқылы оқушыларды адамгершілікке баулу, отансүйгіш, ұлтжанды жеке тұлға қалыптастыру. **Көрнекілігі:** «Жауынгер батыр, жалынды ақын» бүктемесі, кітап көрмесі, сызбалар, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Сабақтың типі:** қорытындылау және жүйеге келтіру сабағы. **Әдісі:** эвристикалық әдіс, анализ-синтез, әңгімелесу, баяндау.

### **Сабақтың барысы.**


Ұйымдастыру бөлімі.

Оқушы қатысымын тексеру.

Үй тапсырмасын тірек сигналдары арқылы тексеру.

1. Әбілқайыр – Нұралы – Бөкей – Жәңгір
2. Өтемістен туған он едік...
3. Исатай Тайманұлы...
4. Ай, тақсыр-ай, ай, тақсыр,

- Бойың жетпес биікпін,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан!
5. Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге  
Мал толтырсам деп едім...
6. Сені көлден айырған –  
Лашын құстың тепкіні.  
Мені елден айырған –  
Хан Жәңгірдің екпіні...
7. Ақын жайлы ой қорытсақ.



Көтерілістің шығу себебін тарих пәнімен байланыстыра отырып айту. Жәңгірдің биік мәдениетті болғандығы, еуропаша тәрбиеленгені, өз көргенін көңілге тоқи отырып 60 бөлмелі хан сарайын салдырған, мектеп аштырған хан екенін айта отырып жаңа сабаққа көшу.

**Жаңа сабақ.** «Бағаналы терек жарылса...» өлеңі.

(Мұғалім өлеңді жатқа оқиды)

Орай да борай қар жауса,

Қалыңға боран борар ма?!

Қаптай соққан боранда

Қаптама киген тоңар ма?!

Туырлықсыз тұл үйге

Ту байласаң тұрар ма?!

Бағаналы терек жарылса...

**Мәтінмен жұмыс.** Екі-үш оқушыға өлеңді мәнерлеп оқыту.

Өлеңді оқыта отырып, түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндіру.

*Қаптама* – суықта киетін сырты тысталған қалың киім, тон, шекпен.

*Туырлық* – киіз үйдің түңлігі мен үзігінің арасын қосатын, ауықтың орта тұсынан керегенің басына дейін жабатын киіз.

*Бақыраш* – қаңылтыр ожау.

Өлең жолдарына талдау жасай отырып, әдеби-теориялық ұғымдар *аллитерация* мен *ассонансқа* түсінік беру. Оларды көркем шығармадан таба білуге дағдыландыру.

Өлеңдегі әрбір жаңа жолдың басқы бірінші дыбыстарының біркелкі дауысты болып қайталанып айтылуын ассонанс дейміз.

Ал өлең сөздерінің басқы дыбыстарының біркелкі дауыссыз болып қайталанып айтылуын аллитерация дейміз.

«Орай да борай қар жауса,

Қалыңға боран борар ма?!

Қаптай соққан боранда

Қаптама киген тоңар ма?!» дегенде соңғы үш жолдың бірінші дыбыстары «Қ» дауыссызынан басталады.

**Сабақты бекіту.** Семантикалық карта арқылы бекітіледі. Әр оқушыға тарату, жаңа сабақ бойынша пікірін білу.

Махамбет өлеңі	Өлеңнің негізі тақырыбы	Өлең туралы пікірің	Сенің сабақтан алған әсерің

**Сабақты қорытындылау.** Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ақын өзінің биік рухын жоғалтпайды. Халықты бейжай қалдырмай намысқа шақырады, ертеңгі күнге үмітпен қарайды. Махамбет өлеңдерінің өміршеңдігі сол – Махамбет өлеңдері намысты болуға, өлмес рухқа, ерлікке, батылдыққа жігерлендіреді. «Бағаналы терек жарылса...» өлеңі мәнін әлі күнге дейін жойған жоқ.

Әділдік, теңдік, іздеген

Махамбет жыры бізбенен!

**Үйге тапсырма:** өлеңді жаттау.





## «ҚЫРЫҚ ӨТІРІК» ЕРТЕГІСІ

**Сабақтың мақсаты:** а) ертегінің мазмұнын меңгерту; б) өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, шығармашылық қабілетін жетілдіру, иллюстрациялық суреттер арқылы әңгіме құрастырту; в) тапқырлыққа, шешендікке, байқампаздыққа тәрбиелеу. **Түрі:** бекіту сабағы. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері, қазақ тілі. **Сабақтың әдісі:** ой қозғау.

**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.**

**II. Қызығушылығын ояту (ой қозғау).**

Қазақта «қырық» сөзі ерекше айтылады. *Қырық* сөзіне байланысты қандай мақал, тұрақты тіркесті білеміз?



«Қырық» сөзі көп мағынаны береді екен. Сонымен бірге «қырық» – киелі сан. Мысалы, «Ғайып ерен, қырық шілтен» – халық табынған киелі пірлер.

### **III. Үйге берілетін тапсырманы тексеру.**

Тапсырма ертегінің мазмұнын меңгерту болатын.

1) Тест-интервью кестесі.

Тазшаның қай жылқысы жоғалды?	
Атып алған қоянның майының көптігі қандай?	
Тазша етігін қайдан тапты?	
Тазша судан қалай өтті?	
Тазша жылқысын тапқан соң оны не істеді?	

(Тест-интервьюді ауызша тексеру).

2) Сахналық қойылым түрінде мазмұндау.

– Бәріміз де оқыдық па, балалар? Олай болса, көрініс қоя аламыз ба? Қане, кім хан, Тазша, халық өкілі болады?

3) Тазшаның тапқырлығын жалғастырып, өтірік өлеңдерін кезекпен жалғастырып көрейік. (Өлеңді жатқа сұрау).

### **IV. Кейіпкерді тану.**

А) Мәтінге сүйеніп Тазшаға, ханға мінездеме беру.

Хан  
Қатыгез, ..., ....

Тазша бала  
Байқағыш, ..., ...

(Сөздердің синонимін табу, ережесін еске түсіру).

### ***V. Мағынаны тану.***

– Балалар, өтірік айту дұрыс па?..

– Тазша бала неге өтірік айтты?..

– Тазшаның өтірік әңгімесінен қандай өнерін көреміз?..

– Иә, Тазша қиялшыл, тапқыр, байқағыш бала екен.

### ***VI. Толғаныс стратегиясы.***

Ендеше біз де қиялға ерік берелік,

Өтірік өлең, ертегі құрап көрелік!

(Иллюстрациялық суреттер арқылы)

**РАФТ стратегиясы бойынша:**

*Рөл* – Мысық, Тышқан, Ит

*Аудитория* – есіктің алды.


*Форма* – ертегі.

*Тақырып* – «Неге араз?»

(Ертегіні балалар ауызша да, жазбаша да құрастыра алады).

***VII. Еске түсіру.*** Біз қандай ертегі құрастырдық? Ертегінің қандай түрлері бар? Ауыз әдебиеті деген не? Оның қандай ерекшеліктері бар? Ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?

***VIII. «Бізде, қане, кім тапқыр?»*** Өтірік өлең құрастыру.



### ***IX. Қорыту.***

- Қалай ойлайсыңдар, ертегідегі айтылған бейнедегідей адамдар бар ма бүгінде?..

Бұл ертегі өміршең екен. Ортамызда байлықтың буына пісіп, не істерін білмей жүргендер де аз емес. Тазша баланың кебін киіп, өз өнерімен, білімімен қиындықта нан тауып, қысылған жерден жол тауып жүрген жандар тіпті көп.

Олай болса, балалар, қысылғанға дем берер, қиналғанға жол сілтер ақылды, тапқыр болып өсе берейік!

***X. Үйге тапсырма:*** өтірік өлең құрастыру; өтірікке байланысты мақалдар тауып жазып келу.



## ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ӘНШІ» ӨЛЕҢІ

**Сабақтың мақсаты:** *білімділігі* – ақын Ілияс Жансүгіров өмірі жайында мағлұмат беру, «Әнші» өлеңінің мән-мағынасын түсіндіру, әнші композитор, айтыскер ақын Найманбайұлы Әсеттің өмірі жайынан кеңінен мағлұмат беру; *тәрбиелілігі* – қазақ өнерінің, күй өнерінің, қарақобыз, домбырасының қасиетін дәріптеу; *дамытушылығы* – танымдық қызығушылықты оята дамыту, өнерді сүйе білуге қабілеттілікті арттыру. **Көрнекілігі:** Ілияс портреті, 3 томдық шығармалар жинағы, С.Жанәбіловтің «Ол ертең атылады» туындысы, Әсет шығармалары, интерактивті тақта, сөзжұмбақ. **Әдіс-тәсілдер:** баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, тест сұрағы, мәнерлеп оқу, топтастыру.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру:** оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа назарларын аудару.

**Үй тапсырмасын сұрау, бағалау.**

1) Сәкен Сейфуллиннің «Қамаудан», «Тұлпарым» атты өлеңдерін жатқа айту.

2) Өлеңнің мазмұнын түсіндіре айту, пысықтау сұрақтарын қою.

1) Балалар бұл өлеңдердегі тұтқын кім? Кімдердің образы?

2) Оның көңілі кімге асығып, кіммен іштей сырласып отыр?

3) Тест бойынша жұмыс.

**Жаңа сабақ.** Интерактивті тақтадан ақын Ілияс Жансүгіров өмірін, шығармашылығын тыңдау.

«Жылдар сөйлейді» көрнекілігі арқылы өмір жолын, шығармашылығын айтып өтеміз.



1. 1984ж. қазіргі Алматы облысының Ақсу ауылында дүниеге келген.

2. 1905-1911 жылдары алғашқыда әкесінен хат танып, содан соң молдадан оқиды, Қарағаштағы татар үлгісіндегі мектепте дәріс алды.

3. 1916 жылы «Әншіге» өлеңін жазады.

4. 1920 жылы Алматыда үш айлық мұғалімдер курсы бітіреді.

5. 1925 жылы Мәскеудегі журналистика институтына түседі.

6. 1928 жылы елге келіп «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет атқарды. «Сағанақ» деген тұңғыш кітабы жарық көрді.

7. 1934-1936 жылдары Қазақстанда көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін басқарды.

8. 1938 жылы ату жазасына кесілді.

Ілияс Жансүгіров «Әнші» өлеңін 1928 және 1933 жылдардағы жинақтарына кіргізген. Ілияс Әсет Найманбайұлының «Әсет» атты әнін өте жақсы көретін еді, сондықтан ән айтуға тура келсе, алдымен Әсетті айтатын еді және барлық ықыласын сала, барлық сезімін жұмсай айтатын еді. Ол ««Әнші» өлеңінің сөзі негізінен Әсеттің өзінікі, мен тек біраз өңдедім» дейді.

Өлең асқан әнші, сазгер Әсет атынан жырланады.

Әсет Найманбайұлы 1867 жылы Жезқазған өлкесінің Ақтоғай ауданының «Қызыл арай» ауылында дүниеге келген. Әсеттің әкесі Найманбай, шешесі Кермеқас кедей адамдар болыпты. Ол ұлдан жалғыз болған. Ол ескіше, яғни, мұсылманша оқыған, әжептәуір білімді болған.

Әсеттің дауысы айрықша зор болған. Әншілік өнерді әбден меңгерген соң ғана ол өз жанынан ән шығара бастаған. Сондай-ақ ол суырыпсалма ақын болған. Ол Ырысжанмен, Кәрібай, Сәмет, Қали, Бақтыбай, Кемпірбай сынды ақындармен айтысқа түсіп, айтыскер ақын атанған. Сәбит Мұқанов «Біржанның әні сияқты Әсеттің әндері аса биік, ырғақты, қайырылымы биік болған. Сондықтан оның әндерін үйрену де қиын еді» деген пікірлер айтады.

Әсет Найманбайұлының жас кезінде шығарған әндерінің біріне жататын «Инжу-маржан» әні – құрылысы, әуенділігі жағынан қазақ әндерінің ғажаптарының бірі.

Оқулықта берілген «Әнші» өлеңін үнтаспадан тындап (Дыбысталған электронды оқулық, 7-сынып), дауыс мәнеріне көңіл бөле, оқушыларға мәнерлетіп оқытамын.

Өлеңде ақынның өзіне қоятын талабы қандай? (Анықтау).

*Аңыратып, жайлантып, қоңырлатып, жамыратып, қоңыр қаздай мамырлатып, боздатып, күңірентіп, нәсердей жауындатып, бұрқақтатып, жүйткітіп, аңқылдатып, шалықтатып, талдырып, тамылжытып, әсерлетіп...* деп көсемше етістікке жан бітіре сөйлетеді.

**Дәптермен жұмыс.** Өлеңді құрылысына қарай талдау.

Ар-ғын-мын, а-тым - Ә-сет, а-рын-да-ған, -11-а

А-рын-дап ән са-ла ма да-ры-ма-ған?! -11-а

Ас-пан-ның а-я-сын-да ән шал-қыт-қан,

Бұл-бұл-мын дау-сы көк-те да-мыл-да-ған . -11-а

Өлең 11 буынды, шұбыртпалы ұйқас түрінде жазылған.

**Өлеңге теориялық талдау.**

Өлеңнен ауыстыруды (метафораны) табайық.

1) Метафора дегеніміз не? Сөз мәнін өңдендіре, өзгерте айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін өзіне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау. (Бұлбұлмын, тұлпармын, жорғамын, майдамын, тауықпын, құм – қыстау, өлке – көктеу, өзен – күзеу, жайлауым – жалпақ дала, сөз – жаңбыр, даусым – дауыл, әнім – ескек).

2) Өлеңнен теңеуді табу. Теңеу дегеніміз не? Теңеу өлең мәнін қаншалықты ашып тұр?

«Үйректей, қаздай қалқып жүрмін жүзіп... аққудай аспандағы әнді өрлетіп... қоңыр қаздай мамырлатып... інгендей күңіrentіп... нөсердей жауындатып... қазандай дауылдатып... қамыстай сауылдатып» деп әнші өзінің халқының еркесіне айналғанын мақтанышпен сездіреді.


### Сөзжұмбақ

- |                   |                      |
|-------------------|----------------------|
| 1) Әсеттің әкесі. | 3) Әсетпен айтысқан. |
| 2) Әсеттің анасы. | 4) Әсет кім?         |

	Н	а	й	м	а	н	б	а	й
К	е	р	м	е	қ	а	с		
			Ы	р	ы	с	ж	а	н
				Ә	н	ш	і		

Өз халқының еркесіне, мақтанышына айналған Әсет дәуірінде өмір сүрген әнші ақындарды топтастыру.





Үнтаспадан Әсет әншінің «Инжу-маржан» әнін тыңдау.

### Сабақты қорытындылау.

«Өнердің биігіне талмай ұшқан

Көбейсін өнерпаздар әрбір тұстан.

Ата салт-дәстүрлерге берік болып,

Тәуелсіз жасай берсін Қазақстан!» – дей келіп,

өнерді жалғастырушы оқушылардың өздері екендігін айтып,

өнер туралы, қазіргі қазақ өнерінің өркендеуі жайында ой

қозғап, ән-күй, өнер туралы мақал-мәтелдер айтқызамын.

*Өнерлі өрге жүзер. Жігітке жетпіс өнер де аз. Өнерді*

*үйрен де жирен. Ел іші – өнер кеніші.*

**Үйге тапсырма:** «Ел іші – өнер кеніші» тақырыбына

шығарма жазып келу.



Меңдігүл НҰРПЕЙІСОВА,  
Семей қаласындағы  
№142 жалпы орта білім беретін  
мектептің мұғалімі.

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ. «ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ»

(8-сынып, 2 сағат)

**Сабақтың мақсаты:** адам мен табиғат арасындағы үзілмес бірліктің, сабақтастықтың маңызын Байтас қарттың бейнесімен ашу, табиғат суретінің адам өміріндегі жетекші рөлін дәлелдеу.

**Білімділік міндеті:** Байтас қарттың мінезіндегі ерекшеліктерді авторлық суреттеу, баяндаулармен ұғындыру.

**Тәрбиелік міндеті:** оқушыларды туған жерін, елін, Отанын сүйе білуге тәрбиелеу.

**Дамытушылық міндеті:** мәтінмен жұмыс арқылы пікір айтуға, шығармашылық әрекетке баулу.

**Сабақтың түрі:** сын тұрғысынан ойлау стратегиясы.

**Типі:** өткен материалды қорытындылау, жинақтау, жүйелеу.

**Әдісі:** диалогтық әңгіме, түсіндірмелі пікірлесу, іздендіру.

**Сабақтың барысы.**

**I. Кіріспе.** Мұғалім сөзі.

Осы сабақтан не күтесіңдер?

Жауап нұсқасы: көтеріңкі көңіл-күй; әңгіменің идеясын ашамыз; жаңа білім, т.б.

Ел кетсе не болады? (ауыл тозып кетеді; көңілсіздік басады; жер жетім қалады)

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

Бөлімдік-сюжеттік жоспарларын оқыту.

Үлгі нұсқа.

### **Жолға шыққан жолаушы.**

1. Жайлау келбеті;
2. Етікші асуындағы қиындық;
3. Аңдыған көкжал;
4. Тау қойнауында.

### **Өткен өмір елесі.**

1. Төлеутай – қарттың жалғыз жұбанышы;
2. Қайтқан қаздар;
3. Байтас түрмеде;
4. Жалғыздық.

### **Атамекен шақырады.**

1. Түн түрілгенде;
2. Ала баған түбінде;
3. Туған жердің жұпары;
4. Ата-баба қорымында;
5. Ескі қыстаудағы Байтас қарт;
6. Ізге түскен шекарашылар.

### **III. Жаңа сабақ.**

1. Оқушыларды топқа бөлу.

Тапсырма: үш жақты күнделік жазу.

Мәтіннен үзінді	Байтастың іс-әрекеті	Үйлесімділік
<p>1-топ</p> <p><b>I бөлім: «Жолға шыққан жолаушы»</b></p> <p>...Аспан да, жер де сұп-сұрғылт. Жаздың шіліңгір ыстығында басынан бұлт кетпейтін Етікші шыңы бұл күнде бозғылт мұнарға оранған.</p> <p>...Күн батып, қас қарайып барады. Сай-сала үңірейіп, жұтып қоятындай төніп тұр.</p>	<p>Бар салмағын таяғына салып, тізесі дірілдеп, зорға жылжып келеді. Өрге қарай өшіге, өршелене ұмтылады. Күн тастөбеге жеткенде асудың ұшар басына жетті.</p> <p>Шошып оянды. Көкжал жер бауырлап жылжып келеді. Келідей тасты домалатып қасқырдан құтылды.</p>	<p>Тау басындағы мұнар – Байтастың жат жердегі өмірі.</p> <p>Өмір бойы қауіп-қатермен жүрді.</p>
<p>2-топ.</p> <p><b>II бөлім: «Өткен өмір елесі»</b></p> <p>...Бір заматта канаттары сартылдап су жағасына тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды.</p> <p>...Қаздар бой жазып суға қонып алды да, кешікпей аспанға көтерілді, шарықтап көп жүрді айналып.</p>	<p>Немересі Төлеутайға «Қаздар туған жеріне кетіп барады» деп түсіндірді.</p> <p>Немересіне қазды атуға болмайтынын ұғындырды.</p>	<p>Туған жерге деген сағыныш.</p> <p>Жарым көңілді. Қайғы-қасіретке кезігуі.</p>

3-топ.

**III бөлім:  
«Атамекен  
шақырады»**

...Дәл аяғының  
астынан тарақ  
құйрық сары  
тышқан жүгіріп  
өтті.

Қарсы алдынан  
алтын күрек самал  
жел есіп қоя берді.

...Таң аппақ. Мұнар  
лезде айығып,  
айнала ап-айқын  
көрінді.

Ала бағаннан  
жүгіріп өтті.

Дымқыл  
топырақтың бір  
уысын алып иіскей  
берді.


Ата-баба  
қорымына кеп  
құран оқыды.  
Тұмарға түйген  
топырағын  
қыстауына әкеп  
төкті.

Тышқан – деталь,  
хабаршы.

Қуанышын көз  
жасымен жуды.

Өмір бойғы  
арманы  
орындалды.

Байтас бейнесін кластер үлгісінде ашу.



<i>Мұғалім</i>	<i>Оқушы</i>
1. Әңгіменің «Қаздар қайтып барады» деп аталу себебі неде?	1.1. «Ер елін аңсайды, Қаз көлін аңсайды.» 1.2. Жер-жердің бәрі жақсы, бірақ өз еліңе жетпейді. 1.3. Құс екеш құс та мекенін табады. 1.4. Байтас қарттың еліне оралуымен түсіндіру.

*IV. Бағалау.*

*V. Үйге тапсырма:* «Туған жердей жер болмас»  
(Шығарма).



**Бибігүл ӘБДІРАСЫЛОВА,**

*Ақтөбе ауылындағы*

*№109 қазақ орта мектебінің*

*мұғалімі.*

Қызылорда облысы,

Қармақшы ауданы.

**ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ.**

**«СЫРДАРИЯ» ӨЛЕҢІ**

*(7-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** *білімділік* – Әбділда Тәжібаев туралы қысқаша мәлімет беру, өлеңнің мазмұны мен идеясын ашу арқылы табиғаттағы, адам өміріндегі атқарар жүгін таныту, өлеңді түсініп мәнерлеп оқуға, туған жерін сүйеге

баулу; **дамытушылық** – оқушының ауызша және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, өлеңді құрылысына талдай білуге машықтандыру, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – адам өміріне қажет өзеннің пайдасын білуге, оны қорғауға баулу, ойын еркін жеткізе алатын қолайлы орта туғызу. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, ой қозғау, талдау, «Блум» жүйесі. **Түрі:** аралас сабақ. **Пәнаралық байланыс:** география, музыка, математика. **Көрнекілігі:** ақын суреті, өлеңдер жинағы, Қазақстан картасы. **Техникалық құрал:** интерактивтік тақта.

### **Сабақтың барысы.**

#### **Ұйымдастыру.**

- а) Сәлемдесу, түгелдеу.
- ә) Сабаққа даярлықтарын тексеру.

#### **Үй тапсырмасын сұрау, бекіту.**

Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз»

поэмасы

1. Поэмадан үзіндіні жатқа оқу
2. Абдоллаға мінездеме
3. Өткен тақырыпты сұрақ-жауап түрінде қорытындылау
  - а) Поэма неге «Ақын өлімі туралы аңыз» деп аталды?
  - ә) Поэмадағы ақын кім?
  - б) Поэманың тақырыбы не жайында?
  - в) Поэма оқиғасы қай кезеңді суреттейді?
  - г) Кімнің ерлігі суреттелген?
  - ғ) Соғыстың аяқталғанына неше жыл болды?
  - д) Қасым өзінің қандай ақын екендігін қай өлеңде танытты?

#### **Жаңа сабақ.**

– Балалар, біз бүгінгі сабақта Әбділда Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңімен танысамыз. (Оқушыларды сабақ жоспарымен таныстыру).

## ***I. Жоспары.***

**Білім:** «Сыр елі – жыр елі».

**Түсіну:** Өлеңнің тақырыбын ашу.

**Қолдану:** Өлең идеясын ашу.

**Талдау:** Өлең құрылысына көркем талдау жасау.

**Жинақтау:** Өлеңнің маңыздылығы.

**Баға:** Ой толғау.

## ***II. Кіріспе сөз.***

1. Туған жердегі ақын-жазушылар.

2. Әбділда Тәжібаев өмірі, шығармалары туралы қысқаша

мәлімет.

3. Картамен жұмыс. Сырдария өзені туралы әңгімелеу.

(География пәнінің мұғалімі)

## ***III. Өлеңнің тақырыбын ашу.***

1. Сырдария – біріккен сөз, зат есім, жалқы есім.

2. «Сыр» сөзінің синонимі. Адамның жан сыры. Сыр –

күпия.

3. Дария – үлкен өзен, кең арна.

4. «Сырдария» өлеңін мәнерлеп оқу.

5. Сөздік жұмысы (дәптерлеріне жазып алады)

Гейне – неміс ақыны. Рейн – Германиядағы өзен. Тарас –

украин ақыны. Днепр – Украинадағы өзен. Пушкин – орыс

ақыны. Еділ (Волга) – Ресейдегі өзен.

6. Оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқытып, жалқы

есімдерді тапқызу.

## ***IV. Сұрақ-жауап әдісімен өлеңнің идеясын ашу.***

1. Өлең тақырыбы не жайында?

2. Ақын еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін қалай

білдіреді? Оны қай жолдардан байқауға болады?

3. «Ел анасы – менің анам» деген жолдардың мағынасын

қалай түсінесіңдер?

4. Анаға ұқсас ұғымды қалай білдірген?

5. Лирика дегеніміз не?



6. Бұл өлең лириканың қай түріне жатады?

**V. Өлең құрылысына, көркем тіліне талдау.**

1. Параллелизм сөзіне түсінік беру (Алгебрамен байланыстыру)

2. Өлең құрылысына талдау.

Төрт тармақты.

Білем сені, сүйем сені,  
Сыр сұлуы - қарт анам!  
Сенсің мені әлдилеген,  
Туған сенен – мен балаң!  
Екі бунақты тармақ.

Сүйсе Гейне, // анам десе 8 буын

Сүйген суы // Рейнесін 7 буын

Сырдың суы // туған ол да 8 буын

Өз ақынын // Гейнесін 7 буын

**VI. Ой толғау.**

«Су – тіршіліктің көзі».

**VII. Жаңа тақырыпты қорыту.**

1. Әбділда Тәжібаев кім? (Ассоциациялық әдіс)

2. Сыр өзенін жырлаған ақындар

3. Әбділда ата - 100 жаста (Атаға арнау).

**VIII. Сабақты қорытындылау.**

1. Ақын «Сырдария» өлеңінде не айтқысы келді?

2. Өзен, көлдердің адам өміріндегі пайдасы қандай?

3. «Қазақстан – жасыл желекті, мөлдір сулы өлкеге айналуы тиіс» деп «Қазақстан – 2030» бағдарламасында айтылғандай, өз жерімізді көркейтуге қандай үлес қосар едіңдер?

**IX. Оқушыларды бағалау.**

**X. Үйге тапсырма беру:** 1) «Сырдария» өлеңін жаттау;

2) Әбділда Тәжібаев өлеңдерімен танысу.



Тойжан АҚБОЛАТОВА,  
Батыс Қазақстан облысының  
Қаратөбе ауданындағы  
Мұхит атындағы жалпы орта  
білім беретін мектебінің мұғалімі.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «ҚАРА БҰЛТ»

(6-сынып)

**Сабақ мақсаты: білімділік** – ақын Ахмет Байтұрсынұлы туралы білімдерін байқай отырып, қосымша білім беру; өлеңін талдата отырып ақын шеберлігін аңғарту; мысал туралы білімдерін тексеру; «Қара бұлт» өлеңі арқылы адам болатын мінездерін аңғарту. **дамытушылық** – ақынның өлеңімен таныса отырып оқушының сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту. **тәрбиелік** – жақсы мінезге, еңбекке, ел қамын ойлайтын адам болып қалыптасуға шақыру. **Түрі:** әңгіме, түсіндіру, талдау. **Әдісі:** СТО жобасы бойынша. **Көрнекілігі:** слайдтық кесте, электрондық оқулық. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, ағылшын тілі, география, тарих.

**Сабақтың барысы.**

**Психологиялық дайындық.** Оқушы зейінін аудару, бағалау парағын ескерту.

**Үй жұмысын тексеру.** Сұлтанмахмұттың «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңін жатқа тізбектеп сұрау .

Оқушылардың білімдерін ортаға салу.

Үнтаспадан Ахметтің өмірі мен шығармашылығы туралы оқушыларға тыңдату.

## Топтастыру



- Ахметтің «Қара бұлт» өлеңі не туралы деп ойлайсыздар?  
(Оқушының болжалды жауабын алу.)

### Түсіндірме күнделігі

/Экраннан көрсету/

Сабақтың география, тарихпен байланысы.

Үнтаспадан өлеңнің екі шумағын ғана тыңдату /оқылу ережесін білу бағытында/.

Әрі қарай оқушыларға 1 шумақтан мәнерлеп оқыту.

- Не байқадық ? /Өлеңде аллегориялық образдар бар/

- Өлең мысал түрінде берілген.

- Мысал, аллегория дегеніміз не...?

1. *Бұлт* – атмосферадағы өте ұсақ су тамшылары мен мұз кристалдарының жиынтығы, ауадағы су буының молаюынан пайда болады. 2. *Тау* – әр түрлі жолдармен пайда болған, биіктігі теңіз деңгейінен 200 м-ден астам оқшауланған шың, бұйрат, массив, жота. 3. *Егіншілік* – халыққа тағам, малға азық, өнеркәсіпке шикізат ретінде қажет өсімдіктерді өсіретін шаруашылықтың бір саласы. Ауылшаруашылық өнімдерін өсіру, күту, өнімін арттыру, жерді тиімді пайдалану және оның құнарлықтарын арттыруды зерттейтін ғылым. Оған егін егу, жеміс, гүл, жүзім, шабындықты пайдалану, т.б жатады.

4. *Антан* – ыстық. 5. *Теңіз* – мұхит айдынынан құрлықпен бөлінген және одан гидрологиялық, метеорологиялық және климаттық режимдермен ажыратылатын дүние жүзілік мұхит бөлігі немесе мұхиттың ашық бөліктері. 6. *Пәрмен* – екпінді, қатты. 7. *Мырзасыну* – жомарттық, қолы ашылу. 8. *Қайран қалу* – таң қалу. 9. *Қадарлы* – тәрізді, сияқты. 10. *Қайыр* – пайда. 11. *Фибрат* – үлгі, өнеге.

Өлеңдегі аллегориялық образдар: бұлт, тау.

### Концептуалдық кесте

«Қара бұлт»	Аллегориялық образдар	Қандай мінездерді көрсетеді?
Жағымды	Тау	Ақылды, сабырлы, ел қамын ойлаушы
Жағымсыз	Бұлт	Ақылсыз, қайырымсыз, мақтаншақ

- Қайырымдылықты кімдерге жасау керек деп ойлайсыздар?..

- Біздің заманымызда (осындай секілді, басқа бағыт бойынша да) қайырымсыз адамдар бар ма?..

- Сонда осы мысал өлеңнен қандай түйін алдық?..

- Ақынның түйіні соңғы шумақта берілген.

### Тест интервью

Ахмет шығармаларының ерекшелігі	Шығармалары арқылы бізге қандай тәрбие береді?
Ойы өзекті. Қазақ тұрмысына жақын ойлар айтылады. Тұспалдап жеткізеді.	Мақтаншақтыққа жол бермеу. Қайырымдылықты бойға сіңіру. Елдің, халықтың қамын ойлау.

### Ой-толғаныс.

**Топпен жұмыс** /Тақтамен жұмыс/

**I топ.** Ахметке «Бес жолды өлең»

*Кім?* – Ахмет /ақын/

*Қандай?* – Шебер, суреткер.

*Не істеді?* – Аударды, кейіптеді, шығарды, т.б.

*Синонимі* – Ақын, мысалшы, аудармашы.

*Сөйлем* – Ахмет - XX ғасыр әдебиетшісі.

**II топ.** «Қара бұлт» өлеңінің бірінші шумағын құрылысына талдау.

**III топ.** «Қара бұлт» сөзін орыс, ағылшын тіліне аудару.

Қара бұлт – черная туча – black cloud.

Оқушылар бағалау парағы бойынша бағаланады.

---

*Жүйесіз сөз иесін табады*

## ТЕЗЕК ТӨРЕ МЕН БӨЛТІРІК

Бөлтірік ешкімнен жеңілмеген шешен, батыр, ақын атанған кісі екен.

Бірде Тезек төре:

- Бөлтірігім, Ысты қанша ел болды?- депті. Сонда

Бөлтірік:

- Ысты аз болса, Дулаттан аз шығар, бірақ алпыс үйлі төреден аз емес,- деп жауап беріпті.

Тамақ жеп болған соң Тезек:

- Бөлтірігім, біздің үйдің дәмі қандай екен?- дегенде,

Бөлтірік:

- Сіздің үйдің дәмінен елдің көз жасының соры татып тұрғой,- депті. Уәжден ұтыла берген Тезек:

- Япырай, басымның ауырып тұрғаны,- дейді.

Сонда Бөлтірік іле-шала:

- Құдай-ай, сақтай гөр. Төре баласы мен түйе баласы қисайса мал болмайды деуші еді,- депті.

*(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1987, 95-бет.)*

---



**Марина БАЙТЕРЕКОВА,**  
Ақтөбе облысының  
Мұғалжар ауданындағы  
Қандыағаш қалалық  
№3 мектеп-гимназияның  
мұғалімі.

## **МҰҚАҒАЛИ – ҒАЖАЙЫП ТҰТАС БІР ӘЛЕМ**

**Іс-шара мақсаты:** 1) ғасырлар тоғысында *Ғасыр ақыны* атанған Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын оқырман жүрегіне ұялату, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру; 2) өз ойларын еркін, жүйелі жеткізе білуге үйрету, шығармашылығын қалай меңгергендіктерін бақылау; 3) Мұқағали Мақатаев шығармалары арқылы махаббатты бағалауға, туған жерді сүйуге, адалдыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Мұқағали Мақатаевтың портреті, шығармалар жинағы, еңбектері, даналық сөздер, сұрақ тапсырмалар.

### **Іс-шара жоспары:**

1. Өмірі туралы дерек.
2. Өлеңдерін оқу.
3. «Мұқағали тағылымы» (білім сайысы).
4. Әндерін орындау.
5. Мұғалім қорытындысы.

**1-жүргізуші:** - Поэзия әлемінде өз ойын көркемдікпен, басқан шеберлікпен бере білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл тек шабыты өте жоғары, өлең шығару дарыны ерекше үлкен талант иесінің қолынан ғана келеді. Сондай таланттардың бірі - Мұқағали Мақатаев.

“Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем мың кісіден”, - деп жырлап өткен ақиық ақын Мұқағали Мақатаев еді.

“Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздардың қараңғы күн қойнауынан сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Абаймен үндес Мұқағалидай перзенті бар халық – шыныменен, бақытты халық”.

**2-жүргізуші:** - Мұқағали ақын – өмірінің соңына дейін қолынан жүйрік қаламы түспеген, қазақтың қара өлеңінің құдіретіне, терең сырына қаныққан ақын. Сонымен бірге Мұқағали – ғажайып гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды.

Ақынның өмірдерегімен таныс болайық.

(Мұқағали Мақатаевтың өмірі туралы таныстырылады).

**1-жүргізуші:** - Сырым да осы,

Жырым да осы,

Алдыңда,

Байқашы бір,

Бықсыдым ба, жандым ба?

Махаңдар жоқ,

Махаңдардың сарқыты -

Мұқағали Мақатаев бар мұнда!

(Өр мінезді, ақиық ақын Мұқағали бейнесіндегі оқушы ортаға шығады. «Туған күнім» атты өлеңін жатқа оқиды).

**2-жүргізуші:** - Табиғат, жанымды алсаң, алшы менің,

Бір түйір жерге түскен тамшың едім.

Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,

Артымда қалсын жерім, қалсын елім!  
Кім білсін қаншама әлі шырқарымды,  
Кім білсін қай күн сенің қырқарыңды?!  
Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,

Жоғалтпаса болғаны ұрпағымды,- деген екен. Келесі кезекте ақынның шығармашылығына тоқталайық.

**1-жүргізуші:** - Шетінен өлең-жыры шұғылалы,

Біз түсініп болған жоқпыз, ұғып әлі.

«Шын поэзия жасырынып тұрған дүние сұлулығының шымылдығын сыпырып тастайды» деген еді Шелли Хан. Мұқағалидың поэзиямен қалай сырласқанын тыңдап көрелік.

(«Поэзия» өлеңі оқылады).

**2-жүргізуші:** - Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры – туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, заманатынысы, замандастарының арман-аңсары. Осының бәрін Мұқағали жас дарынға тән қайталанбас шеберлікпен, тәңірдің таңдайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен, әр жүрекпен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен бедерлеп, өлмес өнер деңгейінде туындатып отырған. Ол өз шығармалары арқылы қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтеріп, мазмұнын байытты.

**1-жүргізуші:** - «Мұқағали тағылымы» білгірлер сайысы.

(Сынып екі топқа бөлінеді). I топ - «Бақыт»; II топ - «Парасат».

**I бөлім.** Екі топқа бірдей сұрақтар беріледі, шапшаң жауап берген топ ұпай жинайды.

1. Мұқағали қай жылы қай жерде дүниеге келген?
2. «Қайырлы түн» өлеңінің тақырыбы.
3. Ақынның поэмаларын атаңыз.
4. Мұқағалидың жары.



5. Мұқағалидың қызына арнаған өлеңі қалай аталады?  
6. 2016 жылы ақынның туғанына қанша жыл толады?  
7. Ақынның махаббат, достыққа арнап жазған өлеңдерін ата.

8. Ақынның қандай өлеңдер жинағы жарық көрді?  
9. Мұқағали Мақатаевтың «Махаббат диалогын» айтыңыз.

10. Неше жасында қайтыс болды?

**II бөлім.** «Топтастыру» әдісі: «Мұқағали қандай ақын?»

**III бөлім.** «Поэзия бағыты».

(Үстел үстінде кеспе қағаздары жатыр. Онда әр топтың таңдауы бойынша тапсырмалар берілген. Тапсырмада ақынның екі өлеңін жатқа оқу, бір әнін орындау).

**I топ тапсырмасы**

1. «Мен-таулықпын» өлеңі.
2. «Солдат сөзі» өлеңі.
3. «Арулар» әні.

**II топ тапсырмасы**

1. «Армысындар, адамдар!» өлеңі
2. «Қара өлең» өлеңі.
3. «Сәби болғым келеді» әні.

**IV бөлім.** «Ыстық ықылас».

(Екі топтың оқушылары «Мұқағалиға арнау», «Ақынды еске алғанда» атты тақырыпта шығарған өлеңдерін оқиды).

*Жүргізушілер екі топтың ұнайын шығарады, ұнайыны саны аз топқа қолқа салынады, ол ақынның «Бақыт» әнін орындайды.*

Мұқағали поэзиясы тек өнер үшін туындаған өнер деңгейіндегі ғана құбылыс емес. Оның өлмес өнері, қанатты поэзиясы қазақ халқының сезімін байытып, кісілігін биіктетіп, парасатын кемелдендіре түсті. Біртуар дара дарын Мұқағали Мақатаевтың қаламынан туған қанатты жырлар халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

## АҚҚУДЫҢ ҚАНАТЫНА ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР

*(8-сынып, сайыс сабақ)*

**Сабақ мақсаты:** 1) ақынның поэзиясына талдау жасай отырып өлеңінің идеясын, мақсатын ұғындыру; 2) оқушыларға поэзияны сүйе отырып, сұлулық пен махаббатты тануға, адамгершілік пен мейірімділік қасиеттеріне тәрбиелеу; 3) оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, жоба қорғау, мәнерлеп оқу. **Көрнекілігі:** бейнетаспа, интерактивті тақта, ақын суреттері, т.б. **Пәнаралық байланыс:** музыка, бейнелеу өнері.

**Сабақ барысы. Ұйымдастыру:** оқушылардың назарын сабаққа аудару; түгелдеу.

**Жаңа сабақ.**

### I. Ой шақыру

- Біз поэзия патшалығына сапар шегелік. Өткен сабақта патшалықтың алтын қақпасын ашып, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының сарайының кілтін қолдарыңа алдыңдар. Енді Мұқағали патшалығына үңіліп көрелік.

**II. Сабаққа кіріспе ретінде мына жоспар арқылы поэма мазмұнын еске түсірейік.**

1. Әлдилеп ақ төсіне бермей тыным,  
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.
2. Айналайын аққудың қанатынан,  
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.
3. Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.

4. ...Қасиетке оқ атып жойған пақыр.

5. ...Білмеймін сор аттың ба, бақ аттың ба?

### **III. Енді әрі қарай сабағымызды топпен жұмыс жүргізумен жалғастырсақ.**

Үш топқа бөлінеді, сарапшылар белгіленеді.

**Сайыс үш кезеңнен тұрады.**

**1-кезең. «Мәнерлеп жатқа оқы».**

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасының оқиға желісі бойынша сұрақтар беріледі. Сол сұрақтың жауабын өлең жолдарын жатқа оқу арқылы жеткізеді.

1-топ. Жетімкөл қайғысы

2-топ. Бала халіне қатты налыған әйел мен күйеуінің арасындағы диалог.

3-топ. Аққуды атқаннан кейінгі оқиға, қарт пен ана арасындағы диалог.

**2-кезең. «Тұлғаны таны».**

Тақтадан суреттер көрсетіледі.

1. Әйелі Лашын Әзімжанова, анасы Нағиман Батанқызы.

2. Мұқағалидың қызы Алмагүл, ұлы Айбар (күнделігінде көп айтылатын Айбар), ұлы Жұлдыз (қазір Алматы қаласында тұрады).

3. Бейнекөрініс арқылы ақын ескерткіші көрсетіледі, орналасқан орынын табу қажет.

(Асық шиіру арқылы әр топтың сұрағы таңдалады).

**Сергіту сәті.** Ф.Оңғарсынова «Мұқағалидай ақыны бар халық – бақытты халық» деген екен. Олай болса, сыршыл ақынның шығармасымен танысқан бақытты халықтың бақытты ұрпағымыз.

Сұлулықты жанымен сүйген Мұқағали ақынның аса құрметтеген адамының бірі - сазгер Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңдайық.

- Көрген көрініс пен бүгінгі тақырып арасында қандай үндестік, байланыс бар?

**3-кезең. «Ақын ағаға хат».**

**«Егер мен ақын болсам...»**

**Жоба қорғау.**

Асық шиіру арқылы әр топтың тапсырмасы таңдалады.

**IV. Поэзия минуты.**

Оқушылар өздері сүйіп оқитын өлеңдерін оқиды.

**V. Қорытындылау.**

Мұқағали – ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын. Кезінде билік басындағылардан өз бағасын ала алмаған ақынға тек 2000 жылы ғасыр жабылар тұста «Аманат» жыр жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл қазақ халқына үлкен қуаныш болды.

*Сарапшылар қай топтың жеңіске жеткендігін анықтайды.*



**Элвира АЙДЫНАЛИЕВА,**

**Орал қаласындағы**

**№44 жалпы орта білім**

**беретін мектептің мұғалімі.**

## **ӨЛЕҢ ӨЛКЕСІНІҢ ДАРАБОЗ ДАРЫНЫ**

*(Әдеби-сазды кеш)*

**Мақсаты:** ақынның өмірін, өлеңдерінің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу, өлеңді мәнерлеп, жатқа оқуға дағдыландыру, отаншылдыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікке, табиғат әсемдегін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** ақын шығармашылығына арналған көрме, ақынның портреті,

кештің тақырыбы жазылған плакат - «Ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын». (Музыкалық әуен ойналып тұрады).

**1-жүргізуші:** - Ей, өлең, маған тиген еншім едің,

Бой жазайын, қасыма келші менің.

Менің саған шамалы жақсылығым,

Сен де маған, әрине, көншімедің.

Сананы сары уайым сарылтқанмен,

Тынысты тұйық тұман тарылтқанмен,

Үзбеймін күдерімді жарықтан мен,

Үзбеймін күдерімді халықтан мен! - деп ақынның өзі

жырлағандай, жыр әлемінде өз ойын, өмір шындығын

көркем тілде ақындық биік тұрғыдан тұтас шеберлікпен

жырлаған, өз дәуірінің шежіресін айқын да айшықты

баяумен жеткізген, қасқая қарап ақиқатты жырлаған

Мұқағали Мақатаев шығармалары 60-80 жылдардың көркем

тілімен жазылған тұтас бір шежіресі секілді.

Ақын шығармаларының тақырыбы әр алуан, бірақ оның

ерекшеліктері өзгеге ұқсамас сыры мен қырында жатыр.

Дүниедегі бар құбылысты, адамзат санасындағы сан қырлы

сезімді сөз арқылы жеткізуге болады. Сондықтан да сөз

күдіретінің мән-мағынасына терең бойлап, мың сөзден бір

сөз таңдап, сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелейтін

Мұқағалидай ақын – қазақтың маңдайына біткен жарық

жұлдыздарының бірі.

(Бейне-слайд)

**2-жүргізуші:** - Мұқағали Мақатаев 9 ақпан 1931 жылы

Алматы облысы, Нарынқол ауданындағы Қарасаз ауылында

дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң ауылдың хатшысы,

Қызыл отрудың меңгерушісі, комсомол қызметінде болды.

1954-1962 жылдар арасында қазақ радиосында диктор

болды, 1962-1972ж. арасында «Социалистік Қазақстан»,

«Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс»,

«Жұлдыз» журналдарында бөлім меңгерушісі, 1972-1973ж.

Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып жұмыс істеді. Тұңғыш өлеңі 1948 ж. Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінде басылды. Мұқағали Мақатаев 1976 жылы 27 наурызда қайтыс болды. Әкесі Сүлеймен шаруа адамы еді. 1941 ж. желтоқсанда майданға аттанып, содан оралмады. Шешесі Нағиман да қарапайым шаруа адамы еді. Мұқағали отбасының тұңғышы болғандықтан оны әжесі Тиын өз бауырына салады. Тиын әжесі мейірімді, кісілігі мол, керек кезінде адуынды адам болған. Әже тәрбиесінде өскен Мұқағали шешесін өмір бойы «Нақа» деп атап кеткен екен.

(«Арыз жазып кетейін», «Бұзылған там», «Автограф» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

**1-жүргізуші:** - Мындаған талантты сазгерлер Мұқағалидың мұңды, сырлы, сан қырлы жырларын жаттап, әуен-ән іздеп шарқ ұрды, шабыт шақырды. Оның оттай ыстық өлеңдері өз-өзінен әнге, толғауға, термеге сұранып тұр. Самалдай желпіп маңдайдан сипайтын, жанға ләззат құятын, көкірек көзіңді майдай ашатын ән-әуез - әрқашан да өмір-серік, жанға қуат, рухани азық.

**Ән:** «Сенің көзің».

**2-жүргізуші:** - Махаббат бүгін тағы қарамады,  
Қарамады, жанымды жаралады.

Шәміл-ау, білесің бе шын махаббат

Осылай қарамаудан жаралады!

Иә, нәзік жанды ақын жүрегінің шынайы іңкәрлік сезімі махаббатқа ұласады.

(«Бүлініп кеттің дейсің бүгін де сен», «Бақыт іздеп» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

**1-жүргізуші:** - Өлеңдері қандай еді ақынның,

Ештеңе жоқ әсем сенің күлкіңдей.

Бақыттысың сен әрдайым, бақытты

Бағалай біл күрсінбей.

(«Күрсінбеші», «Жылдарым, менің, жылдарым»,

«Қызыма» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

**2-жүргізуші:** - Өлеңдері қандай еді ақынның,  
Себелетіп жүрегіңе нұр шашқан.

Ал, әндері қандай еді мөп-мөлдір,  
Тыңдай бергің келе беред, тыңдасаң.

**Ән:** «Арулар, асыл жандар».

**1-жүргізуші:** - Айналайын Атамекен, Ақ мекен,  
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!

Туған өлке тәтті екен ғой, тәтті екен!

(«Қарасаз», «Әкеме», «Мен бір жаққа асығамын»

өлеңдері мәнерлеп оқылады)

**2-жүргізуші:** - Хас шебердің тұмшалайды даңқын кім?

Кеш түсінді шын бағасын нарқыңның.

Қара өлең деп қапа болып көңілің,

Осы жолда сан сүріндің, сан тұрдың.

(«Поэзия» өлеңі мәнерлеп оқылады).

**1-жүргізуші:** - Ақынға бір кездері ақ қанат құс арманын  
қуып келген ару Алматының төрінен көшенің аты берілді.

Аспантаудың ақиық ақынына аспанмен таласқан биік  
ескерткіш те қойылды. Бұл – Мұқағалидың мәңгілік ғұмыр

екенінің айқын айғағы.

Енді ақынның өз естеліктеріне сөз берейік.

**1-оқушы:** - Қалам ұстаған бауыр-қарындастарым,  
халықты ұмытпаңдар. Халықсыз күнің қараң. Оны сүйемін  
деп байбалам салмаңдар. Оған тек гашық бола біліңдер.

**2-оқушы:** - Мен өлеңді ойдан құрастырып жазбаймын.  
Әлдекім құлағыма сыбырлағандай болады. Соны көшіре-

мін, сенесіз бе?

**3-оқушы:** - Ашығын айтқанда, өзімнің қандай екенімді  
білмеймін. Көңілшек екенім рас, алайда жаным менің тым

мейірбан, жүрегім менің өте жұмсақ.

**2-жүргізуші:** - Қандай ғана анадан туады адам  
Сәбилердің ұйқысын қуалаған?!

О, тыныштық! Тыныштық қандай рақат,  
Қандай рақат сәбилер жыламаған!

(«Көшеде», «Қайран жеңгем», «Шеше, сен бақыт-  
тысың» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

**Ән:** «Саржайлау».

**1-жүргізуші:** - Шарасында шаттықтың мұңы басым,  
Нұр-сәуле боп жүректе жыры қалсын.  
Мұқағали - мұзарттың мұзбалағы,  
Шашып өткен әлемге шұғыласын.

(Естеліктері оқылады).

**2-жүргізуші:** - Мұқағали жыры – күшті жыр. Сондықтан да, ол – ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын. Ер ақын дейтініміз – ол шындықты бүкпесіз бетке айтады. Ерен ақын дейтініміз – сөзі шырайлы, тілі қарапайым, тың өлеңдер жазды. Ерекше ақын дейтініміз – ол ер және ерен ақын болғандықтан да ерекше.

**1-жүргізуші:** - Тірісінде сый көрмей кеткен ақын,  
Тек өлген соң атағын жайған ақын.  
Ежелден қазақтың бұл қасіреті –  
Бармаған тістеп кейін ойланатын.

Күн сүйіп кереқарыс маңдайынан,  
Лағыл жырлар төгілген таңдайынан.  
Барында бағаламай, білдік кейін  
Қазақтың айрылғанын қандай ұлдан?!

**2-жүргізуші:**

- Алтынға мейлі толмай-ақ қойсын сандығым,  
Ырзамын саған, Ырзамын саған, тағдырым!  
Ақынның өз тағдырына деген ризашылығы болашаққа  
деген ұлы сенімінен туындаған болатын.

**Ән:** «Есіңе мені алғайсың».

---

---



Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА,  
Бауыржан Момышұлы атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Түлкібас ауданы.

## АҚИЫҚ АҚЫН МҰҚАҒАЛИ

*(Әдеби-сазды кеш)*

**Мақсаты:** қазақ поэзиясында қайталанбас сөз зергерінің бірі - Мұқағали Мақатаевтың өмірі, естеліктері, өлең-жырлары туралы айту; ақын шығармаларын оқу арқылы адамгершілікке тәрбиелеп, ой-өрісін, таным қабілетін дамыту. **Көрнекілігі:** ақын туралы айтылған ұлылардың пікірлері, фото-суреттері, альбом, кітаптары.

### **Кеш барысы.**

Кіріспе (Мұғалім сөзі).

**1-жүргізуші:** - Ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаевтың бүгін - туған күні. Ақиық ақын жөнінде, шығармалары туралы не білеміз, қалай дәріптейміз? Осы жөнінде айтсақ.

**1-оқушы:** - Қазақтың әйгілі ақыны 1931 жылы ақпан айында Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Мұқағалидың әкесі Сүлеймен шаруа адамы еді. Бастауыш сыныпты Қарасазда оқыды. Орта мектепті аудан орталығы - Нарынқолдағы интернатта оқып бітірді. 14-15 жасынан өлең жаза бастады. 10-сыныпта оқып жүрген кезінде «Білім үшін», «Алға» газеттерінде Мұқағалидың өлеңдері жиі шыға бастады. 1948 жылы мектепті жақсы аяқтады. Ауылдағы мектепте мұғалім болып істеді. Өлеңдері жиі жариялана бастады.

**2-оқушы:** - Мұқағалидың жазған өлеңдері көп, бірақ кезінде оның өлеңдері көп кедергілерге ұшырап, баспа

бетіне шықпаған. Оның көзі тірісінде жарық көрген соңғы кітабы – «Өмір-дастан».

**3-оқушы:** - Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сені мен сезесің бе, неге іздедім?

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,

Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да.

Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,

Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда...

Махаббаттан іздедім, сағыныштан,

Арманымнан іздедім алып ұшқан!... – деп ақын поэзияны

жанымен сүйді, көзіндей көрді.

**Ән:** «Мен деп ойла».

**4-оқушы:** - «Қазақ жері» деген өлеңінен алынған мына үзіндіге назар аударыңыздар.

Пай, пай киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер.

Ақынның туған еліне деген махаббатында шек бар ма?!

Біз де ақынмен бірге туған жерді жырлайық.

**5-оқушы** «Үш бақытым», «Елім барда өлеңдерін жатқа оқиды.

**Ән:** «Арулар».

**2-жүргізуші:** - Мұқағали – махаббат жыршысы. Ол махаббатты асқақтата жырлады. Махаббатты сөзбен емес, жүрекпен жазды. Оның шығармаларын оқып отырып біреуге ғашық болғандайсың, армандайсың. Ақын сөзін өз сөзің, өз сезімің сияқты сезінесің. Оны кең түсіну керек.

**6-оқушы** «Мен сені сағынғанда», **7-оқушы** «Ғашықпын»

өлеңін жатқа оқиды.

**Ән:** «Есіңе мені алғайсың».

**1-жүргізуші:** - Ақын емханада жатса да күнделік жазды,

өмір туралы элегиялық сипатта жырлар жазды. 1976 жылы

14 ақпанда жазған күнделігінде былай дейді:

**8-оқушы:** - Егер бір кездерде менің өмірім, өлеңім әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім: Менің қымбатты достарым! Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін. Жанымның мұңы мен қуанышы – бәрі осында. Егер мені сонда таппасандар, онда ақын болмағаным!

**2-жүргізуші:** - Біз артында талғамы мол жырлары қалған Мұқағалиды мақтаныш етеміз. Бүгінгі жеткіншек, қазіргі жасөспірім ұрпақ оны түсініп оқуы керек. «Лай су шаймайтын арым бар, Дауылдан қорықпас жайым бар» деп ақын өзі айтқандай, ақын өлеңдері әрбір жүрекке жылу құяды, адамды қанаттандырып ғажайып өмірге бастайды.

**1-жүргізуші:** - Тау биіктігімен, теңіз тереңдігімен, дала маңғаздығымен көрікті десек, Мұқағали жанға жақын жырларымен көрікті. Оның өлеңдері туралы зерттеулер аз жазылған жоқ, ол әлі де жазыла береді. Жылдар өткен сайын Мұқағали ақынның бейнесі биіктей түседі, биіктей береді.

**2-жүргізуші:** - Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,  
Жыр жазсам оған жұртым елеңдестің.  
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,  
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!  
Иә, өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақын да өлмейді.  
(Кеш соңы Мұқағали сөзіне жазылған әндердің орындалуымен жалғасын тапты).



## МҰҚАҒАЛИ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Тұлғаңыз әрқашан да биік екен,  
Рухыңызға басымды иіп өтем.  
Жырыңды жатқа айтып, ән саламыз,  
Бүгін сіздің туған күніңіз екен.

Сіз үшін шілдеhana ойналмапты,  
Кезінде туған күнің тойланбапты.  
Өмірге ақиық ақын келеді-ау деп  
Адамзат бір сәтке де ойланбапты.

«Туған күнім тойланбады» деп, аға,  
Арыз жазып кетіпсіз болашаққа.  
Ұрпағыңыз туған күнді тойлап жүр,  
Нұр сезімді толтырып ап құшаққа.

Мәңгі өшпес жырыңызбен жазып кеткен  
Атақ-даңқыңыз әлемге тарап кеткен.  
Тілін, Халқын, Отанын бақыт дейтін,  
Ақын аға, жан сырыңыз терең неткен!

Жанар таудай жалындаған жырларды  
Болашаққа мұра етіп кетіпсіз.  
Қамшының сабындай қысқа өмірде  
Поэзия шыңына өрлеп жетіпсіз.

Есіміңіз мәңгі есте сақталады,  
Асыл сөз, алтын жырың жатталады.  
Қазақтың даласының кәрі-жасы  
Ақиық ақынымен мақтанады.

Әділет ҚАБЫЛОВ,  
филология ғылымының кандидаты.

## ИРОНИЯ ТАБИҒАТЫ

Әдебиеттану сөздіктерінде негізінен иронияның мынадай мағыналары көрсетіледі: 1) әдейі қолдау немесе мақұлдау түрінде айтылатын терістеу немесе күлкі ету; 2) айтылған ойдың, сөздің мәнмәтінде қарама-қарсы мағына беруі жолымен жасалатын кекету мағынасы; 3) субъектінің артықшылық сезімін астарына бүккен, байыптылық пердесін жамылған күлкі ету мағынасы.

Болгар эстетигі И.Славов иронияны үш түрге жіктеп қарастырады: афоризмдік, лингвистикалық және қисындық-құрылымдық. Афористік ирония деп тұспалды-образды анықтамаларды айтады [1. 12, 13]. Мысалы: «Ирония – онсыз кез келген астың дәмі келмейтін бір шымшым тұз секілді» (И.В.Гете), «Ирония – адамзаттың ұяты» (Ж.Ренар). Екінші топқа ежелгі грек заманынан келе жатқан этимологиялық мағынасын жатқызады. Ал қисындық-құрылымдық деп иронияның айтылу түріне қарай ашылатын мағынасын, яғни, күлкі түріндегі ділмарлық әдісті атайды.

Сөздіктерде иронияға көбінесе сырттай «Зат пен құбылыс туралы ойлап тұрғанына керісінше айту» деген анықтама беріледі. Осыған жақын «Тікелей айтылып тұрған ойға керісінше астарлы мағыналы сөз» деген анықтаманы З.Фрейд, В.П.Шестаков, Б.Дземидок секілді ғалымдар да қолдайды. Бұл анықтама өтірік, жалған, екіжүзділік, жарамсақтық деген сөйлеудің басқа да астарлы мағыналарына сәйкес келеді. Алайда өтіріктен артықшылығы – иронияда пайдакүнемдік мақсат, жеке бастың мүддесі

болмайды.

Иронияның формальды-логикалық ерекшелігін А.Ф.Лосев мейлінше айқын түсіндіреді: «Иронияның өтіріктен ерекшелігі: ол шындықты жай ғана жасырып қоймайды, оны ерекше астарлы түрде айтады. Ирония мен «жоқ» дегім келе тұра «иә» деген кезімде пайда болады және сонымен қатар мен бұл «иәні» тек шынайы «жоқты» білдіргім келгендіктен айтамын. Ойланып қарайықшы, мұның қайсысы бірінші: мен «иә» деймін, бірақ шынында ішімнен «жоқ» деп ойлап тұрмын. Әрине, бұл тек өтірік, жалған болмақ. Иронияның мәні сонда, мен «иә» дей тұра өзімнің «жоқ» дегенімді жасырмаймын, қайта айтып, білдіріп тұрамын. Менің «жоғым» өзінше факт болып қалмайды, мәселе «иәнің» қалай айтылуында, өзін солай мақұлдатып тұр ма соған байланысты, онсыз ешқандай мәні болмақ емес» [2.327].

Ирония тек күлкіліліктің түрі, күлкімен кемсітудің әдіс-тәсілі ғана емес, ол мағыналық жағы, эмоциональдық-құндылықтық қатынасы, әсерлендірушілік табиғаты тұрғысынан көркем шығармашылықтағы идеялық-эмоциональдық бағалау құралы да болып табылады. П.И.Шпагин иронияның екі түрлі мағынасын ашып көрсетеді: 1) риторикалық, комикалық әдіс; 2) идеялық-эмоциональдық бағалау.

Ирония антикалық мәдениетте пайда болды. Тарихтың түрлі кезеңдерінде иронияның алуан түрлері жетекші маңызға ие болып отырған: Гомерде – трагикалық, Э.Роттердамский мен Вольтерде – сайқымазақтық, романтиктерде – түңілушілік, Герценде – әлеуметтік-сыншылдық, Блокта – идеал мен ақиқат өмір арасындағы қайшылықтарды ашу, Ницшеде – нигилизм мен пессимизмді білдіру, Кьеркегор мен экзистенциалистерде – жаппай терістеудің пессимистік түрі.

Болгар эстетигі И.Паси иронияны зерттеу тарихының үш кезеңін атап көрсетеді: 1) ирония таным мен моральдық жетілу құралы (Сократ); 2) суреткердің шығармашылық субъективтілігі (Ф.Шлегель); 3) рухани-тарихи үдеріс (Зольгер, Гегель) [3. 245 – 305].

Антикалық авторлар иронияны ерекше стильдік әдіс ретінде қолданғаны мәлім. Ежелгі гректер ирония деп өзін әдейі ақымақ етіп көрсетіп, сөз арқылы қулық жасау, жорта мақтауды атаған. Иронияның тақырыптық-идеялық, көркемдік мәселелерін ерте замандардан бастап көптеген философтар өз еңбектерінде қарастырып келеді. Иронияның функциональдық ерекшеліктерін (романтикалық, трагедиялық, нигилистік, т.б.) саралаған шетел әдебиеттанушыларының көптеген еңбектері бар. Мысалы, А.Ф.Лосевтің В.П.Шестаковпен бірігіп жазған «Эстетикалық категориялар тарихы» еңбегінде иронияның тарихына кеңірек тоқталады.

Иронияны танымдық тәжірибеде қолдану тарихы туралы айтқанда, ең алдымен, ежелгі грек философы Сократ есімі ойымызға оралады. Платон өзінің «Пир» атты диалогында Сократтың пікірталас жүргізу құралының маңызды ерекшелігі - оның ирониясы болғанын жазады. Сократтың ирониясы өзін көп білемін деп санайтын даңғойларды астарлы келекемен «отырғызып тастау» құралы болды. Сократ иронияны софистермен пікірталастарында белсенді қолданып, олардың масаттанушылықтарын басып, ежелгі дүние «білгіштерінің» ой-саналық шектеулігін әшкерелеп отырған. Сократ философиясының түпкі позициясы оның екі сөз орамынан көрінеді: «Мен ештеңе білмейтінімді білемін» және «Өзіңді өзің таны». Сократ әркімнің өз қабілеті мен мүмкіндігін жақсы тануын және оны шындықпен әрі сыншылдықпен бағалауды қалады.

Сократтың маңызды тәсілі «ирониялық майевтиканың»

(грек. «балаң өнер») мәні – ол сұхбаттасына өзін аңқау әрі надан адам қылып көрсетіп, одан «даналық білімдер» үйренбек болады. Қарапайым аңғалдықпен сұрап отырғандай көрініп, ұдайы сауал қоя отырып, Сократ өз сұхбаттасын тұйыққа тіреп тастайтын, сөйтіп олардың білімсіздігін дәлелдеп беретін болған. Сократ ирониясының ерекшелігі де сонда, оның мақсаты – біреуді жер қылу емес, адамның өзін-өзі тануына, сұхбатта еркін болуына, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуына көмектесу болды. Ф.Шлегельдің пікірі бойынша, иронияға бейімділік адамды тұрмыстың қайшылықтарынан, әсіресе, күнделікті күйкі тірліктен жоғары қояды.

Аристотельден кейін б.д.д. V ғасырдан XIX ғасырға дейін ирония поэтикада нәрсені керісінше атайтын ділмарлық (риторикалық) тәсіл ретінде түсіндірілді. Кейіннен Лукианның сатирасы, Э.Роттердамскийдің «Ақымақтыққа мадақ», Дж.Свифтің шығармалары осы иронияға құрылды.

Классицизм эстетикасында иронияны күлкі атрибуты, сатирадағы сыншыл күлкінің әдісі түрінде қабылдады. Ирония төменгі стильге тән болды, әйтсе де адамдық талап-мақсаттан құдайдың жазғанының алшақ жатуын білдіретін «тағдыр тәлкегі» («ирония судьбы») деген ұғым да болды. «Тағдыр тәлкегі» комикалық емес, трагедиялық коллизияға сәйкес келеді.

Орта ғасырлардағы халықтық күлкі мәдениетінде ирония барынша белсенді қолданылды. М.М.Бахтин «Франсуа Рабленің шығармашылығы және орта ғасырлар мен Ренессанстағы халықтық мәдениет» еңбегінде орта ғасырлық қоғамдағы қатаң канондарға, діни догматтар мен аскетизмге, иерархиялық тәртіптің түрлі формаларына қарсы «ортағасырлық гуманизмнің» көрінісі ретінде «күлкі әлемінің» маңызы зор болғанын жазады. Зиялылық пен тұлғалық еркіндікке ұмтылуға талпыныста ваганттардың,



кезбе студенттер мен клириктер лирикасында ирониялық сарындар мол кездесті. Зерттеушілер орта ғасырлық иронияның жан-жақты қызметін атап көрсетеді: тәрбиелік, гедонистік, өмірсүйгіштік күлкімен қатар «қорлаушы» мысқыл-мазақ та жиі орын алғандықтан оған тек мереке-лерде ғана рұқсат етіліп, кейін толық тыйым салынған.

Қайта Өрлеу дәуіріндегі күлкіге сипаттама бергенде И.Паси ренессанстық күлкінің ызалы, кемсітушілік сипатына тоқталады. «Еркіндікке» ұмтылған дара тұлғалар кешегі құлдық үшін кек алуда күлкіні құрал етіп отырғандай әсер етеді [3. 42]. Өзінің шексіз мүмкіндіктеріне сенімді жеке адамның мұндай субъективтік еркіндігі ренессанстық мәдениеттің ажырағысыз белгісі болып, комедия секілді түрлі формаларда көрініп, ирониялық пафос өрістей түсті.

Ирония, әсіресе, өтпелі кезеңдерде мәдени құндылықтарды қайта бағалаудың маңызды құралы әрі тазартушысы ретінде қызмет етеді. Мысалы, М.Сервантестің «Дон Кихот» романында феодалдық-рыцарлық құндылықтарды қайта қарау үдерісі бейнеленетіні белгілі. Сервантестің ирониясы трагедиялық сипатымен ерекшеленеді.

Ренессанстық күлкі өзінің амбиваленттік сипатының арқасында мәдени шығармашылық пен құндылықтарды қайта бағалауда маңызды құрал болды. Бір жағынан, өзіне өзі күлу арқылы адам ескірген, зиянды әдеттерден арылуға мүмкіндік алса, екінші жағынан, өзгеге күлу арқылы олардың кемшіліктерін қайталамауға, өзін асқақ ұстауға тырысты.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы неміс әдебиетінде романтикалық иронияның ерекше типі дүниеге келіп, оның теориясы жасақталды. Романтизм эстетикасында ирония философиялық өмірлік позиция деңгейіне көтеріліп, оны жалпы көзқарастық тұрғыда қолданатын болды. Романтиктер материалдық дүниеде адам еркіндігін жүзеге асыруда көптеген кедергілер

кездесіп отыратынымен субъективтік шығармашылықта, өнер саласында мұндай кедергілердің аз болатынын жақсы түсінді. Романтиктер баршаға ұнамды роман жанрынан басқа поэзия мен музыканы жоғары бағалады, өйткені олар суреткердің еркіндігін, тұрақсыз, ағымдағы көңіл күйі мен рухын бейнелеуге аса икемді еді.

Романтиктер иронияның тек комикалық қана емес, сондай-ақ трагикалық та сипаты болатынына көңіл аударды. Романтикалық сананың басты құндылығы кемелденбеген шындық болмыстан еркін болу еді. Сөйтіп романтиктер «әмбебап иронияны» дүниеге әкелді, яғни, суреткер нақты заттар мен құбылыстарды ғана емес, сондай-ақ олар туралы өзінің талдаулары мен түсініктеріне де күдікпен қарайтын болды. Қалыптасқан ережелер мен түсініктердің шеңберінен шығып, ешқандай тұжырымды ақиқатқа жүгінбеу романтиктердің «ойын» категориялық ұғымын тудырды. Барлық «дүниенің ойыны» секілді ақынның шығармашылығы мен өмірлік позициясы да ирониялық ойын болып табылды.

Ф.Шлегель иронияға аса мән берілетін суреткердің «кемел» субъективтілігі туралы өз түсінігін жариялады. Оның түсінігінше, талантты суреткер өзінің қайталанбас талантын көркем шығармаларында толық ашуға мүмкіндігі жоқ екенін жақсы сезінеді. Объективтендірілген дүниенің жетілмеген, толық емес болмысы мен дарынды суреткердің кемел идеалдық әлемінің арасындағы аралық белгілеуші құрал ирония болып табылады. Ирония суреткерге өз туындысын дүниеге әкелуде еркіндікте болуға мүмкіндік береді.

Романтизмнен кейінгі өнер теоретиктері иронияның әмбебаптығы бейнеленетін нәрсенің ішкі мәнін түсінуге кедергі келтірмеуіне, бейнеленушінің суреткердің қолындағы ойыншық болмауына, ирониялық ойынның

ақынның өз мақсатын жүзеге асыру құралы болмауына күш салды. С.Керькегор романтикалық иронияны оны «өлім қорқынышы да, шабыттың шалқуы да тоқтата алмайтыны, ол үшін бәрі нәтижесінде ештеңеге апармайтын жай әшейін қызықты эксперимент» екендігі үшін сынады.

Дат философы Серен Керькегордың (1813-1855) ирониясы романтикалық иронияның жалғасы болғанмен, ол Сократтық иронияға да көңіл аударды. Т.Т.Гайдукованың пікірінше, Керькегор ирониясының мәні оның «жеке тұлғаның дүниедегі өз орны мен мәнін, тұлғалық еркіндікті анықтауында», «өзіндік қайталанбас даралық ерекшелігін аша алуында» болды [4.116]. Керькегор «Нағыз ғылымның күдіксіз болмайтыны секілді, нағыз гуманистік өмір де ирониясыз мүмкін емес» деп жазды [5.22]. Бұлайша ирониямен өмір сүру – абстрактілік болмыс қана, ол тұйыққа тірейтін негізсіз қасіретке апарады. Керькегор осылайша адамның торығуының, өмірлік тәжірибелердің негізін құрайтын «өлімдік сырқаттың» бастауларын көрсетпек болды. «Ирония – Құдайға барар жолдағы бір басқыш қана» деп түсіндірді.

Фридрих Ницше (1844-1900 ж.) де романтиктердің ізбасары болды, әйтсе де ол романтикалық мәдениеттің түңілушілік сарынына ерекше назар аударды. Оның ирониясы түңілуші романтиктің ирониясы болды. Ф.Ницше дәстүрлі құндылықтар жүйесінің мәнсіздігін талдап көрсетіп, оларды ескіліктің қалдығы ретінде құртып, орнына жаңа өмірге лайық басқа құндылықтар жасауды мақсат ететін нигилистік ұстанымның өкілі болды. Ол «өмір философиясының» негізін салды. Ф.Ницшенің нигилизміне дүниеге, адамдарға деген этикалық-құндылықтық тұрғыдан қарауды жоғалту, жақсыны да, жаманды да ажыратпай, бәріне «бейтарап» қараушылық, өзіне-өзі салқын көзқараспен, қорлаушылық сезіммен қарау, мақсатсыздық

пен бағдарсыздық секілді сипаттар тән. Ф.Ницщенің нигилистік ирониясы ешқандай қасиет пен дәстүрлі құндылықты мойындамайтын түңілушілік пен субъективтік бұзушылықтың үлгісі болды.

XIX ғасырдың соңындағы көптеген оқиғалар мен қоғамдағы құбылыстар дүние бейнесінің өзгеруіне көп жаңалықтар әкелді. Мұндай өзгерістерге адамзат қоғамындайын болмағандықтан қоғамдық санада қайшылықты реакция тудырды. Біреулер ғылыми-техникалық прогрестің соны мүмкіндіктеріне сеніммен қарап жаңа заманға үміт артса, енді біреулер дәстүрлі дүние бейнесінің өзгерістеріне сенімсіздікпен шошына қарады. Осындай жағдайда пайда болған декаденттік ағым шартты иронияның астарлы, екіұшты, жабыңқы реңкін тудырды. Мұндай көңіл-күйдің көрнекті өкілі француз ақыны Шарль Бодлер «Жауыздық түстері» («Цветы зла») жинағында арандатушы мысқылымен көрінді. Аталмыш ирония романтиктер мен Ницщенің нигилистік ирониясы дәстүрін жалғастырғанмен, өзіндік ерекшелігі – оларда оқырмандарды трансценденттік абсолюттік құндылықтарға сілтейтін рәміз маңызды рөл атқарды. Символист жағымсыз қатынасын тек әдеттегі, пасық дүниенің тоғышар өкіліне қарата айтады, өзін мұнда уақытша қонақ, арман-мұратымен басқа әлемді аңсаушы тұлға ретінде сезінеді. Құндылықтар дағдарысы мен әлеуметтік және эстетикалық үйлесімділіктің болашағы бұлдыр дүниедегі суреткердің әсерленуші әрі пайымдаушы концептуальдық ирониясы осындай негізде пайда болады [6. 21-29].

XX ғасырда объективтік иронияның түрлі концепциялары дүниеге келді. Олардың ішіндегі ең белгілісі – Т.Манның «эпикалық ирониясы» болды. Ол ирония өнерге шындық болмыс туралы қандай да моральдан гөрі мейлінше кең әрі еркін көзқарас ретінде керек деп білді. Ол өнерде

адамның толық образын жасауға көмектеседі, «өйткені, адамға қатысты нәрсенің бәрінде негізсіз болып шығуы мүмкін шектен шығудан және ақырғы шешім шығарудан аулақ болу керек» [7. 272-287].

Ирония – интеллектуальды танымның формасы, ол екі бағыттағы қайшылықты құбылыстарды өзара іштей салыстыра келіп, бимодальды мағыналық құрылым түзеді. Ирониялық өлшемдерді дұрыс қабылдау үшін бай тәжірибе мен алғыр ақыл керек. XX ғасырдың интеллектуальдық романдары әлемдік мәдениеттің бай мұрасына сүйене отырып, иронияны да белсенді пайдаланып келеді.

Қазіргі қоғамымыздағы гуманистік-мәдени құндылықтардың қайта қаралуы кезінде иронияның рөлі тиісінше бағалануы ләзім, өйткені постмодернистік мәдениет ирониялық көзқарастың, ирониялық пародияның қызметіне жиі жүгініп отырады. Өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық қиындықтары, рухани жүдеушілік, болашақ бағдарына күмәнданушылық секілді екіұдай сезім жетегінде жүргізетін тарихи жағдайларда адамның кісілік келбетін жоғалтпауға ықпал ететін эмоциональдық-рухани, интеллектуальдық-этикалық құралдардың бірі – ирония. Адамның рухани саулығы мен өмірге деген құштарлығы оның өмірдегі кез келген жөнсіз жағдайды, рухани қысымды юморлық сезіммен, ирониялық көзқараспен жеңуіне мүмкіндік береді. Л.Н.Столовичтің күлкі метафизикасы туралы еңбегінде айтқанындай, «Күлкі – еркіндіктің бір көрінісі, күлкі қорқыныштың сал ауруын жеңеді» [8.280].

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. И.Славов. Иронията в структурата на модернизма. София, 1979.
2. А.Ф.Лосев, В.П.Шестаков. История эстетических категорий. М., 1965.

3. И.Паси. Смешното. София, 1972.
  4. Т.Т. Гайдукова Принцип иронии в философии Керькегора // Вопросы философии. 1970, № 9.
  5. В.М.Пивоев. Ирония как феномен культуры. Петрозаводск, 2000.
  6. Л.А.Колобаева. Ирония в лирике И.Анненского // Филологические науки. 1977, № 6.
  7. Т.Манн. Искусство романа // Т.Манн. Шығ. жин. 10-т. М., 1961.
  8. Л.Н.Столович. Философия. Эстетика. Смех. СПб. Тарту, 1999.
- 
- 

**Мейірімгүл ТӨЛЕУП,**  
**Алматы энергетика және байланыс**  
**университетінің доценті, ф.ғ.к.**

## **СЕБЕП-САЛДАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ШЫҒЫС СЕПТІК ЖАЛҒАУЫ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИНТАКСИС ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРУ**

Шығыс септігінің басқа мағыналармен қатар себеп мағынасын беретінін алғашқылардың бірі болып көрсеткен П.М.Мелиоранский болатын (1.53). Э.Севортян кейбір авторлардың шығыс септік кешеуілдеп пайда болған форма деген пікіріне қарсылығын білдіре отырып, бұл форманың Көне Түркі ескерткіштерінде, Орхон-Енисей жазбаларында кездесетінін айтады (2.55). Н.Гаджиева шығыс септік

көрсеткіші бар форма жалпытүркілік болып саналатынын және қимылдың іске асуының себебін білдіретінін айтады (3.91-108).

Қазіргі қазақ тілінде шығыс септік себеп-салдарлық қатынастарды білдірудің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі себеп-салдарлық қатынастарды функционалдық синтаксис тұрғысынан қарастыру үшін типтік жағдай және типтік мағына деген түсініктерді қолданамыз. Типтік жағдайды М.В.Всеволодова және Т.А.Ященко санамызда қалыптасқан тілдік емес шындықтың белгілі бір типтендірілген жағдайы туралы ұғым деп түсіндіреді (4.102). Э.Котвицкая типтік жағдай оны қалыптастыратын қимыл жасаушы субъект, оның іс-әрекеттері, жай-күйлері, қатынастары, белгілері, заттар және олардың белгілері мен қатынастары, кейбір жағдайлар мен үдерістер сияқты белгілі бір компоненттердің жиынтығынан тұратынын айтады (5.9). Типтік жағдайдың әрбір компоненті өзіне тән рөл атқарады және бұл рөл берілген типтік жағдай үшін тұрақты болып табылады. Типтік жағдайдың ең белсенді қатысушысы – агенс, агенс – қимылды іске асырушы белсенді субъект. Типтік жағдайдың қызметін пысықтауыш та, оның ішінде себеп пысықтауыш та атқара алады. Мысалы: *Қыс ерте шыққандықтан жердің көктеуі биыл қауырт* (М.Әуезов) сөйлемінде қимылдың іске асуына (жердің қауырт көктеуіне) себепші – сыртқы фактор, ал *Ауа райы бұзылғандықтан ұшақтар ұшпай қалды. Күн суық болғандықтан балалар мектепке бармай қалды. Жаңбыр жауғандықтан шөп орылмады* сөйлемдерінде, керісінше, “агенс қимылының іске асуына (ұшақтардың ұшуына, балалардың мектепке баруына, шөптің орылуына) кедергі сыртқы факторлар” табиғат жағдайы немесе физикалық ортаның жағдайы әсер етіп тұр.

Қазақ тілінде шығыс септік жалғауы арқылы берілетін

себептер деректі және дерексіз зат есімдерден жасалады. *Емен шаң-топырақтан көрінбей кетті де, аздан соң бар жапырағынан бір-ақ айрылып, сорайып қалды* (Ғ.Мүсірепов). *Қойдың іші жемнен жарылыпты. Күзде жол мол жапырақтан көрінбейді* (“Жас алаш”). *Көп ішкен қымыздан көңіл-күйім көтеріліп, біраз қызғандай болдым* (Б.Қыдырбекұлы). *Үстіне киген көгілдір көйлектен келіншектің өңі жасарып кетінті* (Б.Қыдырбекұлы).

Сөйлемдеріндегі себеп мағынасы деректі зат есімдердің көмегімен беріліп тұр. Бірінші сөйлемдегі типтік жағдай “субъектінің өз қалпын сақтауына кедергі келтіруші сыртқы фактор”, екінші сөйлемдегі типтік жағдай – агенстің қолайсыз жағдайға ұшырауына себеп болған ішкі фактор. Бірінші және үшінші сөйлемдердегі себептік компонентті құрап тұрған шығыс септік жалғаулы *шаң-топырақ, жапырақ* зат есімдері физикалық орта заттары; қалғандары адамдардың және жануарлардың өмір сүруіне қажет заттар: тамақ, киім – *жем, көйлек, қымыз* сөздері агенстің өзі үшін қолайлы немесе қолайсыз болып табылатын өзгерістерге ұшырауының себептері мағынасын береді.

Сөйлемдердегі салдарлық компоненттер – қимылдың нәтижесі әр түрлі грамматикалық формадағы етістіктерден: көру-есту етістіктерінен, қалып-сапа етістіктерінен жасалған оң немесе теріс салдарларды білдіретін баяндауыштар. Салдарды оң немесе теріс нәтиже беретініне орай оң және теріс салдар деп атайтын боламыз. Бірінші, екінші, үшінші сөйлемдердегі қимылдың нәтижелері теріс салдарлар: *еменді шаң-топырақ басты; қойдың іші жарылды; жол көрінбейді*; төртінші, бесінші сөйлемдердің салдарлары оң: *көңіл-күй көтерілді; келіншек жасарды*.

Осы сөйлемдердегі шығыс септік жалғауынан жасалған себептік компоненттерді *Емен шаң-топырақтың борағанынан (борағаны себепті) көрінбей кетті де,*



аздан соң бар жапырағынан бір-ақ айрылып, сорайып қалды. Қойдың іші жемді көп жегендіктен (жегендігінен, жеген себепті) жарылыпты. Күзде жол мол жапырақ түсетіндіктен (түсетін себепті) көрінбейді. Қымызды көп ішкендіктен (ішкен себепті, ішкеннен) көңіл-күйім көтеріліп, біраз қызғандай болдым. Келіншектің өңі көгілдір көйлек киген себепті (кигендіктен, кигеннен) өңі жасарып кетіпті деп өзгертуге болады. Яғни, шығыс септік жалғауы арқылы жасалған себептік компоненттердің синонимі ретінде *-дықтан*, *-атын себепті*, *-ған себепті*, *-ғаннан* конструкцияларын қолдануға болады.

Қазақ тілінде себептік компоненттің деректі зат есімдерден жасалуы жоғары деңгейде емес. Деректі зат есімдер арқылы жасалған себептік компоненттер сыртқы себептерді білдіреді. Шығыс септік жалғаулы деректі зат есімдерден жасалған себеп-салдарлық қатынасты білдіретін сөйлемдердің типтік мағынасы субъект және оның қимылын білдіреді. *Ал Үкібала өкініштен өкіне берді* (Ш.Айтматов). *Ол шынымен Шалтабай өзіме бас қойып, құлдық ұрады деп ойлап, қуаныштан жанын қоярға жер таппады* (Б.Қыдырбекұлы). *Екеуінің арасындағы қайшылық тек бір жақты қызғаныштан – Сәргелдің қызғанышынан ғана туындайтын-ды* (Д.Исабеков). *Тебіреністен тынысы тарылғандай болды*. (Ш.Айтматов). *Темірбекпен Бүркітбайдың өлігіне жасалған құрметті көрген олар ызадан не істерін білмеді* (С.Мұқанов). *Байқайды да намыстан жарылып кете жаздайды* (Қ.Жұмаділов) сөйлемдеріндегі себептік компоненттер адамның эмоционалдық жағдайын білдіретін дерексіз зат есімдермен берілген. Олардың себептік компоненттері *өкін*, *қуан*, *қызған*, *тебірен* етістіктерінен жасалған эмоционалдық жай-күйді білдіруші туынды зат есімдермен және *ыза*, *намыс* атты түбір зат есімдермен берілген, олар субъектінің еркінен

тыс болатын ішкі себептерді білдіреді.

Мұндай адамның психологиялық, эмоционалдық жағдайын білдіретін себептердің салдарлары да эмоционалдық, психологиялық жай-күйді білдіретін көңіл-күй, сезім немесе сондай мағынаны беретін тұрақты және идиомалық тіркестерден (*жарылып кете жаздады, өртене берді, жанын қоярға жер таппады, тынысы тарылды т.б.*) жасалады, кейде қимыл-қозғалыс етістіктерінен де жасалады.

Осы сияқты сөйлемдердің салдарлық компоненттері себептік компоненттің мағынасына байланысты болады: себептік компоненті *өкініш, қызғаныш, тебіреніс, ыза, намыс* сияқты адамның жайсыз эмоционалдық жай-күйін білдіретін зат есімдерден жасалған сөйлемдердің салдарлары да жайсыз жағдайларды (*өртене берді, қайшылық туындайды, тынысы тарылады, не істерін білмеді, жарылып кете жаздады*) білдіреді, себептік компоненті қуаныш, шаттық сияқты жағымды көңіл-күйді білдіретін сөйлемдердің салдары әр түрлі жағдайды білдіре береді: *жанын қоярға жер таппады* тұрақты тіркесінен жасалған салдарды жағымды да, жағымсыз да себепті (*қуаныштан, бақыттан, аурудан, күдіктен*) беруде қолдануға болады: шаттықтан күлді (*жылады, күңіренді*).

Себептік компонент көңіл-күйді білдіретін зат есімдерден басқа да дерексіз зат есімдерден жасалады: *Нақ құлағымның түбінен шыққан айқайдан көзімді ашып алдым* (Б.Қыдырбекұлы). *Бикеннің осы назды қылығынан жігіттер жақын келгенде мұздай ериді* (З.Шашкин). *Әсіресе, осы бір дірілден қорқады* (Ғ.Мүсірепов). *Соның әлегінен мен орынсыз қалдым* («Қазақ әдебиеті»). *Бағиланың дәл байқаған бұл сөзінен Мәлике дір ете түсті* (Д.Исабеков). Сөйлемдердегі *айқай, әлек, сөз* деген сыртқы себептерге жататын сөздер агенстер үшін жағымсыз салдарлар туғызады, қылық,

*діріл* сияқты ішкі себептердің біріншісі жағымды салдар, екіншісі жағымсыз салдар тудырып тұрған дерексіз зат есімдердің бірі агенстің еркіне бағынатын, адамның мінез-кұлқын білдіретін ішкі себеп – *қылық*, екіншісі агенс еркіне бағынбайтын, адамның физиологиялық жай-күйін білдіретін ішкі себеп – *діріл*.

Шығыс септікті себептік компоненттің берілуінің тағы бір түрі – сын есімдерге *-лық* (нұсқаларымен) және *сыз* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған туынды дерексіз зат есімдерден жасалуы: *Жігіттің абайсыздығынан Ақбоз да босқа қамшы жеді* (Ж.Қорғасбеков). *Тәкежан момындығынан жаза шекті* (М.Әуезов). *Пештің нашарлығынан қыстай үй салқын болды* («Ана тілі»). *Шал Түбек ұлының қамсыздығынан тіксінді* (Ж.Қорғасбеков). *Ақ тай енесінің асаулығынан былтыр байланбаған* (М.Әуезов). *Сейіт өзінің олақтығына ыза болып, ауылға қарай тез аяңдап жүріп кетті* (Ғ.Мүсірепов). Сөйлемдердегі себептік компоненттер адамның мінез-кұлқын (*момындық, қамсыздық, олақтық, абайсыздық*), заттың сапасын (*нашарлық*), малдың мінез-кұлқын (*асаулық*) білдіретін туынды дерексіз зат есімдерден жасалған.

Сөйлемдердің салдарлары жануардың өзіне байланысты немесе байланысты емес өзгерістерге көшуін (*қамшы жеді, байланбады*), адамның психикалық, эмоционалды жай-күйді басынан кешіруін (*жаза шекті, ыза болды, тіксінді*), заттың белгілі бір күйге өтуін (*суық болды*) білдіреді.

Қазіргі қазақ тілінде бір сөйлемде екі немесе одан да көп себеп болатын жағдайлар да кездеседі. Мұндай сөйлемдерде екі себеп те бір сөз табынан жасалып, бір тұлғада тұруы мүмкін. *Қорқыныш пен күдіктен еңсесі түсіп, салдырап жүдеп кеткен әкесін аяғаны да болар* (М.Әуезов). *Өкімет адамын мазақ қылдыңдар зой, мені ойыншық санадыңдар зой! - деп, ол ыза мен қорлықтан жыларман халде булығы сөйледі* (Д.Исабеков). *Бір кезде жастық, амалсыздық,*

әлсіздіктен айрылып еді (М.Әуезов). *Бәрі де биылғы қыс қаталдығынан, қатты суығынан зар қағады (М.Әуезов).* Мұндай сөйлемдердегі себептер бір-біріне мағынасы жағынан жақын болып келуі: *қорқыныш пен күдік, ыза мен қорлық, қыс қаталдығы мен суығы және мағынасы жағынан әр түрлі болып келуі де мүмкін: Ұйқыдан да, күлкіден де азайып аздым (Д.Досжанов).* Екі себептің біреуі деректі, екіншісі дерексіз заттанған қимыл есімінен жасалып, қимыл нәтижесінің қандай себептен болғаны белгісіз жағдайды білдіреді: *Арақтан ба, қорқудан ба, басы айналып, көзі қарауытты (С.Мұқанов).*

Екі немесе одан да көп себептер әр түрлі формалардан жасалады. *Бәлкім, сен осының бәрін ішің күйгендіктен, қызғаныштан істеп жүрген шығарсың? -дегені есінде. (Қ.Жұмаділов).* Мүмкін, бұл сол кездегі мен тәріздес аудан басшыларының сауатсыздығынан, шала оқығандығынан, өркөкіректігінен болған шығар (Б.Қыдырбекұлы). Бірінші сөйлемдегі себеп етістік формасынан және зат есімнен жасалса, екінші сөйлемдегі себептер туынды зат есімдерден жасалған. *Бәлкім, мүмкін* сөздері қатысып жасалған сөйлемдерде болжам семантикасы болады да, сөз иесінің пікірі беріледі, сөз иесі себептердің қайсысы дұрыс екенін білмейді, сол себепті сөйлемде өз болжамын келтіреді, болжам мағынасы *бәлкім, мүмкін, шығар* сөздерімен беріледі.

Қазақ тілінде салдардың сөйлемдегі себептердің қайсысынан болғанының белгісіздігін білдіретін жағдайлар көптеп кездеседі, белгісіздік мағынасы *әлде* жалғаулығы және *ба, бе* сұраулық шылауларының көмегімен беріледі: *Қорқыныштан әлде тосын әсерден көз алдына түсі суық өзге бір дүние елестеді (Д.Досжанов).* *Әлде қуаныштан, әлде сағыныштан тырналардың қоңырау үні көкті тербеді (Д.Досжанов).* *Қаннан ба, ластан ба, қарулары күнге*

*жылтырамайды* (Д.Досжанов). *Намыстан ба, ызадан ба, табан астында күреңітіп кетті* (Ж.Қорғасбеков). *Абай істеген қылмыстан ба, кешірімс күнә сұмдық қиянаттан ба?* (М.Әуезов). Қимыл себебінің белгісіздігі сөйлемде *әлде жалғаулығы мен ба, бе* сұраулық шылауларының қатар келуі арқылы да беріледі. *Ала көлеңке сәуледен бе әлде шарасыз кептен бе, қаны қашыңқы сияқты* (М.Мағауин). Бұлар белгісіз себептерге жатады.

Шығыс септігінен жасалған себептік компоненттер мінез-құлықты білдіретін атаулармен: а) адамның жағымды қасиеттерін көрсететін зат есімдермен: ақылдылық, қайырымдылық, мейірбандық, қайсарлық, батырлық, жұмсақтық, көңілділік, кеңдік, жомарттық, ақкөңілділік, т.б.; ә) осы сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздермен: қорқақтық, жасықтық, жаманшылық, қатыгездік, ездік, сараңдық, т.б.; б) адамның білім деңгейін және шығармашылық қабілетін білдіретін атаулармен: білімділік, білімсіздік, дарындылық, дарынсыздық, көрсоқырлық, ақымақтық, біліктілік, таланттылық, т.б. беріледі. Осылайша, шығыс септікті зат есімдер арқылы жасалған себептік компоненттердің құрамына деректі және дерексіз, түбір және туынды зат есімдерден жасалған себептер кіреді, себептік компоненттер, көбінесе, дерексіз зат есімдерден жасалуы байқалады. Қимыл нәтижесі, яғни, салдар оң немесе теріс болады. Салдар ретінде субъектінің физикалық, психикалық, эмоционалдық жай-күйі, жағымды-жағымсыз қимылы танылады.

Себеп-салдарлық қатынастар *жоқ, бар, қажет, керек, аз, көп* сөздерінің субстантивтенуінен жасалып, ілік септігіндегі зат есімдермен тіркесіп, себептік компонентті құрайды. *Әйелім мен баламның барлығынан ба? Өмірдің заңы осыны талап еткендіктен бе?* сөйлемдерінде салдар көрсетілмеген. Мұндай сөйлемдердің салдарларын мәнмәтін

бойынша алдыңғы немесе кейінгі сөйлемдерден көреміз. *Достарымның барлығынан бақыттымын* деген сөйлемде *бар* сөзінің көмегімен берілген себептің салдары оң, бірақ оның теріс болуы да мүмкін, мысалы, *Туыстарымның барлығынан еш рақат көріп жүрген жоқпын* сөйлеміндегі салдар жағымсыз.

*ISO 9000 сертификаттарының жоқтығынан көптеген отандық компаниялар тауарларын экспортқа шығара алмауда* («Егемен Қазақстан» газеті). *Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан: өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді* (Абай). *Қазіргі кезде жоғары оқу орындарын бітірген жас түлектердің өздері еңбек тәжірибесінің жоқтығынан жұмыс таппай әуре-сарсаңға түсуде* (Біріккен Ұлттар Ұйымының есебі) мысалдарында шығыс септігіндегі субстантивтенген *жоқ* сөзі ілік септікті зат есімдермен тіркесіп, сыртқы кедергі себеп жасайды, салдар болып тұрған баяндауыштардың құрамында болымсыздық жұрнақтары бар, демек қимыл нәтижесі теріс салдарды білдіреді.

*Көп* сөзі негізінен оң мағынаны білдіреді. *Байлар ақшаның көптігінен кердеңдейді* сөйлеміндегі *кердеңдейді* етістігінің мағынасы жеке тұрғанда жағымды емес, бірақ сөйлемнің жалпы мағынасы агенстің молшылықтан жақсы эмоционалдық күйде болатынын көрсетеді, алайда керісінше болатын жағдайлар да кездеседі. *Жұмыстың көптігінен ағаш жарып беруді де қойды, бүгін шайға суды да өзім әкелдім, - деп бір түйреп өтті* (Б.Майлин) сөйлемінде агенс қимылының іске асуына жұмыстың көптігі кедергі жасайды.

*Керектігінен, қажеттігінен* сөздері де ілік септікті зат есімдермен тіркесіп себепті білдіреді, бірақ ондай сөйлемдер сирек кездеседі.

Қазіргі қазақ тілінде себептік компоненттің шығыс

септігі арқылы берілуі – жиі кездесетін құбылыс. Себептік компонент шығыс септігі жалғанған деректі және дерексіз зат есімдерден жасалып жағымды, жағымсыз себептерді білдіреді, бірақ себептердің деректі зат есімдерден жасалу деңгейі жоғары емес. Адамның эмоционалды, психологиялық жай-күйін білдіретін себептер ішкі себеп болады да, деректі зат есімдер арқылы жасалған себептік компоненттер сыртқы себептерді білдіреді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. П.М.Мелиоранский. Краткая грамматика казах-киргизского языка. СПб, 1887. Ч.2. Синтаксис.
2. Э.В.Севортян. О некоторых вопросах сложноподчиненного предложения тюркских языках // Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. М., изд. АН СССР, 1961, Ч.3.
3. Н.З.Гаджиева. Критерий выделения придаточных предложений в тюркских языках // Вопросы грамматики тюркских языков. А., изд-во АН Каз. ССР, 1958.
4. М.В.Всолодова, Т.А.Ященко. Причинно-следственные отношения в современном русском языке. М., «Русский язык», 1988.
5. Э.С.Котвицкая. Типовая ситуация, отражающая причинно-следственные отношения, как содержательная единица. Канд. дисс. автореф. М., 1990.



## ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫЛЫҚ ПЕН ЭКСПРЕССИВТІЛІК

Қазақ тіл білімінде эмоционалдылық пен экспрессивтіліктің кейбір аспектілеріне арналған бірнеше зерттеу жұмысы жарық көрді.

Шәрбану Нұрғожинаның «Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка» атты кандидаттық диссертациясында қазақ сөйлеу тілі лексикасындағы эмоционалды-экспрессивті сөздердің жасалу жолдары, айырымдық белгілері мен функционалдық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеуші қазақ ауызекі сөйлеу тіліндегі эмоционалды және экспрессивті сөздер тобын анықтау арқылы эмоционалды-экспрессивтіліктің өзіндік ерекшелігін зерттеуді мақсат етіп қояды. Ауызекі сөйлеу тілінде бейнелеуіш етістіктердің жиі қолданылатындығын, ол етістіктердің іс-әрекетті көрсетіп қана қоймай, ол әрекеттердің сипатын, мінездемесін де таныта келіп, сол арқылы сөйлеушінің мәселеге, затқа, жағдайға деген ішкі жай-күйінен де хабар беріп отыратындығына тоқталады. Автор қазақ тіліндегі мұндай етістіктердің орыс тілінде баламасы кездесе бермейтіндігі туралы «Интересно отметить, что образные слова казахского разговорного языка зачастую не имеет параллелей в русском языке» деп жазып, келтірілген мысалдардың көпшілігін орыс тіліне түсіндірмелі тәсілмен жеткізеді. Мысалы, *состию, үдірею, оқыраю* – застыть в изумлении, негодовании и т.д. (не просто остановиться, а как бы живописуется образ, застывшего, удивленного



человека); *кекжию, кекірею* – важничать (выпятив грудь, говориться о человеке с оттенком насмешки); *итіну* – как бы воткнуться во что-нибудь (целиком, не обращая внимания на окружающих); *шертию, шермию* – вздуться, выпятиться; *алишию* – раскорячиться [1. 93, 94]. Зерттеуші бейнелеу тәсілінің қазақ және орыс тіліндегі айырмашылығы жайлы былай деп жазады: «Функция этих слов состоит в том, чтобы вызвать у говорящих определенное, «образное», то есть, наглядное, чувственное представление о предмете, явлении, человеке. Образные представления могут быть визуальными – как мы видим этот предмет в свете формы, цвета, подвижности, неподвижности. ...Если в русском языке чаще всего пользуются сравнительным образом для передачи образа, например, «идти неуклюжей, медвежьей походкой», то в казахском разговорном языке выработаны многочисленные образные слова, которые не только рисуют одним словом какое-то действие, но и одновременно передают отношение говорящих: «Әне, талтаңдап келе жатыр» – (Вон, идет, как медведь) [1. 94].

Бауыржан Жонкешовтың «Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика)» атты кандидаттық диссертациясында қазақ тіліндегі эмоционалды сөздер лексикалық, сөзжасамдық және дыбыстық негізде қарастырылады. Эмоционалды сөздердің лексикалық ерекшелігін сипаттай келе еркелету мәнінде қолданылатын эмоционалды сөздерді іштей төрт топқа бөледі: 1) бір нәрсеге теңеу арқылы еркелете қолданылатын эмоционалды сөздер (*адалым-ай, айым, алтыным, айбарым, құлыным, періштем, қозым, т.б.*); 2) туыстық атаулар арқылы еркелете қолданылатын эмоционалды сөздер (*ағажан, апатай, ататай, балақай, жеңеше, жеңешетай, келінжан, көкетай, т.б.*); 3) жалқы атаулар арқылы еркелете қолданылатын эмоционалды сөздер (*Ереке, Еркежан,*

*Ергеішжан, Жақа, Ләке, Ләтифажан, т.б.); 4) әлеуметтік атаулар арқылы еркелете қолданылатын эмоционалды сөздер (байеке, тақсыр-ай, т.б.) [2. 33, 34].*

Тілдегі эмоционалдылық құбылысын жете тану үшін эмоция арқылы пайда болған тілдік бірліктерді зерттеу өте маңызды болыптабылады. Қазіргі қазақ тілінде адам эмоциясы негізінде пайда болған тілдік бірліктерге ең алдымен одағай сөздер және етістік тудыратын жұрнақтар арқылы эмоциялық мәнге ие болатын еліктеуіш сөздер жатады. Зерттеуші қазақ тіліндегі эмоционалды бірліктердің сөзжасамдық сипатын қарастыра отырып, оларды түбір негізді және қосымша негізді деп бөледі. Түбір негізді эмоционалды сөздер ретінде одағай мен түбір негізді еліктеуіштер қарастырылады. Орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарының барлығында дерлік одағайлардың құрамында көңіл-күй одағайлары беріледі. Олар адамның қорқу (*ойбай, ойпырмай, астапыралла*), тандану (*мәссаған, япырай*), қуану (*бәрекелді, уа*), шаттану (*алақай*), ренжу (*ой, о сайтан*), өкіну (*әттеген-ай, әттең, қап*) сияқты түрлі көңіл-күйін білдіреді. Б.Жонкешов зерттеу жұмысында одағайларға қатысты айтылған Ахмет Байтұрсынұлы, Ш.Сарыбаев, А.Ысқақов, т.б. да ғалымдардың пікірлеріне басты назар аударып, одағайлардың жеке сөз табы ретінде танылу тарихын сөз етеді.

Еңбекте қосымша негізді эмоционалды сөздер ретінде сөзтудырушы, сөзтүрлендіруші жұрнақтар мен кейбір жалғаулар арқылы эмоционалды мәнге ие болатын сөздер қарастырылады. Қазақ тіл білімінде еркелету, кішірейту, сыйлау, менсінбеу, т.б. мән беретін жұрнақтар адамдардың күнделікті өмірдегі түрлі қарым-қатынасы кезінде бір-біріне деген алуан түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіру үшін қолданылады. Олар жаңа сөз жасамағанымен, сөздің лексикалық мағынасын әр түрлі реңкке құбылтады.

Бұл журналдар орта мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтары мен оқу құралдарында жалпы мәлімет беру үшін қолданылады, сондай-ақ лексикология, стилистика, тіл мәдениеті салаларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында зерттеу нысанына қатысты сөз болып жүр. Зерттеу жұмысында *-еке, -қа,/ке, -й; -тай, -жан; -қан; -ақан; -қай,* т.б. да журналдар өздері жалғанған сөзге сыйлау, құрметтеу, жақсы көру, еркелету, еркелеу, менсінбеу, қомсыну, т.б. да эмоционалды мән үстейтін қосымшалар ретінде талданады.

Адам эмоциясының тілдегі көрінісін беретін құралдардың ішінде фразеологизмдердің алатын орны ерекше. К.Сарышованың зерттеу жұмысында жеке тұрып адамның эмоциясын сипаттайтын, эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер зерттеу нысаны ретінде алынып, өз алдына жеке семантикалық топ ретінде қарастырылады. Эмоционалдылық мәселесі фразеологизмдерге қатысты бұған дейінгі жазылған зерттеу жұмыстарында түрлі деңгейде айтылып жүргенімен, бөлек топтастырылып, жеке зерттелмеген болатын. Бұл зерттеу жұмысында эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер қазақ тіл білімінде алғаш рет кандидаттық диссертация деңгейінде, соңғы жылдары қалыптасқан лингвистика ғылымындағы жаңа қолданыстар негізінде ғылыми тұрғыда талданады. Автор зерттеу жұмысында өзіне дейінгі жазылған еңбектердегі ғалымдардың пікірлері мен тілдік фактілерге ден қоя отырып, фразеологизмдердегі эмоциялық мағына үш түрлі негізге сүйенеді деп түйіндейді. Бұлардың біріншісі жөнінде зерттеуші қазақ тілі фразеологизмдерінің құрамындағы *аза бойы қаза болу, алпыс екі тамыры босау, екі көзі шарасынан шығу, көңілі су сепкендей басылу, қу жаны қуырдақ болу, қанын ішіне тарту, сабасынан шығу, тірідей жерге кіру, ішін иттей кеміру* сияқты эмоцияның бейнеленуі фразеологиялық тіркестің жалпы мағынасынан көрінетін

бірліктерді топтастыра отырып, «1. Эмоциялық бояу, фразеологизм анықтамасына сай, фразеологиялық тіркес құрамындағы жеке сөздердің мағынасын ескермей, мағыналық тұтастықтан байқалады» деп жазады [3.56]. Екінші негізге қатысты эмоцияны бейнелеу қасиеті фразеологизмдердің құрамындағы жеке компоненттен анық көрініп тұратын *көз жасын көл қылу, аза (азалы) болу, алқымына (тамағына) ашу тығылу, араз болу, ашуға міну (булығу, тығылу), әйелі ұл тапқандай қуану, басына қайғы түсу, боз інгендей боздау (зарлау, еңіреу), бор боп (бордай) егілу, ботадай боздау, еңірегінде етегі толу, зарлап қалу* сияқты тіркестерді топтастырады. Аталған тіркестердегі эмоционалдық фразеологизм құрамындағы *көз жасы, ашу, араз, қуану, қайғы, зарлау, боздау, еңіреу, егілу* сөздерінің тірек мағынаға ие болуынан байқалады. Бұл жөнінде «2. Эмоционалдық фразеологиялық тіркес құрамына еніп тұрған жекелеген лексикалық бірліктердің семантикасынан анық көрініп тұрады» деп түйіндейді [3.56]. Үшінші негізге қатысты «3. ФТ мағынасына эмоциялық бояу үстеуге фразеологизм құрамына, тілдің эволюциялық жолмен дамып, өрбіген, соның негізінде туындаған, символдық мәнге ие сөздердің енуі де себепші болады. Бұл жерде нақтылай кететін фактор, сөздің жаңа мағынаға ие болуы емес, оның белгілі бір ситуацияда немесе контексте жаңа қолданысқа түсуі. Әдетте нақты денотаттың қолданылу үрдісі әр халықта әр түрлі. Мәселен, қазақ халқы адам болмысындағы қатты қиналысты *жан, қан, жүрек* сияқты символ сөздер арқылы білдіреді» деп жазады [3.57]. Бұл жердегі автор пікірі қазақ тіліндегі *жанын жегідей жеу, жаны көзіне көріну, жан алқымға келу, жүрегі қарс айрылу, жүрегі аузына тығылу, жүрегі өрт (от) боп жану; қан жұту, қанына қараю* сияқты тіркестермен дәлелденеді.

Эмоционалдылық мәселесіне қатысты орыс және қазақ

тіл біліміндегі жинақталған теория кез келген эмоцияның астарында бағалауыштық сипат жататындығын дәлелдеп отыр. Сондықтан эмоционалдылықтың лингвистикалық категориясы тілдің бағалауыштық, қарқындылық, бейнелілік, экспрессивтілік сияқты категорияларымен байланысты қарастырылады.

Қазақ тіл біліміндегі эмоционалдылық мәселесін жүйелі түрде қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ш.Нургожина. Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка (Фил. ғыл. канд. дисс.) А., 1989.
2. Б.Жонкешов. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика) (Фил. ғыл. канд. дис.). А., 2006.
3. К.С.Сарышова. Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер (Фил. ғыл. канд. дисс.). А., 2006.

### Жүйелі сөз иесін табады

## **САҒИТ ШЕШЕН МЕН ОМАР БОЛЫС**

Дуан басы Ыбырайдың туысы - Жайықбайдың Омары дейтін өте қатал болыс болыпты. Өзіне бағынбаған, табынбаған адамды табанда тұтқындатып, елді зар қақсату оның әдетіне айналыпты.

Бір жылы өзінің кедей ағайынын айдатпақ болады. Оның бар кінәсі болыс отырған ақ ордаға рұқсатсыз кіріп келгендігі екен.

Осыны естігенде Сағит шешен ара түсіп, болысты әзер тоқтатыпты. Ойдағы бұзықтығын орындай алмай булыққан Омар Сағит шешен үйден шыға бергенде:

- Әжептеуір адамға да иттің атын қояды екен-ау!- деп мырс етіпті. Сонда Сағит шешен артына жалт қарап:

- Мен ит болсам да сендей өз ұяласымды талағам жоқ қой!- деп шығып кетіпті.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988, 72-бет.)

Дариха БЕЙСЕНОВА,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Есіл ауданындағы  
Қарағай негізгі мектебінің  
мұғалімі.

## СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(8-сынып)

- Бүгін сабағымызда Қазақстан еліне саяхат жасаймыз. Өзіміздің жазира кең даламызды қыдыра отырып, ауылдарға, яғни, туыстарымызға саяхат жасап қайтпақпыз. Ауылдарымыздың аттары: «Бастауыш», «Баяндауыш», «Анықтауыш», «Толықтауыш», «Пысықтауыш». Әр ауылда бізді туыстар тосып отыр. Олардың бізге берер сыйы – тапсырмалары, сол тапсырмаларды жақсы орындасак, туыстарымыз бізге риза болады екен. Әр ауылдан гүлдер тере қайтамыз: «5» - раушан гүлі, «4» - қызғалдақ, «3» - сарғалдақ. Сабақ соңында кім қанша гүл тергенін және қандай гүлдер екенін ескеріп, тиісті бағамызды аламыз.

Олай болса, саяхатымызды бастаймыз. *Мағынаны ажырату.*

**1-ауыл – Бастауыш ауылы.** Бұл ауылда бізді ата-аналарымыз күтіп отыр екен. Ата-аналарымыз туралы бір мақал айтып жіберейік және бұл мақалдың мағынасын түсіндіре кетейік. (Мысалы: *Ата – асқар тау, ана – баурындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ*, т.б)

Ата-аналарымыз бізге мынадай сұрақтар дайындап отыр екен.

- Сөйлем мүшесі деген не? Сөйлем мүшесі болу үшін қандай шарт қажет. Жауаптарыңызды мысалмен дәлелдеңіз.  
- Сөйлем мүшесінің қандай түрлері бар?

*Тақтамен, дәптермен жұмыс.*

Мынадай мақал берілген және көп нүктенің орнына керекті сөздерді қой

1. ..., – *асқар тау*, ... – *шалқар көл* (*Әке, ана*)

2. ... .. *оқ жонар*, ... .. *тон пішер* (*Әке көрген, шеше көрген*)

Осы сөйлемге толық сатылай кешенді талдау жасау. Тыныс белгілерін түсіндір. Бастауыш деген не, оның жасалу жолдарына тоқтал. (Оқушылар жауаптарына байланысты гүлдерді үлестіріп отырамын).

## **2-ауыл – Баяндауыш ауылы.**

-Қазақ халқында әр адамның үш жұрты бар дейді, ендеше үш жұртты кім айта қояды екен? (Осы ауылда біздерді ағайындарымыз тосып отыр екен?)

Ағайын туралы қандай мақал білеміз? Мағынасын түсіндіре кету қажет. (*Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп...* т.б.)

Ағайын жұртымыз мынадай тапсырма беріпті.

Баяндауыш туралы толық мағлұмат бер, жасалу жолдарына тоқтал.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып сөйлемді талда  
... *көп болса ұлы шерік қолмен тең.* (Махамбет). (*Ағайының*)

Нағашы жұртымыз да тапсырмасын ұсыныпты

Венн диаграммасы арқылы бастауыш пен баяндауышты салыстыр.

## **3-ауыл – Толықтауыш ауылы.**

Толықтауыш ауылында бізді тосып отырған – бөле.

«Бөле» деген кімдер?..

-Бөлелеріңіз тапсырма беріп жіберген екен.

Толықтауыш деген не? Оның түрлері, жасалу жолдарына тоқтал.

Өздерің жасаған жұмыстарыңнан, рефераттарыңнан ұнаған мақал-мәтелдерді айт, ішінде туыстық қатынастарға байланысты мақалдар бар ма? (Оқушыларға күні бұрын әр септіктерді бөліп

бергем, сол септіктерге байланысты мақалдар жинап, реферат жасап келеді. Мысалы: Бір оқушыға тек барыс септігінде келетін мақалдарды ғана теріп жазу, т.б.)

- Сондай-ақ бөлелерің мынадай мәтін беріп жіберіпті. Осы мәтіннен өздерің зерттеп жазған септік түрлері кездесе ме? Мәтіннің мазмұнына көңіл аудар.

Ата-ана

*Әкең мен анаң саған өмір сыйлады. Олардың есіл-дерті - сен бақытты болса екен деу. Екеуінің денсаулығын сақта, бабын тап. Көңілдеріне кейістік сала көрме.*

*Сенің адал өмір сүруің, еңбексүйгіштігің, оқу мен еңбектегі табыстарың - ата-аналарың үшін айтып жеткізгісіз зор бақыт Өз үйіңнің бағын жандыра біл.*

*Анаңның жүрегін сезе біл, анаңның көз жанарынан көңіл хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш нұрын, беймазалық пен әбігершілікті, қиналыс пен кейістікті көре біл. Жастайыңнан анаңның көзінен жан дүниесіндегі кейістікті көре білуге үйренбесең, сен ғұмыр бойы адамгершілік тұрғысынан ақ көз болып өтесің.*

*Ата мен әке алдында шыншыл бол. Ата-анаңның құптауынсыз істеуге болмайтын нәрсеге олардың рұқсат, ризалығын ал. (В.А. Сухомлинский).*

#### **4-ауыл – Анықтауыш ауылы.**

- Бұл ауылда бізді қай туысымыз тосып отыр екен? Мына сұраққа мақалмен жауап берейік.

**Кімі бардың жағасы бар, кімі бардың тынысы бар?**  
(Ағасы, інісі)

Ағаларымыздың тапсырмасы.

Анықтауыштың жасалу жолына тоқтал.

Бұлар саған кімдер? Сұрақтарға жауап беру.

1. Ағаларыңның жұбайлары кімдер? ( жеңге)
2. Әпкеңнің жұбайлары кімдер? (жезде)
3. Шешеңнің туыстары кімдер? (нағашылар)



4. Әкеңнің балдызы ше? (нағашы әпке, нағашы аға, т.б.)

*Қос жазба күнделік стратегиясы.* Оқушыларға таратылған мәтіннен «Маған ұнаған үзінді. Бұл жайлы пікірім» деген бағананы толтырып, өз ойларын айтады.

5-ауылымызға да келіп жеттік: **Пысықтауыш ауылы.** Өзілі жарасқан кімдер? (Нағашы, жиен)

Жиендеріміздің тапсырмасы: Пысықтауыш деген не? Оның жасалу жолдарына тоқтал.

Саяхаттан шаршаған да болармыз. Мына мақалдың жалғасын тап. *Жолы болар жігіттің...* (жеңгесі шығар алдынан).

Қазақ салтында жігіттер қыздармен жеңгесі арқылы жолығып тілдесіп отырған. Сол дәстүрге байланысты осы мақал айтылған екен. Сыныбымыздың ұлдарының орындауында «Жеңешем» әні.

Саяхаттан үйімізге оралайық. Кім қанша гүл теріпті? Сол бойынша сабақты бағалаймыз.

Үйге тапсырма: «Менің жақсы көретін туысым» тақырыбында ойтолғау жазып келу.

---

*Күлгіңіз келсе - күліңіз!*

---

## ҚАРҒАНЫҢ ЖАСЫ

Қожанасыр бір аңшыдан қарға сатып алады. Жора-жолдастары оған:

- Неге алдың? Қарғаның қажеті не?- депті. Қожа:

- Халық қарға мың жыл жасайды дейді, соның рас-өтірігін білейін деп алдым,- депті.

### «ЖҰМАҚ КЕҢ БЕ, ДОЗАҚ КЕҢ БЕ?»

Хан бір күні Қожанасырдан:

- Айтыңызшы, жұмақ кең бе, дозақ кең бе?- депті.

- Жұмақ кең,- деп жауап беріпті Қожа.

- Оны қайдан білдіңіз?

- Білгенім: жер жүзінде байдан кедей көп.

*(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987, 71-бет.)*

Сая ЕРАЛИЕВА,  
Абай атындағы  
ҚазҰПУ студенті.

## **БАСПАСӨЗ ТІЛІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Қазақ тілі говорларында әдеби тілдің кәдесіне жарайтын, оны байытатын элементтер де, сондай-ақ әдеби тілді шұбарлайтын, оның дамуына, оның нормалануына, бір қалыпқа түсуіне кедергі жасайтын элементтер де бар.

Қай дәуірде болмасын мерзімді баспасөз өзі қызмет ететін халықтың тілін пайдаланып қана қоймайды, оның байып, дамып отыруына игілікті ықпалын, әсерін тигізіп отырады. Өйткені «Баспасөз тілі – жазба тіл» [1.7]. Бұл мәселе туралы Сейілбек Исаев «...бір публицистік мақалада, тіпті, газет, журналдардың бір номерінде жалпыхалықтық тілдің сөз байлығын түгел пайдалана алмайды. Тілдің грамматикалық құрлысының да белгілі бір бөлігі жанрлық ерекшелікке байланысты көп қолданылса, ендігі бір бөлігі пайдаланылмай қалып қояды» [1.7] дейді.

Жазушылар тілінде белгілі бір аймақтың тұрмысын, кейіпкерлердің тілін бейнелеуде жергілікті ерекшеліктер қолданылады. Орынды, мақсатты түрде қолданылатын жергілікті ерекшеліктер тілдік экспрессияның тиімді құралы болып табылады. Осыған байланысты Мәулен Балақаев «Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа кіру», яғни, сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты» деп жазады

[2.19].

Әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл.

Көркем шығармадағы жергілікті ерекшеліктердің эстетикалық мәні туралы сөз еткенде автордың қай сөзді таңдап алғанын ескеру қажет. Көркемдеуші құрал ретінде жергілікті ерекшеліктер көркем әдебиет стилінде ғана қолданыла алады. Ал, ғылыми, іскери тілде жергілікті тіл ерекшеліктері қолданылмайды. [3.]

Академик Рәбиға Сыздық көркем әдебиет тілінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала келіп: «Көркем әдебиет үлгілері өзге стильдердің элементтерін де, диалектизм, архаизм, кәсіби, қарапайым, дөрекі сөздер, жаргондар, ауызекі сөйлеу тілінің белгілері сияқты бейәдеби тұлға-бірліктерді де, архаизмдер, кәсіби сөздер сияқты сирек қолданыстағы элементтерді де еркін жұмсай алады, өйткені көркем әдебиет тек коммуникативтік емес, эстетикалық функцияны да қоса арқалайтындықтан өзге стиль үлгілерінен оқшау тұрады» [4.70] деп жазды.

Жергілікті тіл ерекшеліктері публицистикалық шығармаларда қолданылуы мүмкін. Қазақ тіл мамандарының ішінде аудандық газеттердің тілі туралы алғаш сөз еткен ғалым профессор Сәрсен Аманжолов болды.

Диалектілік ерекшеліктерді әдеби тіл нормаларына сәйкес басқа сөздермен қатар авторлық қолданыста пайдалануға болмайды. Көркем әдебиетте жергілікті ерекшеліктерді, т.б. тілдік құбылыстарды қолданудың мақсаты, шегі, ұстанымы болады. Ал баспасөз – әдеби тілдің айнасы, «шыңдалуының дүкені» болғандықтан, мұнда жергілікті ерекшеліктерді қолдану мәселесі емес, әдеби тіл тазалығы, әдеби норманы сақтау, әдеби тілді шұбарламау мәселесі қозғалып отырады. Ғалым Нүргелді Уәлиев көркем әдебиет стилі мен ғылыми,

публицистикалық, іскери стильдердің ерекшеліктеріне тоқтала келіп былай дейді: «Әдеби тілдің публицистикалық, ғылыми, іс-қағаздар стилі әдетте тұйық системаға жатады. Басқаша айтқанда, осы аталған стильдерде жалпыхалықтық тілдің әдеби тілі аймағынан алшақ жатқан диалектизм, бейәдеби қарапайым тіл, жаргон тәрізді формаларына тән элементтердің қолданылу ықтималдығы жоғары болады» [5.83].

Е.Н.Ширяев түрлі функционалдық стильдерде синтаксистік белгілердің қолданылу сипатына қарай тілдің «қатаң» және «босаң» салаларын анықтап, «қатаң» салаға іскери тіл мен ғылыми стильді, «босаң» стильге ауызекі сөйлеу тілін, публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стилін жатқызады. Алайда публицистикалық стильдің «босаң» стиль болғанымен, онда бейберекет жергілікті тіл ерекшеліктерін қолдана беруге болмайды. Ресми жағдайда сөйлеген кейіпкерлердің тілінде жергілікті ерекшеліктер көп ұшыраспайды. Себебі журналистермен сұхбаттасқан ауыл тұрғындарының өзі, мүмкіндігінше, әдеби тіл нормаларына сай сөйлеуге тырысады. Сол себепті публицистикалық шығармаларда, очерктерде жергілікті тіл ерекшеліктері көп кездесе бермейді[6].

Жергілікті ерекшеліктер газеттерде, очерктерде қолданылып, жергілікті тұрғындардың тілін, өзіндік сипатын бере алады. Осыған байланысты Н.М.Шанский былай деп тұжырым жасайды: «Говоря об употреблении диалектных слов в газете, необходимо подчеркнуть что требование мотивированного использование диалектизмов приобретает здесь особое значение. И, прежде всего потому, что газета должна нести читателю образованную, литературную речь. Значить, привлечение нелитературных максимально оправданно. И в этом случае не представляется мотивированным использованием диалектного слова ни

с художественной, ни с какой-либо другой точки зрения. Следует так же помнить, что употребленное в газете диалектное слово должно быть понятно читателю, а значить, разъяснено, если оно требует того по своему характеру. Ведь газета прочитывается быстро и у читателя нет времени на отыскивание в словарях непонятого слова» [7].

Баспасөз беттеріндегі жергілікті ерекшеліктердің бәрі бірдей әдеби тіл мүддесіне қызмет атқарып жүр деуге болмайды. Өйткені баспасөздің де өзіндік жанрлары бар, мысалы: сұхбат, репортаж, очерк, фельетон, сатира, т.б. Осы жанрларда жергілікті ерекшеліктердің қолданылуы көркем шығарма тіліндегі қолданыс мақсатымен ұштасады деуге болады. Ал диалектілік ерекшеліктердің орынсыз қолданылуы көбіне аудандық газеттерге тән деп есептеледі.

Жергілікті ерекшеліктер тілдің қажетсіз, шұбарлаушы элементтері емес, олар да белгілі аймаққа тән атаулар. Шығу тегі жағынан өте ежелгі атаулар да, сөзжасам заңдылықтары арқылы жасалып жатқандары да бар. Диалектілік лексика да бірнеше қабаттан тұрады. Әдеби тілдің дамуына қарай азды-көпті қажеттілікке жарап отырады, баспасөз тілінде де қолданылу орны бар, сондықтан тіл ғылымында: әдеби тілді байытатын жергілікті ерекшеліктер және әдеби тілді шұбарлайтын жергілікті ерекшеліктер болып бөлініп жүр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. С.Исаев. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. А., «Қазақстан», 1983.
2. М.Балақаев. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А., «Ғылым», 1984.
3. В.В.Виноградов. Проблемы русской стилистики. М., «Наука», 1981.
4. Р.Сыздық. Сөз құдіреті. А., «Атамұра», 2005.

5. Н.Уәлиев. Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы // ҚР ҰҒА Хабарлары, 2000, №2.
6. Е.Н.Ширяев. Что такое культура речи? М., 1995.
7. Н.М.Шанский. Лексикология современного русского языка. М., «Просвещение», 1972.
8. Қ.Есенова. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты. Канд.дисс.автореф. А., 2009.

---

Алуа МҰХТАРИХАНОВА,  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
студенті.

## «СЫРДАРИЯ» РОМАНЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ СИПАТЫ

Тіл – халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің, ой-сезімінің, елдігі мен ерлігінің, болмысының дүниетанымы мен санасының куәсі. Ал осы тілдің сөз байлығын танытатын – көркем әдебиет. Көркем әдебиет тілінің ұлттық тілдегі алатын орны ерекше, өйткені көркем әдебиет сол халықтың сөйлеу тілінің өсуіне үлкен ықпалын тигізеді.

Жергілікті ерекшеліктерді әдеби тілді байытудың бір көзі деп қарау керек. Кейбір жаңа ұғымдарды, заттарды немесе бұйымдарды қазақша атау керек болғанда және әдеби тілден баламасы табылмаған жағдайда оларды біз осы жергілікті ерекшеліктерден іздегеніміз жөн. Мұндай сөздердің қатарына Ш.Сарыбаев *дақыл, бағбан, жейде, арасан, сүдігер* сөздерін қосады (1). Жергілікті ерекшеліктердің

маңызы туралы «Жергілікті ерекшеліктер де халықтың әлем туралы ой-тұжырым, дүниетанымынан туындайды, тіл иесі этностың тұрмыс-тіршілігінің куәсі, жалпыхалықтық ұлттық тілдің құрамдас бөлігі, этнос болмысын танытуда негізгі терең арнаның бірі» (2.142) дейді Мереке Атабаева. Аталған тұжырымдарға дәлел ретінде Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романының кейіпкері Сырбай қолданатын *оқпан* сөзін келтіруге болады (3). Қызылорда облысының Қармақшы, Сырдария аудандарында «оқпа, су обатын жер» дегенді білдіреді (*Арық қазушылар оқпанға кездесіп қалмауға тырысады* (Қызылорда, Сыр, (КТДС, 260). Романда канал қазушылар Сырбайдың өмір тәжірибесінен жинақталған терең аялық білімінің, танымының арқасында апаттан аман қалады. Жер тынысын тыңдап өскен халықтың жер өңдеу, сумен байланысты мәдениетін жетік білетін Сырбай ғалымдардың ескермеген жағдайларын дәлелдеп, канал құрылысын басқа арнаға бұрғызады, әйтпеген күнде су **оқпанға** кетіп, халықтың еңбегі еш болар еді.

Жергілікті халықтың кәсібіне, шаруашылығына, тыныс-тіршілігіне тікелей қатысты сөздерді тіл иесі – кейіпкер тілімен байланыстыра қолданған шығармалар қатарына қазақ халқының көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романын жатқызуға болады. Шығармада жазушы елдің тұрмыс-тіршілігін, қандай кәсіппен айналысқанын суреттеп қана қоймайды, кейіпкердің мінез-құлқын, іс-әрекетін «өз тілінде сөйлету» арқылы береді.

*Екі кеспек мүсәллә ашытып бересің деп бір өзбекпен уәделесіп, ақшасын да, жүзімін де бергенін көзіміз көрді... Әрқайсына бес шелектен кететін төрт суқабакқа біреуіне он шелектен кететін екі көзеге ашыттырған бозасы бы-жылдап тұр., Сырбай көптен су жіберілмеген, жиегі опырылған бір қарықтың кемеріне, аяқтарын терең жыраға салбыратып отыра кетті... – «Оқпан» деген жер*

астында кездесетін қуыс емес пе?- деді Байжан... Бет-  
аузының қыртысы жаңбырдан кейін айғызданып жары-  
латын біздің **дайра** жерінің қабыршағы сияқты... Таудың  
басында егінге лайық қара топырақты иіндер бар, дән сепсе  
өне кететін, егінді суарарлық су да бар, биіктегі бұлақты  
бөгең, керіз арқылы иінге әкелуге болады... Өзгелерге  
айта қоярлық кеңесім жоқ деп ойлаған Масақбай, «көре  
кететін тағы бір егіс **танаптары** бар еді» дегенді сылтау  
қып, серіктерімен қизаштай тартты... Бірер жерде еспе  
құмның ені жалпақтау кездесіп, киіз бен ши алып шыға  
алмай, машина мықтап-ақ шөгіп еді... Тотының алдында  
кестеленген неше түсті гүлдер, артында – маңайын жа-  
сыл жапырақты сирек талдары қоршаған **хауыз**. Күректің  
жалпақ басы, ашаның қасындағы **әуітте** тұр, сабын шал  
ұстап тұр.

Әнеукүні іңірде үйіне... әкелген жемісті көрсек, кемінде  
жүз шақты қауын, ішінде **торлама** да, **күләбі** де, **эмре** де,  
**әңгелек** те бар, **қауынқұрт** пен **қауынқак** қайнаттырғысы  
келді ме, тығыз екі қапқа салып, **түйнекке** шейін әкеліпті.  
Шығармада кездесетін **кеспек**, **суқабақ**, **көзе**, **қарық**,  
**оқпан**, **дайра**, **керіз**, **танап**, **еспе**, **хауыз**, **әуіт**, **торлама**,  
**күләбі**, **эмре**, **әңгелек**, **түйнек**, **қауынқұрт**, **қауынқак**  
сөздері жергілікті ерекшелікке жатады. Осылардың ішіндегі  
бау-бақшаға байланысты сөздердің әдеби баламасы жоқ.

Көркем шығармада жергілікті ерекшеліктерді  
қолданудың белгілі ұстанымдары бар, соның бірі –жергілікті  
ерекшеліктерді кейіпкер тілінде қолдану. Мұндағы мақсат  
кейіпкердің бейнесін жасау, яғни, сөзі арқылы оның кәсібі,  
қай аймаққа тән екендігі байқалып тұрады; сонымен қатар  
көркем шығармада жергілікті ерекшеліктер автордың  
қолданысында ұшырасуы мүмкін. Мұндағы мақсат – әдеби  
тілді баламасыз диалектизмдермен байыту [4. 155].



«Сырдария» романында жергілікті ерекшеліктер кейіпкер тілінде молынан қолданылады. Жазушы баламасы бар, баламасыз диалектизмдерді кейіпкер Сырбай, Дәулет, Айбарша, т.б сөйлету арқылы келтірген.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ш.Сарыбаев. Көркем әдебиет тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Жазушы және сөз мәдениеті. А., «Ғылым», 1983.
2. Атабаева М. Диалектілік семантика. А., «ИнтерПресс», 2009.
3. С.Мұқанов. Сырдария. А., «Жазушы», 1969.
4. Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. А., «Ғылым», 1982.
5. Р.Асылбеков. Көркем мәтіндегі диалектизмдер (1995-2005ж. көркем шығармалар бойынша). Фил. ғыл. канд.дисс. автореф. А., 2009.

---

*Күлгіңіз келсе - күліңіз!*

### **АЛТЫ ЖІГІТТІ АЛДАУЫ**

Алты жігіт Алдаркөсені қатырып алдамақ болып, оны өзгенге ертіп барады. Бірі тұрып:

- Алдеке, қазір бәріміз суға түсіп, түбінен бір-бір жұмыртқа алып шығайық,- деседі. Олар өздері Алдарға көрсетпей бір-бір жұмыртқадан ала келген еді.

- Ал, түссек түсейік,- дейді Алдар.

- Мінекей, біз бір-бір жұмыртқа алып шықтық. Ал сіз ше?- деп алақандарындағы жұмыртқаларын көрсетеді.

- Ку-ка-ре-ку!- деп әтеш болып айқайлайды бұл.

- Алдеке, мұныңыз не?- дейді алты жігіт. Сонда Алдаркөсе:

- Ау, алты мекиенге бір қораз керек емес пе?

*(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987, 160-бет.)*

Айгерім ТАЛДЫБАЕВА,  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
оқытушысы.

## ЖЕТКІНШЕК ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ, ЕРЕКШЕЛІГІ

Жеткіншек жасындағы балаларды тиісті әдебиеттерде «қиын», «өзгерілу», «ауысу» жастары деп атайды. Ал қазақ тілінде жеткіншек деген жас нені білдіреді? Бұл кезде бала балалықтан өте қоймаған, ал ересек жасына да жете қоймаған кезең болып есептеледі. Осы кезде бала бойында біраз өзгерістер пайда болады. Міне, сол өзгерістерді үйде ата-анасы, мектепте мұғалімдер дер кезінде байқай аламыз ба? Ол қандай өзгерістер?

Жеткіншек жастағылардың тәрбиесі жөнінде әңгіме педагогтар арасында және баспасөз беттерінде жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде бала бойында тек қана биологиялық өзгерістер (жыныс, т.б. жетілуі) жүріп қана қоймайды, оның мінез-құлқында ерекшеліктер пайда болады. Демек, бала барлық нәрсені үлкендердің көмегінсіз өз бетімен орындауға тырысады. Мысалы, бастауыш сыныпта оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы жаттап алатын болса, жеткіншек жасында өз сөзімен түсінікті етіп айтуға тырысады. Кейбір жеткіншектердің бойында үлкен адамдармен қарым-қатынас кезінде сыпайылықтан гөрі тіл қайтару сияқты көріністер пайда болады. Кейбіреулері көп нәрсе істеу қолынан келмей тұрса да, «Мені әлі бала деп ойлайсындар, бәрін өзім істеймін» деген наразылық

танытады. Жеткіншектер үлкендердің талабына көне қоймайды. Неге? Оған бірнеше себепті айтуға болады.

1. Баланың бос уақытының көп болуы.
2. Теледидар мен бейнетаспаларды көп көруі.
3. Компьютерлік ойындар ойнауы.
4. Өзімен қатар немесе үлкен балалармен достасып, солардың жағымсыз қылықтарына еліктеуі.

Міне, осы кездерде үйде ата-ана тарапынан, мектепте мұғалімдер тарапынан тәрбие жақсы жүргізілсе, ұнамсыз әдеттерден аулақ болары хақ.

Ал, енді жеткіншектердің өз құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасына келсек, әр түрлі жағдай кездеседі. Сыныпта бір баламен дос болса, өзгелермен жолдастық қатынаста болады. Достық қатынас бірнеше жағдайда болады. Мысалы, жеткіншек бәлендей құрбысымен дос болғанның өзінде, оған өзінің ішкі сырының бәрін айтпай, достарының ішіндегі ең жақын досына айта алады. Бірекі бала достық қатынаста болады. Бұл қатынасты әлеумет психологиясында «шағын топ» деп атайды. Кімдер шағын топтарда екенін былай білуге болады: екі бала әңгімелесіп тұрғанда қасына үшінші бала келе қалса, әңгімелерін тоқтатып, басқа мәселеге көшеді, себебі келген бала оның досы болғанмен, кейбір сырларын оған айтуға болмайды.

Жеткіншек жасында досты қалай таңдайды?

Егер төменгі сыныптарда бала досты сабақ үлгеріміне қарай таңдаса, ал жеткіншек жасында талап қоя таңдайды, яғни, жеткіншектің досының ниеті қандай, шынымен дос болғысы келеді ме, қорқақ па, батыр ма, қиыншылық кезде оны тастап кетеді ме, жоқ па, т.б. сапаларға ерекше мән береді. Осымен қатар жеткіншектердің ішінде кеңес бере алатын, беделдісі болады. Мұндай жеткіншек, мысалы, екі бала ренжісіп қалғанда, кім кінәліні шешуші (орбитр) рөлін атқарады. Бұндай баланы әлеуметтік психологияда

көсем (лидер) деп атайды. Мұндай баланың епті және ұйымдастырушылық қабілетінің болуынан сынып жетекшілері оны көсем (староста) етіп сайлайды. Бірақ жақсы оқығанның бәрі бірдей беделді болмайды. Кейде сынып арнайы сайланбаған көсемді тыңдайды, себебі арнайы сайланған көсемнің көпшілігінің сынып алдында беделі болмайды. Сынып басшылығы беделсіздерден тағайындалса, сыныптың ұжымдық қасиетінің қалыптасуына кедергісін тигізеді. Сондықтан сынып жетекшілері осыны еске алу керек.

Жеткіншектердің оқу, таным үдерісінде де өзгешелік болады. Олардың арасында сабақты жақсы меңгеретіндері де, ойдағыдай меңгере алмайтыны да кездеседі. Оның бірнеше себептері бар.

1. Бастауыш сыныптарда оларды бір мұғалім оқытып келсе және олар үшін мұғалім беделді болса, ал орта сыныптарда жеткіншектерді 5-6 мұғалім оқытады.

2. Бастауыш сыныпта оқу қызық болып келсе, орта сыныпта оқу тапсырмалары қиындайды, күрделенеді. Сондықтан игеру қиынға соғады.

3. Бастауыш сыныптарда мұғалімнің сөзі мен ісіне сын көзбен қарамайтын болса, жеткіншек жасында мұғалімнің қалай түсіндіргеніне мән береді.

4. Жеткіншектің, жоғарыда атап айтқандай, құрбыларымен достығы үстем болып, соның нәтижесінде оқу оның өмірінде негізгі рөл атқара алмауы мүмкін.

Міне, жеткіншек жастағылардың оқу, таным үдерісі кезіндегі осы сияқты көптеген өзгеру факторларын айтуға болады. Мектепте оқу процесі мен тәрбие жұмысы тиісті дәрежеде жүргізілмесе, осы факторлардың бәрі қосылып, жеткіншектің оқу үлгерімі төмендеп кетуі мүмкін.

Жеткіншек жасынан жақсы өтіп кету үшін үйде де, мектепте де қадағалау жақсы болу керек, сондай-ақ әрбір

ата-ана өз баласының қабілетіне қарай түрлі үйірмелерге қатыстырса, баланың бос уақытын азайтса, ата-ана мен сынып жетекшісі бірлесіп жұмыс істесе, жақсы нәтижелерге жетуге болады. Бұл кезеңде жеткіншектің мінез-құлқына мән беріп, түсіністікпен қарап, дұрыс бағыт-бағдар беру керек.

---

**Жаңылқан КӨКЕНОВА,**  
**Стамшал Аманбайұлы атындағы**  
**орта мектептің мұғалімі.**

Алматы облысы,  
Панфилов ауданы,  
Ынталы ауылы.

## **ЕСІМШЕНІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ**

**Сабақтың мақсаты:** а) есімшенің тәуелдену жолдарын түсіндіру; ә) оқушылардың ойларын дамыта түсу, салыстыра отырып ерекшеліктерін анықтауға төселдіру, өз беттерінше жұмыс істеу шеберліктерін арттыру; б) тазалыққа, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** плакат - «Есімше», перфокарталар, «Жедел жауап» ойыны, сөйлемдер. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру.

**Типі:** жаңа сабақты түсіндіру. **Түрі:** қалыпты. **Пәнаралық байланыс:** дүниетану, музыка, әдебиет

**Сабақтың жүрісі. 1. Ұйымдастыру.** Оқушыларды түгелдеп, сабаққа құралдарын, кітап-дәптерлерін даярлату.

**2. Үй тапсырмасын тексеру.** Сөйлем талдату.

**3. Өткен сабақты еске түсіру.**

а) Бірнеше сұрақтарға (Есімшенің етістік белгісі қандай? (жіктеліп келіп етіс жасайды). Есімшеге тән белгісі қандай? (есімдер сияқты көптеледі, септеледі, тәуелденеді) жауап аламын.

ә) Екі сөйлем талдатамын. Естіген құлақта жазық жоқ.  
Азық ойнаған азар, доп ойнаған тозар.

б) перфокартамен жұмыс.

**4. Жаңа сабақты түсіндіру.** «Есімше» плакаты ілінеді.  
Есімше есім сөздердің орнына қолданғанда тәуелденеді.

**Оңаша тәуелдеу**

**Ортақ тәуелдеу**

I. Менің барғаным

Біздің барғанымыз

II. Сенің барғаның

Сендердің барғандарың

Сіздің барғаныңыз

Сіздердің барғандарыңыз

III. Оның барғаны

Олардың барғандары

**5. Түсінгендерін тексеру (жаттығулар орындау)**

а) Есімшелі сөзді тәуелдеу

ә) «**Жедел жауап**». Есімшені етістікке айналдыру

Орылған егін – Егін орылды

Ұшқан құс – құс ұшты

Көрер көз – Көз көрді

Басар тау – Тау басылды

Істейтін жұмыс – Жұмыс істеді

Піскен ас – Ас пісті

Тыңдалған әңгіме – әңгіме тыңдалды

Шырқалған ән – Ән шырқалды

б) **Ілияс Жансүгіровтің «Әнші»** өлеңінде қанша есімше бар?

в) **Абайдың «Тоты құс түсті көбелек»** өлеңінде қанша есімше бар?

г) Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс (Сөйлемдерден есімшелерді табу).

**6.Сабақты қорыту.**

а) Таблицаны толтыру

Нені еске түсірдік?	Нені үйрендік?
---------------------	----------------

ә) Жылдам ойла! (Есімшемен жауап бер)

1. Таба ма екен –

2. Келе алады –

3. Бермес пе екен –

4. Айта алмайды –

**7. Білімдерін бағалау**

**8. Үйге тапсырма:** мақал-мәтелдерден есімшелерді табу; бес мақал-мәтел жазу.

## ТЕСТ

(5-сынып)

### 1. «Қой сүйеді баласын» ... деп.

- А) «шұнағым»;                      В) «боташым»;                      С) «қоңырым»;  
Д) «жұрыным»;                      Е) «торпағым»

### 2. Сиырдың пірі...

- А) Шекшеката;                      В) Қамбарата;                      С) Ойсылқара;  
Д) Зеңгібаба;                      Е) Шопаната

### 3. Мақал-мәтелдер дегеніміз не?

- А) тұсаукесердің түрі;                      В) тойбастардың түрі;  
С) ауыз әдебиетінің түрі;                      Д) наурыз өлеңдерінің түрі;  
Е) тұрмыс-салт жырының түрі

### 4. Достық туралы мақал-мәтелдерді тап.

- А) Ырыс алды – ынтымақ;                      В) Көз - қорқақ, қол - батыр;  
С) Өнер алды – қызыл тіл;                      Д) Жігітті – жолдасынан таны;  
Е) Оқусыз білім жоқ

### 5. Жұмбақ дегеніміз не?

- А) бір нәрсенің белгілерін екінші нәрсенің белгілері арқылы жұмбақтап айту;  
В) екі адамның жұмбақтап өлең айтуы;  
С) қимыл-қозғалыспен би билеу;  
Д) әңгіменің мазмұнын айту;  
Е) адамның қимыл әрекеті туралы айту

### 6. Ертегіні тап.

- А) «Тойбастар»;                      В) «Жұмбақ»;                      С) «Тұсаукесер»;  
Д) «Ер Төстік»;                      Е) «Жиренше шешен»

7. Ерназардың неше ұлы бар?

- A) 10; B) 8; C) 7; D) 3; E) 9.

8. «Ер Төстік» ертегісіндегі Кенжекейдің таңдаған жасауы.

- A) Шалқұйрық, ақ сырмалы сауыт, құба інген;  
B) алтын кесе, ақ киіз, Бурыл ат;  
C) алтын ине мен жіп, сандық, алтын сақина;  
D) қызыл гүл, алтын жаулық;  
E) ертегі кітап, тас моншақ.

9. «Аяз би» ертегісіндегі Мадан ханның неше уәзірі бар?

- A) 39; B) 40; C) 36; D) 32; E) 30.

10. Мадан ханның әкесі кім?

- A) Зәрліхан; B) Наубайшы; C) Жылқышы;  
D) Бас уәзір; E) Барымташы.

11. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Қазанғаптың баласының аты.

- A) Ер Төстік; B) Кендебай; C) Жаман;  
D) Ерназар; E) Мадан.

12. Кендебай аң аулап жүріп кімді кездестірді?

- A) Тасқарабайдың баласын;  
B) Мергенбай батырдың баласын;  
C) Ерназардың баласын;  
D) Жиреншенің немересін;  
E) Бапыханның қызын.

13. Кендебай нені іздеді?

- A) алтын құйрықты құлынды;  
B) алтын қасықты;  
C) алтын құйрықты құсты;  
D) алтын құйрықты қасқырды;  
E) алтын табақты.

14. Кейіпкер дегеніміз не?

- A) шығармадағы адамдардың түр-түсі;



- В) шығармадағы табиғат бейнесі;  
С) шығармадағы адамдардың көркем бейнесі;  
Д) шығармадағы адамдардың мінезі;  
Е) шығармадағы адамдардың қимылы.

**15. «Сырттандар» ертегісінде бала түсінде неден қорқады?**

- А) кара қасқырдан;      В) сұр жыланнан;  
С) кара сұр жігіттен;      Д) кара ауыз иттен;  
Е) екі басты дәуден.

**16. Тазша баланың етігі неге өкпеледі?**

- А) ет жемеген соң;      В) май жетпеген соң;  
С) шай ішпеген соң;      Д) қымыз бермеген соң;  
Е) қазы-қарта жемеген соң.

**17. Тазша баланың айтуында шалды өлтірген не?**

- А) маса теуіп өлтірді;      В) қоңыз басып кетті;  
С) сауысқан шоқыды;      Д) Сауысқан шоқыды;  
Е) бұзау теуіп өлтірді.

**18. Тазша бала шешесінің құрсағында әкесінің жылқысын неше жыл бақты?**

- А) 10;      В) 15;      С) 9;      Д) 5;      Е) 11.

**19. Асан қайғы «Әр бұтағы жеміс» деп қай жерді атады?**

- А) Маңғыстау жерін;      В) Жетісу жерін;      С) Баянауыл тауын;  
Д) Қарсақбай аймағын;      Д) Жуалы жерін.

**20. Жошы ханға баласының өлімін естірткен кім?**

- А) қобызшы;      В) дауылпазшы;      С) домбырашы;  
Д) сырнайшы;      Е) сыбызғышы.



## ОМОНИМ, СИНОНИМ, АНТОНИМ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – өтілген тақырыптар бойынша меңгерген білімдерін тексеру, қандай деңгейде екенін байқау, білімдерін бекіту; **дамытушылық** – топта жұмыс істей білу, ойлау, пайымдау қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігіне, ой ұшқырлығына баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілік асыл қасиеттерге жетелей отырып, ұлттық салт-дәстүрін бойына сіңіру. **Типі:** бекіту сабақ. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топпен жұмыс, тілдік талдау, ойын түрлері. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, түрлі түсті суреттер, ұнтаспа, кеспе қағаздар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, жұмбақтар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, бейнелеу, математика.

### **Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушыларды түгелдеу, назарын сабаққа аудару.

– Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар! “Сәлем - сөздің анасы” деген әйгілі Бұқар жырау. Бүкіл әдет-ғұрып, әдеп пен ізет сәлемдесуден басталады. Ертеде Лексика атты елде Омоним, Синоним, Антоним атты ағайынды үш жігіт өмір сүріпті. Бір күні әкесі үшеуін шақырып алып, “Өздеріңнің аттарың туралы не білесіндер?” деп сұрапты. Үшеуі әбден ойланып ешнәрсе айта алмапты. Әкесі “Халықтан, елден сұрасандар біледі” депті. Содан үшеуі ел аралап кетіп, Жандос ауылына, біздің сыныпқа келіпті. Ендеше бар білгенімізді айтып, үйретіп жіберейік.

**Оқушыларды үш топқа бөліп, аттарын белгілеу, топ капитандарын сайлау.**

1-топ - “Омоним”; 2-топ - “Синоним”; 3-топ - “Антоним”. Тақтада үш топтың бағасы белгіленетін геометриялық қиындылар. (“5” – қызыл дөңгелек, “4” – көк төртбұрыш, “3” – жасыл үшбұрыш)

**Топ өздерін таныстырып, төсбелгілерін қорғайды.**

(Ереже айту, мысал келтіру).

**Бекіту. “Кім жылдам?” ойыны.** Үш топтан үш бала шығып, бірін-бірі қайталамай, белгілі уақытта омоним, синоним, антонимдерге мысалдар жазады. Тез, уақыттан ауытқымай, мүмкіндігінше, сирек кездесетін сөздер жазу.

**“Көңілдегі көрікті ой”...** Әр топтан бір оқушыға таза парак беріледі, ол қағазға ұлы адамдардың ұлағатты сөздерінен мысалдар жазады, мағынасын ашады. Мысалдың ішінде міндетті түрде омоним, синоним, антоним болуға тиісті.

**Абай атамыздың “Ғылым таппай, мақтанба” өлеңі оқылып, ондағы синоним сөздерді табу жұмысы орындалады.**

**Сурет бойынша сөйлем құрау.** Сөйлемдерде синоним, антоним, омоним сөздері болуы тиіс.

**“Кім тапқыр?” ойыны.** Мақалдың жалғасын тап.

1. Әдепті бала-... бала, Әдепсіз бала -... бала.

2. Ақылдан жақын ... жоқ, Ашудан жаман ... жоқ.

3. Үлкенге -... Кішіге -...

4. Дос ... айтады, Дұшпан ... айтады.

5. “Ащы мен тұщыны ...білер, Жақын мен алысты ... білер”.

**“Кім алғыр?” ойыны.** Математикалық қалташалардағы сандарды таңдап алып, артындағы сұрақтарға жауап беру.

**«Вагон тіркеу» ойыны.** Лексика еліне жүретін пойызға синоним, омоним, антоним қатарларынан вагон тіркеп жіберу.

## “Кім алғыр “ ойынының жалғасы.

Жұмбақтың шешуін тап.

1. Тау басы тұнық,

Қаптаған шыбық.

Қойсаң да қыркып,

Өсе береді.

Қайтадан шығып.

2 Түспін көзі жеткенге, Өсемін қар кеткенде.

3. Бірі – ағаш кесу құралы,

Бірі – шырынды бал бұлағы.

4. Жер атымын, мені іздеп қайтасың,

Қыз есімі деп те мені айтасың.

Ол екеуі аздық етсе, мені ұстап

Той-думанда музыка да тартасың.

**Қазылар алқасы оқушыларға берілген тапсырмалар бойынша білімдерін бағалайды.**

**Үйге тапсырма:** көркем әдебиет бойынша жұмыс.

---

**Айкөркем ЖҰМАҒАЛИ,**  
**Сәттіғұл Жанғабылов атындағы**  
**орта мектептің мұғалімі.**

Маңғыстау облысы,

Маңғыстау ауданы.

## АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** а) Абайдың табиғатқа байланысты өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын, көркемдік ерекшеліктерін меңгерту, өлеңді түсініп оқи білуге дағдыландыру; ә) оқушыларды табиғаттағы тіршілік иелерін әсемдік, әдемілік сипаттарын тануға, оларды қорғауға

тәрбиелеу; б) оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, өз ойын айтуға, көркемдеп еркін сөйлеуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** ақынның өлеңдер жинағы, табиғатқа байланысты суреттер. **Түрі:** дамыта оқыту. **Әдіс-тәсілдері:** мәнерлеп оқу, түсіндіру, талдау-жинақтау, топтық-ұжымдық жұмыс, пікір айту, дәлелдеу.

### **Сабақтың барысы. Ұйымдыстыру.**

**Үй тапсырмасы.** Үш топқа бөлініп берілген «Өлең – сөздің патшасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтуын, талдауын тексеру.

**Жаңа сабақ.** Табиғат – адам еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Оны әлем ақындарының бәрі де жырлаған. Абайдың табиғат лирикасына арналған қандай өлеңдерін білесіңдер? («Жаз», «Күз», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай».

– «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңін мәнерлеп оқып, әр шумағын талдаймыз. Өлеңнің шығу тарихына тоқталамыз.

Сыныпты үш топқа бөлеміз (Күз. Жаз. Қыс). Топтан бағалаушы сайлаймыз.

**I. «Жаз»** тобына - өлеңді мәнерлеп оқытып, теориялық талдау жасату.

**II. «Қыс»** тобына - оза оқыту әдісі бойынша өлеңге сюжеттік жоспар құрғызу.

**III. «Күз»** тобына - «Күз» бен «Жаз» өлеңдеріндегі мезгіл белгілерін салыстыру.

Өлеңді талдағаннан кейін жалпылама сұрақ қойылады.

1. – Сол кездегі Абайдың табиғаттағы көрінісі мен қазіргі көрінісі қандай екен? (Тозған дала. Ауа ластанған. Мал азайған.)

2. – Не себепті? (Атом сынағынан. Экологияның бұзылуынан. Салт-дәстүрді сақтамауынан.)

**«Күз» тобына - Жаз мезгілі.**

1. Көкорай шалғын 2. Әзілдесіп сыңқылдаған қыз-келіншектер 3. Сайраған құстар 4. Жадыраған жаз.

**«Жаз» тобына - Күз мезгілі.**

1. Қайыршы шал-кемпірдей 2. Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай 3. Қайтқан құстар.

**«Қыс» тобына** - өлеңнен көркемдегіш сөздерді тауып, сөздік жұмысын жүргізу.

Ұшпадай – шөкім-шөкім бұлттар. Домбығу – үсік шалу. Антұрған – қарғыс атқыр. Қондыбай, Қанай – ауыл аттары.

**Сергіту сәті.** Әр топтан бір оқушы шығып, өздеріне ұнаған шумақты оқиды. Сол шумақты ашатындай қимыл көрсетеді.

**Сабақты** Мұхтар Әуезовтің «Менің романымды терең ұғамын десеңдер, Абайды, Абай поэзиясын оқыңдар!» деген қанатты сөзімен **қорытындылаймыз.** Әр топқа бөлінген бағалаушылар өздерінің қорытынды бағаларын айтады.

**Үйге тапсырма.** I деңгей: Табиғаттың төрт мезгіліне сурет салу. II деңгей: «Жазғытұры» өлеңін мәнерлеп жатқа айту, талдау. III деңгей: «Табиғат - сенің өз үйің» (ойтолғау).

---

*Балауса жыр бағында*

## **СӘТ САПАР!**

Бейбітов Есқара - №86 «Шалқия» орта мектебінің жоғары сынып оқушысы. Сабақты үздік оқиды. Ән айтады. Сөз өрнектеріне үніліп, өлең жазатын балауса қабілеті бар. «Баламның өнерге деген ықыласы бар, өзіңіз секілді халықтың қалаулы ұлы болсын, ақ тілегіңізді беріп кетіңіз» деген әжесінің ыстық ықыласына, Есқараның айтқан әніне

риза болған ақын М.Шаханов жас балдырғанға ақ жол  
тілеп, ақ батасын берген еді. Біз де жасөспірімнің тәй-тәй  
басқан қадамына қуана отырып, тырнақалды өлеңдерін  
«Жүрегімнің лүпілі» деген ортақ тақырыппен оқырманға  
ұсынуды жөн көрдік.

*Ұстаздық ізгі тілекпен: Байдүйсенова Гүлнара  
Сейітханқызы.*

## **ЖҮРЕГІМНІҢ ЛҮПІЛІ**

### **Әжеме**

Әжетайым!

Өсіріп мені баптадың,

«Құлыным - әнші,

Ақын» деп мені мақтадың!

Көрсеткен шексіз жақсылығыңды

Ақтауым керек, ақтауым!

Жатамын өзім әжемнің әркез қасына,

Бәле келмесін әжемнің алтын басына.

Қазына болған, әжетайым, қартаймашы,

Жауап берем әжемнің бір тал шашына!

### **Шиелі**

Кіндік қаным тамған жерім - Шиелі,

Білем анық: туған жерім киелі!

Сулы, нулы топырақтан түледім,

Азаматың саған басын иеді!

Туып өскен Шиелімді сағынам,

Топырағына басымды иіп бағынам.

Ескілердің есті сөзін ескеріп,

Туған жерге бұлақ болып ағылам!



**Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген –**  
**Кәмшат ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер  
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 24.02.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта:** [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері** – «Алматы – Болашақ» акционерлік  
қоғамы

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**